

## Ең үздік қолжетімді техникалар бойынша "Атмосфералық ауаға және су обьектілеріне ластағыш заттар эмиссияларының мониторингі" анықтамалығын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 16 маусымдағы № 447 қаулысы

Қазақстан Республикасының Экология кодексі 113-бабының 6-тармағына сәйкес  
Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған ең үздік қолжетімді техникалар бойынша "Атмосфералық ауаға және су обьектілеріне ластағыш заттар эмиссияларының мониторингі" анықтамалығы бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министри

O. Бектенов

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2025 жылғы 16 маусымдағы  
№ 447 қаулысымен  
бекітілген

## Ең үздік қолжетімді техникалар бойынша "Атмосфералық ауаға және су обьектілеріне ластағыш заттар эмиссияларының мониторингі" анықтамалығы

### Мазмұны

- Мазмұны
- Суреттер тізімі
- Кестелер тізімі
- Глоссарий
- Алғысөз
- Қолданылу саласы
- Қолданылу қафидаттары
- 1. Жалпы ақпарат
  - 1.1. Мониторингтің анықтамасы және міндеттері
  - 1.2. Мониторинг түрлері
  - 1.3. Тиісті мониторинг режимін таңдаудың жалпы тәсілдері
    - 1.3.1. Тәуекелді анықтауга негізделген тәсіл
    - 1.3.2. Шығарындыларды бақылау кезіндегі өлшеу әдістері
  - 1.4. Деректердің сапасын қамтамасыз ету
  - 1.5. Қалыпты жұмыс режимі кезінде және қалыпты жұмыс жүктемесінен өзгеше өлшеу шарттарын есепке алу

- 1.6. Өнеркәсіптік шығарындыларды бақылудың құқықтық негізі
2. Ең үздік қолжетімді техникаларды анықтау әдіснамасы
  - 2.1. Детерминация, іріктеу қағидаттары
  - 2.2. Техникаларды ЕҚТ-га жатқызу өлшемшарттары
  - 2.3. Эмиссиялар мониторингі бойынша ЕҚТ ендірудің экономикалық аспектілері
    - 2.3.1. ЕҚТ экономикалық бағалау тәсілдері
    - 2.3.2. ЕҚТ-ны экономикалық бағалау тәсілдері
    - 2.3.3. Шығындардың инвестициялық негізділігі
  3. Қолданылатын процестер: қазіргі уақытта қолданылатын технологиялық, техникалық шешімдер
    - 3.1. Мұнай және газ өндіру кәсіпорындарындағы өндірістік экологиялық бақылау
    - 3.2. Мұнай және газ өндеу кәсіпорындарындағы өндірістік экологиялық бақылау
    - 3.3. Тау кен metallurgия кешені кәсіпорындарындағы өндірістік экологиялық бақылаудың ерекшеліктері
      - 3.3.1. Өндіруді ескере отырып, қара metallurgия объектілеріндегі өндірістік экологиялық бақылау
      - 3.3.2. Өндіруді ескере отырып, тұсті metallurgия объектілеріндегі өндірістік экологиялық бақылау
    - 3.4. Энергетика объектілеріндегі өндірістік экологиялық бақылау
    - 3.5. Цемент және әк өндірісіндегі өндірістік экологиялық бақылау
    - 3.6. Химия өнеркәсібі өнімдерін өндірудегі өндірістік экологиялық бақылау
    - 3.8. Негізгі тұжырымдар
  4. Эмиссиялар мен ресурстарды тұтынудың алдын алуға және/немесе азайтуға арналған жалпы ең үздік қолжетімді техникалар
    - 4.1. Атмосфераға ластағыш заттар шығарындыларының мониторингі
      - 4.1.1. Шығарындыларды мерзімді өлшеу
      - 4.1.2. Пайдаланылған газ сынамаларын талдау
      - 4.1.3. Жанама әдістер
      - 4.1.4. Ұйымдастырылмаған шығарындыларды мерзімді өлшеу
      - 4.1.5. Басқа да әдістер
    - 4.2. Су объектілеріне ластағыш заттар төгінділерінің мониторингі
      - 4.2.1. Шығарындылардағы ластағыш заттарды мерзімді өлшеу
      - 4.2.2. Су сынамаларын талдау
      - 4.2.3. Жанама әдістер
    - 4.3. Биомониторинг
    - 4.4. Иістер мониторингі
      - 4.4.1. Динамикалық ольфактометрия әдісі
      - 4.4.2. Топ әдісі

#### 4.4.3. Шлейф әдісі

4.5. Технологиялық процестерді басқарудың автоматтандырылған жүйесі

4.6. Энергия ресурстарын бақылау мен есепке алудың автоматтандырылған жүйесі

5. Ең үздік қолжетімді әдістерді таңдау кезінде қарастырылатын техникалар

5.1. Стационарлық үйымдасқан шығарындылар көздеріндегі эмиссиялар мониторингінің автоматтандырылған жүйесі

5.1.1. Мониторингтің автоматтандырылған жүйелерінің типтері

5.1.2. Шығарындылардың газ-аяу қоспасындағы компоненттердің құрамын мониторингтеу және айқындау техникалары

5.1.3. Қатты қалқыма бөлшектердің құрамын мониторингтеуге және айқындауға арналған техникалар

5.1.4. Шығатын газдардың параметрлерін мониторингтеуге және айқындауға арналған техникалар

5.2 Атмосфералық ауаға шығарындылардың сапасын автоматты түрде мониторингтеу және бақылау

5.2.1. Әсер ету аймағының шекарасындағы атмосфералық ауаға шығарындылардың сапасын автоматты түрде мониторингілеу және бақылау

5.2.2. Атмосфералық ауа сапасының шығарындыларын үздіксіз мониторингтеуге арналған техникалық шешімдер

5.3. Алау қондырғыларындағы шығарындыларды мониторингтеу

5.3.1. Алау газдарының шығынын бақылауға арналған оптикалық шығын өлшегіштер 5.3.2. Алау және ілеспе газдың ультрадыбыстық шығын өлшегіштері

5.3.3. Алау газының шығынын бақылауға арналған өзге де шығын өлшегіштер

5.3.4. Алау астында бақылау

5.4. Ластағыш заттардың төгінділерін бақылаудың автоматтандырылған жүйесі

5.4.1. Судың физикалық параметрлерін анықтауға арналған автоматтандырылған өлшеу құрылғылары

5.4.2. Суды есепке алудың автоматтандырылған жүйелері – судың сапалық көрсеткіштерін анықтау

5.5. Қашықтан өлшеу әдістері

5.5.1. Оптикалық қашықтан зондтау

5.5.2. Қашықтан өлшеудің басқа әдістері

6. Ең үздік қолжетімді техникалар бойынша тұжырымдарды қамтитын қорытынды

6.1. Жалпы ЕКТ

6.2. Атмосфералық ауаға шығарындыларды үздіксіз мониторингтеу

6.3. Су обьектілеріне төгінділерді үздіксіз мониторингтеу

6.4. Ремедиация талаптары

## 7. Перспективалы техникалар

7.1. Жасанды интеллектті қолданатын кешенді мониторинг жүйесі (шығарындыларды үздіксіз мониторингтеу жүйесін технологиялық процесті басқару жүйесімен, тіпті суды мониторингтеу жүйесімен біріктірілген шығарындыларды болжамды мониторингтеу жүйесімен (PEMS) қытыру

7.2. Газ бұлтын гиперспектральды бейнелеу технологиясы (Gas Cloud Imaging)

8. Қосымша түсініктемелер мен ұсынымдар

Библиография

## Суреттер тізімі

1.1-сурет.	<b>РШН асып кету тәуекеліне байланысты мониторинг режимі</b>
1.2-сурет.	Уақыт өте келе шығарындылар деңгейінің өзгеру мүмкіндігіне мысалдар
2.1-сурет.	Техниканы ендіру мен пайдаланудың экономикалық тиімділігін бағалау кезеңдері
3.1-сурет.	Павлодар қаласының орталығындағы LED экранда ПАЗ СҚА шекарасында атмосфералық ауаның сапасы туралы деректерді көрсету
3.2-сурет.	Салалық шығарындылардың өзгеру динамикасы, мың тонна
3.3-сурет.	Энергиямен жабдықтау аймақтары бойынша шығарындылардың құрылымы
3.4-сурет.	Куаты және отын түрі бойынша отын жағатын қондырғылар құрылымы
3.5-сурет.	Азот (II) оксидінің және азот (IV) диоксидінің концентрациясы, мг/Нм <sup>3</sup>
3.6-сурет.	Құрамында кремний қостотығы бар бейорганикалық тозаңның концентрациясы %-да: 20-дан кем және 70 -20; мг/Нм <sup>3</sup>
3.7-сурет.	Күкірт диоксидінің концентрациясы, мг/Нм <sup>3</sup>
3.8-сурет.	Маркерлік ластағыш заттардың орташа концентрациясы, мг/м <sup>3</sup>
3.9-сурет.	Объектілер операторларының МАЖ ендіру мәртебесі
4.1-сурет.	Қарапайым талдағыш
4.2-сурет.	Индуктивті байланысқан плазмалық оптикалық-эмиссиялық спектрометрдің үлгісі
4.3-сурет.	Спектрофотометрі бар тестілеу жиынтығының үлгісі
4.4-сурет.	Есептегіштерге автоматты саулама жүргізуі жергілікті деректерді жинау және өндеу орталығын ұйымдастыру арқылы ЭБЕАЖ үлгілік схемасы

5.1-сурет.	Атмосферага шығарындыларды автоматты мониторингтеу жүйесінің негізгі схемасы
5.2-сурет.	Атмосферага шығарындыларды автоматты мониторингтеу жүйесінің негізгі схемасы
5.3-сурет.	Шығарындыларды автоматты бақылау жүйесінің функционалдық схемасы
5.4-сурет.	Экстрактивті сынама алу құрылғысының үлгісі
5.5-сурет.	Газ талдағыш өлшеу арналарының жіктелуі
5.6-сурет.	МАЖ экстрактивті типі
5.7-сурет.	Блок-контейнерді орындау үлгісі
5.8-сурет.	Сынаманы сұйылту арқылы экстрактивті газ талдағыш МАЖ ΘА схемасы
5.9-сурет.	Сынамадан ылғалды алып тастайтын ("сұық/құрғак" типіндегі) экстрактивті газ талдағыш МАЖ ΘА схемасы
5.10-сурет.	Сынаманы сұйылтпай экстрактивті газ талдағыш МАЖ ΘА 2 схемасы – "ыстық/ылғалды" талдау
5.11-сурет.	Нұктелік өлшеумен экстрактивті емес типтері МАЖ
5.12-сурет.	Бір сәулелі экстрактивті емес газ талдағыш МАЖ ΘА орындау нұсқасы
5.13-сурет.	Көлденең кимада өлшенетін экстрактивті емес МАЖ (екі сәулелі нұсқа)
5.14-сурет.	МАЖ-да концентрацияларды өлшеуге арналған электромагниттік спектрлер
5.15-сурет.	Қалқыма бөлшектерді өлшеудің оптикалық әдісі
5.16-сурет.	Шығатын газдарды үздіксіз мониторингтеу үшін ультрадыбыстық қолдану
5.17-сурет.	"Пито тутігі" схемасы
5.18-сурет.	Ағын жылдамдығы мен шығынын корреляциялық әдіспен өлшеу
5.19-сурет.	Стационарлық бекеттің технологиялық схемасы
5.20-сурет.	Дисперсиялық емес ультракүлгін талдағыштың технологиялық схемасы
5.21-сурет.	Талдағыш жұмысының технологиялық схемасы
5.22-сурет.	Газ хроматографының технологиялық схемасы
5.23-сурет.	Шашырамайтын инфрақызыл талдағыштың технологиялық схемасы
5.24-сурет.	Электрохимиялық талдағыштың технологиялық схемасы
5.25-сурет.	Оптикалық шығын өлшегіштің технологиялық схемасы
5.26-сурет.	Уақыт-импульстік әдіс ультрадыбыстық шығын өлшегішінің технологиялық схемасы

5.27-сурет.	Фазалық әдістің ультрадыбыстық шығын өлшегішінің технологиялық схемасы
5.28-сурет.	Термалды-массалық шығын өлшегіштің технологиялық схемасы
5.29-сурет.	Ультрадыбыстық суды есептеу құралының іс-қимыл қағидаты
5.30-сурет.	Суды есепке алу электромагниттік құралының іс-қимыл қағидаты
5.31-сурет.	Механикалық есептегіштер мен импульстік шығуды қолдана отырып, суды есептеу құралының іс-қимыл қағидаты
5.32-сурет.	Судың сутегі көрсеткішін (pH) өлшеу датчиктерінің іс-қимыл қағидаты
5.33-сурет.	Ағындық талдау процесінде іске қосылған кездегі магнит өрісі
5.34-сурет.	Оптикалық турбидиметрлердің (фотометр) іс-қимыл қағидаты
5.35-сурет.	Әмбебап көп параметрлі датчиктің мысалы
7.1-сурет.	МАЖ және PEMS комбинациясының ықтимал схемасы
7.2-сурет.	PEMS әлемдік нарығы
7.3-сурет.	CGI камераларының жұмыс қағидаты

## Кестелер тізімі

1.1-кесте.	Тәуекел факторлары және дентейлері
1.2-кесте.	МАЖ көмегімен кезеңді және үздіксіз мониторинг кезінде тікелей өлшеудің негізгі сипаттамалары
2.1-кесте.	Қоршаған ортаны коргауға инвестициялардың жүзеге асырылуының болжамды анықтамалық мәндері
2.2-кесте.	Әлемдік мониторинг нарығын талдау
2.3-кесте.	МАЖ жүйелерінің құны
2.4-кесте.	МАЖ енгізу және пайдалану шығындары
3.1-кесте.	2022 жылы жекелеген салалардың шығарындылары, kt
3.2-кесте.	Аудиттелең кәсіпорындар бойынша маркерлік заттардың шығарындылары
3.3-кесте.	Сараптамалық бағалауға енгізілген бірқатар кәсіпорындардан маркерлік заттардың төгінділерінің массасы, т/жыл
3.4-кесте.	Шығарындыларды көздердің түрлері бойынша бөлу
3.5-кесте.	Қазақстан Республикасының алюминий өнеркәсібі кәсіпорындарындағы аспаптық өлшеулер көлемі туралы мәліметтер

3.6-кесте.	Отын жағатын кондырғылардың коршаған органын әртүрлі компоненттеріне әсері
3.7-кесте.	Маркерлік ластағыш заттардың концентрациясы
3.8-кесте.	Атмосферага ластағыш заттардың жалпы шығарындылары
3.9-кесте.	Ластағыш заттардың жалпы төгінділері
5.1-кесте.	Үздіксіз және мерзімді өлшеулердің негізгі сипаттамаларының салыстырмалы кестесі
5.2-кесте.	Экстрактивті және экстрактивті емес типтегі МАЖ арасындағы негізгі айырмашылықтар
5.3-кесте.	Ең көп таралған ауаны ластағыш заттарға арналған сертификатталған МАЖ әдістері
5.4-кесте.	Негізгі ластағыш заттар және олардың көздері
6.1-кесте.	Кондырғылардың түрлері бойынша оттегі құрамының базалық шарттары

## Глоссарий

Осы глоссарий осы ең үздік қолжетімді техникалар бойынша "Атмосфералық ауаға және су объектілеріне ластағыш заттар әмиссияларының мониторингі" анықтамалығында қамтылған ақпаратты түсінуді жеңілдетуге арналған.

Глоссарийде мына бөлімдер бар:

терминдер мен олардың анықтамалары;  
аббревиатуралар мен олардың толық жазылуы;  
химиялық формулалар;  
өлшем бірліктері.

## Терминдер мен олардың анықтамалары

Осы ЕҚТ бойынша анықтамалықта Қазақстан Республикасының экология заңнамасына және экономика салаларындағы ЕҚТ бойынша анықтамалықтарға сәйкес мынадай терминдер мен олардың анықтамалары пайдаланылады:

коршаған ортаға әмиссиялар мониторингінің автоматтандырылған жүйесі	-	әмиссиялардың негізгі стационарлық көздеріндегі коршаған ортаға әмиссиялар көрсеткіштерін қадағалайтын, коршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекітген, Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 22 маусымдағы № 208 бүйрүгімен [33] бекітілген өндірістік экологиялық бақылау жүргізу кезінде коршаған ортаға әмиссиялар мониторингінің
---	---	--

		автоматтандырылған жүйесін жүргізу қағидаларына сәйкес нақты уақыт режимінде қоршаган ортаға эмиссиялар мониторингінің ақпараттық жүйесіне деректер беруді қамтамасыз ететін өндірістік экологиялық мониторингтің автоматтандырылған жүйесі;
бенчмаркинг	–	салалық салыстырмалы талдау;
ластағыш заттар шыгарындысы	–	шыгарынды көздерінен атмосфералық ауаға ластағыш заттардың түсүі;
мониторинг	–	шыгарындылардың, төгінділердің, тұтынудың, баламалы параметрлердің немесе техникалық шаралардың және т. б. белгілі бір химиялық немесе физикалық сипаттамаларының өзгеруін жүйелі түрде бақылау;
үзіліссіз өлшеу	–	жөндеу жұмыстарын жүргізу, ақауларды жою, іске қосу-баптау, тексеру, калибрлеу жұмыстарын жүргізу, ақауларды жою үшін рұқсат етілген үзілістерді тәулік бойынша өлшеу;
эмиссия мониторингінің автоматтандырылған жүйесін штаттан тыс ажырату	–	акаулық, іркіліс, істен шығу және жұмыстағы ауытқу немесе мониторингтің автоматтандырылған жүйесі бүтіндігінің немесе оның элементтерінің, не техника орнатылған технологиялық жабдықтың бұзылу себебі бойынша тоқтау жағдайлары;
эмиссиялар нормативтері	–	экологиялық рұқсатта белгіленетін эмиссиялардың шекті сандық және сапалық көрсеткіштерінің жынытығы, оларға мыналар жатады: 1) жол берілетін шыгарындылар нормативтері; 2) жол берілетін төгінділер нормативтері.
эмиссия мониторингінің автоматтандырылған жүйесін жоспарлы ажырату	–	жабдықтың техникалық күжаттамасына және МАЖ орнатылған шыгарындылар көзіне техникалық қызмет көрсету немесе жөндеу жұмыстары жоспарына сәйкес техникалық қызмет көрсетуге өлшеу куралдарын тоқтату жағдайлары,

		қасіпорындардың технологиялық процесін тоқтату;
тікелей өлшеу	–	көзден шығарылатын қосылыстардың нақты санын анықтау;
шығарынды көзі	–	пайдалану барысында атмосфералық ауаға ластағыш заттар шығарылатын құрылым, техникалық құрылғы, жабдық, қондырғы, алан, көлік немесе басқа жылжымалы құрал;
төгінді көзі	–	су шығарындыларынан ластағыш заттар бөлеңтін құрылым, техникалық құрылғы, жабдық;
МАЖ өлшеу каналы	–	өлшенетін шаманы қабылдаудан бастап оны өлшеу нәтижесін алуға дейінгі толық функцияны орындағытын АСМ-нің құрылымдық немесе функционалды түрде бөлінетін бөлігі: қажет болған жағдайда сенсорды немесе талдағышты, контроллерді (қажет болған жағдайда) және сынама алу жүйесін қамтиды;
газталдағыш (газ талдағыш)	–	газ ортасының сапалық және сандық химиялық құрамын анықтауға арналған аспап;
экстрактивті емес типтегі газталдағыш	–	сынама алмай газ ортасын өлшектін газталдағыш түрі;
экстрактивті типтегі газталдағыш	–	сынама алу жүйесінің көмегімен газ ортасынан алынған газ сынамасын өлшеуді жүргізетін газталдағыш түрі;
сынама алу жүйесі	–	газ сынамасын алуға және оны газталдағыштың кіріс бөлігіне беруге арналған сынама іріктеу құрылғысын, сынаманы тасымалдауға арналған желіні және сынама дайындау құрылғысын (қажет болған жағдайда) қамтитын техникалық қуралдар кешені;
сынама алу құрылғысы (сынама алу зонды)	–	газ құбырлары мен тұтін құбырларынан газ сынамасын алуға арналған құрылғы;
сынаманы тасымалдауға арналған желі	–	газ сынамасын сынама алу зондынан сынама дайындау құрылғысына немесе газталдағышқа дейін үздіксіз тасымалдауға арналған құрылғы;

сынама дайындау құрылғысы	—	сынаманы газталдағышпен талдауға жарамды күйге келтіруді камтамасыз ететін құрылғы (кедергі келтіретін заттарды, оның ішінде ылғалды жою, нысаналы компоненттерді талдауға жарамды түрге химиялық түрлендіру);
қалқыма (қатты) бөлшектерді талдағыш	—	шығатын газдардың газ ортасындағы суспензияланған (қатты) бөлшектердің концентрациясын өлшеу құралы;
жаппай шығару	—	уақыт бірлігінде бөліну көзінен түсken ластағыш заттың массасы (г/с, г/сағ, кг/сағ және т. б.);
қалыпты жағдайлар	—	газ ортасының мынадай параметрлерімен және олардың мәндерімен сипатталатын жұмыс жағдайларында өлшенген шығарындылар көрсеткіштері келтірілетін жағдайлар: абсолюттік қысым 101,325 кПа, температура 0С (273,15 К), су буының құрамы (көлемдік үлесі, %) 0 (құрғақ газ);
датчик	—	қандай да бір физикалық шаманы өлшеуге және оны бақылаушы немесе құрал тіркей алатын сигналға айналдыруға қабілетті құрылғы немесе түрлендіргіш;
контроллер	—	талдамалық жабдықты толықтыратын және өлшеу ақпаратын жинау, түрлендіру, оны сактау және деректерді жинау жүйесін беру функцияларын орындайтын электрондық құрылғылардан тұратын МАЖ функционалдық блогы;
валидтеген деректер	—	белгісіздік шамасын шегергендегі ластағыш заттар шығарындыларының орташа мәндері.

## Аббревиатуралар және олардың толық жазылауы

Аббревиатуралар	Толық жазылуы
NCOC	North Caspian Operating Company N.V.
АҚ	акционерлік қоғам
МАЖ	эмиссиялар мониторингінің автоматтандырылған жүйесі

ТПБАЖ	технологиялық процесті баскарудың автоматтандырылған жүйесі
АТА	ақпараттық-техникалық анықтамалық
КТА	кешенді технологиялық аудит
КЭР	кешенді экологиялық рұқсат
ЕҚТ	ең үздік қолжетімді техникалар
МӨЗ	мұнай өндірісінде зауыты
ШЖК	шекті жол берілген концентрация
ЖШН	жол берілетін шығарындылар нормативтері
ЖТН	жол берілетін төгінділер нормативтері
ӨЭБ	өндірістік экологиялық бақылау
"Казгидромет" РМК	"Казгидромет" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны
СҚА	санитариялық қорғау аймагы
ЭМЖ	экологиялық менеджмент жүйесі
ЭнМЖ	энергетикалық менеджмент жүйесі
"АМӨЗ" ЖШС	"Атырау мұнай өндірісінде зауыты" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
"ТШО" ЖШС	"Теңізшевройл" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
МГКДҚ	мұнай мен газды кешенді дайындау кондырғысы
ҚР СЖРА ҰСБ	Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы

## Химиялық формулалар

Химиялық формула	Атауы (сипаты)
CO	көміртегі тотығы
тозаң	қатты бөлшектердің жалпы саны (аудада)
газ тәрізді хлоридтер	HCl ретінде көрсетілген газ тәрізді хлоридтер
газ тәрізді фторидтер	HF ретінде көрсетілген газ тәрізді фторидтер
H <sub>2</sub> S	күкіртсүтек
сынап және оның қосылыстары	Hg ретінде көрсетілген сынап пен оның қосылыстарының қосындысы
NH <sub>3</sub>	аммиак
NO	азот тотығы
NO <sub>2</sub>	азот диоксиді
NO <sub>X</sub>	NO <sub>X</sub> ретінде көрсетілген азот тотығы (NO) мен азот диоксидінің (NO <sub>2</sub> ) қосындысы
ПХБ	полихлорланған бифенилдер
ПХДД/ ПХДФ	полихлорланған дибензо-п-диоксиндер/ дибензофурандар

$\text{SO}_2$	$\text{SO}_X$
$\text{SO}_X$	$\text{SO}_X$ ( $\text{SO}_2$ ), күкірт триоксиді ( $\text{SO}_3$ ) мен күкірт қышқылы аэрозольдерінің $\text{SO}_2$ ретінде көрсетілген жиыны
TVOC	С ретінде көрсетілген жалпы ұшпа органикалық көміртек

## Өлшем бірліктері

Өлшем бірлік белгісі	Өлшем бірліктерінің атауы	Өлшем атауы (өлшем белгісі)	Түрлендіру және түсініктемелер
бар	бар	қысым (Д)	1,013 бар = 100 кПа = 1 атм
$^{\circ}\text{C}$	Цельсий градусы	температура (T), температуралар айырмасы (ТА)	
г	грамм	салмақ	
саг	сагат	уақыт	
K	Кельвин	температура (T), температуралар айырмасы	$0 ^{\circ}\text{C} = 273,15 \text{ K}$
кг	килограмм	салмақ	
кДж	килоджоуль	энергия	
кПа	килопаскаль	қысым	
кВт·ч	киловатт-саг	энергия	1 кВт саг = 3 600 кДж
л	литр	көлем	
м	метр	ұзындық	
$\text{m}^2$	шаршы метр	аудан	
$\text{m}^3$	текше метр	көлем	
мг	миллиграмм	салмақ	$1 \text{ мг} = 10^{-3} \text{ г}$
мм	миллиметр	ұзындық	$1 \text{ мм} = 10^{-3} \text{ м}$
МВт	мегаватт жылу қуаты	жылу қуаты, жылу энергиясы	
$\text{Nm}^3$	калыпты текше метр	көлем	101,325 кПа, 273,15 К болғанда
Па	паскаль	қысым	$1 \text{ Па} = 1 \text{ Н/m}^2$
бөлш/млрд (ppb)	миллиардқа қатысты бөлшектер	қоспалар құрамы	$1 \text{ бөлш/млрд} = 10^{-9}$
бөлш/млн (ppm)	миллионға қатысты бөлшектер	қоспалар құрамы	$1 \text{ бөлш/млн} = 10^{-6}$
айн/мин	минутына айналу саны	айналу жылдамдығы, жиілік	
т	метрикалық тонна	салмақ	$1 \text{ т} = 1\,000 \text{ кг} \text{ немесе } 106 \text{ г}$

т/тәул	тәулігіне тонна	салмақ шығысы, материал шығысы	
т/жыл	жылына тонна	салмақ шығысы, материал шығысы	
көл %	көлем бойынша пайыздық арақатынас	қоспалар құрамы	
кг-%	салмақ бойынша пайыздық арақатынас	қоспалар құрамы	
Вт	ватт	куат	1 Вт = 1 Дж/с

## Алғысөз

Ең үздік қолжетімді техникалар бойынша анықтамалық мазмұнының қысқаша сипаты: халықаралық аналогтармен өзара байланысы

Ең үздік қолжетімді техникалар бойынша "Атмосфералық ауаға және су объектілеріне ластағыш заттар әмиссияларының мониторингі" анықтамалығы (бұдан әрі – ЕҚТ бойынша анықтамалық) Қазақстан Республикасы Экология, және табиғи ресурстар министрлігінің 044 "Технологияларды және үздік практикаларды ілгерілету, бизнес пен инвестицияларды дамыту арқылы Қазақстанның "жасыл экономикаға" жылдам көшуіне ықпал ету" бюджеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде Қазақстан Республикасының Экология кодексін (бұдан әрі – Экология кодексі) іске асыру мақсатында әзірленді.

Осы ЕҚТ бойынша анықтамалықта экономика салалары үшін өндірістік экологиялық бақылау бағдарламаларының ерекшеліктерінің сипаттамасы, сондай-ақ ластағыш заттар шығарындыларының/төгінділерінің, оның ішінде ЕҚТ-ға жатқызылған әдістердің, шешімдердің стационарлық көздері үшін қоршаған ортаға әмиссиялар мониторингінің автоматтандырылған жүйесін белгілеу жөніндегі ұсынымдар ұсынылған.

Осы ЕҚТ бойынша анықтамалықта ұйымдастырылған әмиссия көздерінде әмиссиялардың үздіксіз мониторингін жүзеге асыру бөлігінде КЭР алу кезінде өз міндеттемелерін орындағанда өнеркәсіптік кәсіпорындар басшылыққа алғаны орынды болатын ақпарат келтіріледі.

ЕҚТ бойынша анықтамалықты әзірлеу технологияны ең үздік қолжетімді технология ретінде айқындау тәртібіне сәйкес, сондай-ақ "Ең үздік қолжетімді техникалар бойынша анықтамалықтарды әзірлеу, қолдану, мониторингтеу және қайта қарau қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 28 қазандағы № 775 қаулысының (бұдан әрі – Қағидалар) ережелеріне сәйкес жүргізілді.

ЕҚТ бойынша анықтамалықты әзірлеген кезде нақты қолданылу саласында ең үздік қолжетімді техникалардың техникалық және экономикалық қолжетімділігіне негізделген Қазақстан Республикасының климаттық және экологиялық жағдайларына негізді бейімделу қажеттігі есепке алынып, осы саладағы ең үздік әлемдік тәжірибе

ескерілді, оның ішінде Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына, Еуропалық одаққа мүше болып табылатын мемлекеттерде, Ресей Федерациясында, басқа елдер мен ұйымдарда ресми қолданылатын ұқсас және салыстырмалы анықтамалық құжаттар мен өзге де ресми қолданылатын құжаттар пайдаланылды:

1. JRC Reference Report on Monitoring of Emissions to Air and Water from IED Installations, REF, 2018 "Өнеркәсіптік шығарындылар директивасының Атмосфера мен суға қондырғылардан шығатын шығарындылар мониторингі бойынша біріккен зерттеу орталығының анықтамалық есебі".

2. Ең үздік қолжетімді технологиялар бойынша ақпараттық-техникалық анықтамалық АТА 22.1-2016 "Өндірістік экологиялық бақылаудың және оны метрологиялық қамтамасыз етудің жалпы қағидаттары". Мәскеу, ЕКТ бюросы, 2016 ж.

3. Reference Document on the General Principles of Monitoring, July 2003 - Ең үздік қолжетімді технологиялар бойынша анықтамалық құжат, мониторингтің жалпы қағидаттары бойынша анықтамалық құжат, 2003 ж. шілде.

#### Деректерді жинау туралы ақпарат

ЕКТ бойынша анықтамалықта экономиканың түрлі салаларындағы кәсіпорындарды өндірістік экологиялық бақылау бағдарламаларын жүзеге асыру кезіндегі рәсімдер, әдістер, тәсілдер туралы ақпарат, сондай-ақ бөлу / ластау көздерін эмиссиялар мониторингінің автоматтандырылған жүйелерімен жараптандыру жөніндегі ақпарат, сондай-ақ Ең үздік қолжетімді техникалар бюросы функцияларын жүзеге асыратын қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның ведомствоның бағынысты ұйымы жүргізген кешенді технологиялық аудит және сауалнама есептерінің ақпараттық деректері пайдаланылды.

Өнеркәсіптік кәсіпорындарда қолданылатын атмосфералық ауаға және су объектілеріне ластағыш заттардың эмиссияларын мониторингтеу әдістері мен тәсілдері туралы, қоршаған ортаның ластану көздері туралы, қоршаған ортаның ластануын төмендетуге және энергия тиімділігі мен ресурс үнемдеуді арттыруға бағытталған технологиялық, техникалық және ұйымдастырушылық іс-шаралар туралы ақпарат жинау үшін мемлекеттік органдар мен ұйымдардың деректері және Қазақстан Республикасының экономиканың бейінді салаларының қызметін реттейтін заңнамалық актілері пайдаланылды және талданады. Қосымша ақпаратты "Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы Басқарма төрағасының 2024 жылғы 12 қантардағы №12-24П бүйрөкимен ең үздік қолжетімді техникалар бойынша анықтамалықтың жобасын қарau , әзірлеуге қатысу, пысықтау жөніндегі қызметті жүзеге асыру жөніндегі техникалық жұмыс тобы ұсынды.

Ең үздік қолжетімді техникалар бюросы алынған деректерді талдауды және бағалауды қамтамасыз етті, Экология кодексінің 113-бабы 6-тармағының, оның ішінде ашықтық пен жариялыштың, ең үздік әлемдік тәжірибеге бағдарланудың

қағидаттарын басшылықта ала отырып, ең үздік қолжетімді техникалар бойынша анықтамалықтарды әзірлеу мәселелері бойынша техникалық жұмыс топтарының қызметіне ұйымдастырушылық, әдістемелік және сараптамалық-талдамалық қолдауды жүзеге асырды.

ЕҚТ бойынша басқа анықтамалықтармен өзара байланысы

ЕҚТ бойынша анықтамалық ЕҚТ бойынша мынадай салалық және салааралық анықтамалықтармен өзара байланыста әзірленді:

- 1) Бейорганикалық химиялық заттар өндірісі;
- 2) Цемент және әк өндірісі;
- 3) Мырыш және кадмий өндірісі;
- 4) мұнай және газ өндеу;
- 5) Қорғасын өндірісі;
- 6) Энергия өндіру мақсатында ірі қондырғыларда отын жағу;
- 7) Мыс және бағалы металл – алтын өндірісі;
- 8) Тұсті металл (бағалы металдарды қоса алғанда) кендерін өндіру және байыту;
- 9) Темір кендерін (қара металдың өзге кендерін қоса алғанда) өндіру және байыту;
- 10) Ферроқорытпа өндірісі;
- 11) Мұнай және газ өндіру;
- 12) Шойын және болат өндірісі;
- 13) Қара металды одан әрі қайта өндеу бұйымдарының өндірісі;
- 14) Көмір өндіру және байыту;
- 15) Алюминий өндірісі;

16) Шаруашылық және (немесе) өзге де қызметті жүзеге асыру кезіндегі энергетикалық тиімділік.

Осы ЕДТ бойынша анықтамалық Экология кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасында әзірленетін және бекітілетін ең үздік қолжетімді техникалар бойынша анықтамалықтар сериясына кіреді.

### **Қолданылу саласы**

Осы ЕҚТ бойынша анықтамалықтың қолданылу саласын ең үздік қолжетімді техникалар бойынша "Атмосфералық ауаға және су объектілеріне ластағыш заттар әмиссияларының мониторингі" анықтамалығын әзірлеу жөніндегі техникалық жұмыс тобы айқындаған.

Осы ЕҚТ бойынша салааралық анықтамалық Экология кодексіне 3-қосымшаға сәйкес әзірленетін ЕҚТ бойынша салалық анықтамалықтармен өзара байланыста әзірленді.

ЕҚТ бойынша анықтамалық Экология кодексіне 3-қосымшада келтірілген қызметтің негізгі түрлерімен байланысты процестерге қолданылады және әмиссиялар мониторингінің автоматтандырылған жүйесін жүргізу бөлігінде қолданыстағы

экологиялық заңнаманы ескере отырып, осы қосымшада аталған қызметтің қандай да бір түрімен шектелмейді.

Осы ЕҚТ бойынша анықтамалық топырақ пен жерасты суларының мониторингін қоспағанда, шығарындыларды, тәгінділерді және олармен байланысты параметрлерді бақылауға қатысты жалпы тәсілдердің, әдістердің және тиісті аспектілердің сипаттамасын қамтиды. Осы ЕҚТ бойынша анықтамалықтың ережелері ӨЭБ бағдарламасын жүзеге асыру кезінде қолданылады, ол МАЖ қолдануды қамтиды, КЭР алу кезінде белгіленген талаптарды орындау үшін қолданылады.

Осы ЕҚТ бойынша анықтамалықта маркерлік ластағыш заттар бойынша сала әмиссияларын мониторингтеу әдістері, тәсілдері, техникалары қамтылады. Жекелеген салалар үшін әртүрлі көздерден шығатын шығарындылардағы ластағыш заттардың концентрациясы бойынша нәтижелерді салыстыру мақсатында валидацияланған деректерге келтіру үшін шығатын газдардағы оттегінің көлемдік құрамының эталондық мәндері атап етілді.

#### Қолданылу қағидаттары

#### Құжат мәртебесі

ЕҚТ бойынша анықтамалық объект/объектілер операторларын, уәкілетті мемлекеттік органдарды және жұртшылықты объект/объектілер операторларының "жасыл" экономика қағидаттарына және ең үздік қолжетімді техникаларға көшуін ынталандыру мақсатында ең үздік қолжетімді техникалар бойынша анықтамалықты қолдану саласына жататын ең үздік қолжетімді техникалар мен кез келген перспективалы техникалар туралы хабардар етуге арналған.

#### Қолданылуы міндетті ережелер

ЕҚТ бойынша анықтамалықтың "Ең үздік қолжетімді техникалар бойынша тұжырымдарды қамтитын қорытынды" деген 6-бөлімінің ережелері ЕҚТ бойынша тұжырымдарды қамтитын қорытындыларды қамтиды. МАЖ-бен жарактандырылуға тиіс қондырғылардың тізбесі, ластағыш заттар шығарындыларының, ластағыш заттар тәгінділерінің стационарлық көздері [33] реттеледі.

Ең үздік қолжетімді техникалар жөніндегі қорытынды ережелерінің біреуін немесе бірнешеуінің жиынтығын қолдану қажеттігін объектілердің операторлары технологиялық көрсеткіштерді сақтау шартымен кәсіпорындағы экологиялық аспектілерді басқару мақсаттарына сүйене отырып өз бетінше айқындайды. Осы ЕҚТ бойынша анықтамалықта берілген ең үздік қолжетімді техникалардың саны мен тізбесі енгізу үшін міндетті болып табылмайды.

ЕҚТ бойынша салалық анықтамалықтардың 6-бөлімі негізінде кәсіпорындар ЕҚТ бойынша қорытындыларда бекітілген әмиссиялар деңгейіне және технологиялық көрсеткіштердің мәндеріне қол жеткізуге бағытталған экологиялық тиімділікті арттыру бағдарламасын әзірлейді.

#### Ұсынымдық ережелер

Ұсынымдық ережелер сипаттамалы түрде болады. ЕҚТ бойынша осы салааралық (көлденең) анықтамалықтағы ұсынымдар қолданылу саласына қаралатын кәсіпорын (объект) жататын ЕҚТ салалық (тік) анықтамалықта тиісті ұсынымдар болмаған жағдайда қолдануға жатады:

1-бөлім: мониторинг, мониторингтің мақсаттары мен міндеттері, мониторинг режимін таңдау тәсілдері, кәсіпорындар технологиялық процестерде пайдаланатын эмиссияларды мониторингтеу әдістері туралы жалпы ақпарат ұсынылған.

2-бөлім: ЕҚТ-ға жатқызу әдістемесі, ЕҚТ-ны сәйкестендіру тәсілдері сипатталған.

3-бөлім: экономика салалары бойынша ӨЭБ бағдарламаларын ұйымдастырудың ерекшеліктері сипатталған, ластағыш заттардың шығарындыларын/төгінділерін бақылау мәселелері бойынша кәсіпорындардың сауалнамасы шенберінде алынған ақпарат келтірілген.

4-бөлім: қоршаған ортаға теріс әсерін азайту үшін технологиялық процестерді жүзеге асыру кезінде қолданылатын және қоршаған ортаға теріс ететін объектін техникалық қайта жарақтандыруды, қайта құруды талап етпейтін әдістер мен техникалар сипатталған. Қоршаған ортаға шығарындыларды, төгінділерді болғызбау немесе бұл мүмкін болмаса, шығарындыларды/төгінділерді азайту үшін қолданылатын әдістер каталогы және олармен байланысты бақылау.

5-бөлім: ЕҚТ анықтау мақсатында қарастыру үшін ұсынылатын қолданыстағы әдістердің сипаттамасы ұсынылған.

7-бөлім: жаңа және перспективалы техникалар туралы ақпарат ұсынылған.

8-бөлім: ЕҚТ бойынша анықтамалықты қайта қарау шенберінде болашақ жұмыс үшін қорытынды ережелер мен ұсынымдар келтірілген.

9-бөлім: библиография.

## 1. Жалпы ақпарат

ЕҚТ бойынша анықтамалықтың осы бөлімінде осы ЕҚТ бойынша анықтамалықтың қолданылу саласы үшін тән атмосфералық ауаға және су объектілеріне ластағыш заттардың эмиссияларын өлшеудің қолданыстағы мониторинг түрлерін, тәсілдерін және әдістерін сипаттау және шолу бойынша жалпы ақпарат қамтылады.

### 1.1. Мониторингтің міндеттері

Эмиссия мониторингі эмиссиялардың химиялық немесе физикалық сипаттамаларының өзгеруін жүйелі бақылауды/байқауды анықтайды. Мониторинг кейіннен онтайландыра отырып валидацияланған ақпараттық деректерді және технологиялық процестерді ала отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тиісті рәсіммен және кезеңділікпен өлшеуге және/немесе байқауға негізделген.

Эмиссияларды мониторингтеу функциялары:

өлшеу санның мәнін анықтауға және жеке сандық нәтиже алуға арналған операциялар жиынтығынан тұрады;

белгілі бір параметрдің мәнін өлшеу, сондай-ақ мәннің өзгеруін бақылау (өлшемдер мен есептеудердің жиынтығынан түруы мүмкін).

Ластағыш заттар эмиссияларының мониторингі және кәсіпорындардың экологиялық есептілігі объект операторы жүзеге асыратын шаралар жүйесі болып табылады. Бұл жүйе тұрақты және кезеңді байқауларды, қоршаған ортаға эмиссияларға қатысты деректерді жинауды, тіркеуді, сақтауды және өндөуді және нәтижелерді кәсіпорын қызметкерлеріне, мемлекеттік органдарға және жалпы жүртшылыққа бастапқы, есептік немесе жиынтық деректер жиынтығы және жалпы ақпарат түрінде ұсынуды қамтиды.

Мониторинг міндеттері көп және әртүрлі әрі оларды мына мақсатта қолдану ұсынылады:

рұқсат беру талаптарына сәйкестігін бағалау;

процесс өнімділігі, энергия тиімділігі, тұтынылатын ресурстар және шығарындылар /төгінділер деңгейлері арасындағы оңтайлы тепе-тендікті табу;

шығарындылар мінез-құлқының белгілі бір түрлерінің себептерін талдау (мысалы, қалыпты немесе қалыпты жұмыс жағдайынан басқа шығарындылардың ауытқу себептерін анықтау үшін);

технологиялық қондырғының шығарындылар/төгінділер бойынша қасиетін болжау, мысалы, операциялық түрлендірулерден, істен шыққаннан немесе қуаттың ұлғаюынан кейін;

газдарды тазарту жүйелерінің жұмысын тексеру;

жалпы шығарындыларға әртүрлі көздердің салыстырмалы үлесін анықтау;

қауіпсіздікті тексеру үшін өлшеуді қамтамасыз ету;

нақты кадастрларға арналған шығарындылар туралы есептер (мысалы, ластағыш заттардың шығарындылары мен тасымалы тіркелімі, қоршаған орта мен табиғи ресурстарды мониторингінің бірыңғай мемлекеттік жүйесі сияқты жергілікті, ұлттық және халықаралық);

коршаған ортаға әсерді бағалау үшін деректерді ұсыну (мысалы, модельдерге ендіру, ластағыш заттардың жүктеме карталары, шағымдарды бағалау) және басқалар.

Кәсіпорындардың эмиссияларын мониторингтеу жүйелерінің бірінші кезектегі мақсаты – бұл объектілер операторларының атмосфераға және су объектілеріне (жерүсті суларына, жинақтаушы тоғандарға, буландырғыш тоғандарға) маркерлі ластағыш заттардың эмиссиялары туралы валидацияланған деректерді ұсынуы. Кәсіпорыннан ластанудың қоршаған орта компоненттеріне әсері, қалдықтардың пайда

булудырмай немесе оларды азайту, сондай-ақ кәсіпорынның қоршаған ортаны қорғау шараларының тиімділігі туралы есептілікті ұсыну ұзақ мерзімді мақсат ретінде қойылуы мүмкін.

Мониторингтің бұл ақпараты кейіннен ЕҚТ бойынша анықтамалықтарды өзірлеу және қайта қарау кезінде, атап айтқанда, ЕҚТ қолданумен байланысты технологиялық көрсеткіштерді анықтау кезінде пайдаланылады.

## 1.2. Мониторинг түрлері

Өндірістік мониторинг ӨЭБ-ның және экологиялық тиімділікті арттыру бағдарламасының элементі болып табылады. Өндірістік мониторингті жүзеге асыру шенберінде операциялық мониторинг, қоршаған ортаға эмиссиялар мониторингі және әсер ету мониторингі орындалады.

Өндірістік мониторингті жүзеге асыру шенберінде өнеркәсіптік кәсіпорынның қызметіне байланысты мониторингтің үш негізгі түрі бар:

эмиссиялар мониторингі (түзілу көзіндегі өнеркәсіптік шығарындылар/төгінділер мониторингі, яғни қондырғыдан қоршаған ортаға түсетін эмиссиялар мониторингі);

операциялық мониторинг (өндірістік процестің мониторингі/технологиялық параметрлердің мониторингі) – технологиялық процестің физикалық және химиялық параметрлерінің (мысалы, қысымның, температураның, ағынның жылдамдығының) мониторингі, ол кәсіпорынның жұмыс сипаттамалары оның дұрыс жұмысына сәйкес келетіндігін растауы керек;

қоршаған ортаға әсер ету мониторингі (кәсіпорынның әсер ету аймағындағы қоршаған ортадағы ластағыш заттардың, сондай-ақ экожүйелерге әсер етудің мониторингі).

Операциялық мониторинг (технологиялық параметрлердің мониторингі) қондырғының берілген параметрлер шегінде жұмыс істейтіндігін растау мақсатында технологиялық процестің физикалық және химиялық параметрлерін өлшеумен байланысты. Өлшенетін параметрлердің мысалдары реакция/жұмыс аймағындағы қысым немесе температура, сарқынды суларды биологиялық тазарту процесінде оттегінің мөлшері және шикізат шығыны болып табылады. Технологиялық параметрлердің мониторингі оның сенімді жұмыс істеуіне кепілдік беру, технологиялық процесте ауытқуларды болдырмай және қоршаған ортаға әсерді азайту үшін ластанды өлшеттін аппаратураның жұмысын бақылауды да қамтиды.

Шығарындылардың, төгінділердің және қалдықтардың түзілуін мониторингтеу олардың көзі болып табылатын технологиялық қондырғыдан шығарындыларды, төгінділерді және қалдықтардың түзілуін бақылаумен және өлшеумен байланысты. Мониторинг атмосфералық шығарындыларды, сарқынды сулардың төгінділерін, қауіпті және қауіпті емес қалдықтардың мөлшерін және зиянды физикалық факторларды (жылу, шу, діріл және сәуле) үздіксіз немесе тұрақты өлшеуді қамтиды.

Әсер ету мониторингі (қоршаған орта сапасының мониторингі) халықтың денсаулығы мен экожүйеге өндірістік объектілердің санитарлық-қорғау аймақтарының шекарасындағы қоршаған ортаның ластану деңгейінің мониторингімен, сондай-ақ оларды пайдалануға байланысты әсерімен байланысты. Қоршаған орта сапасын мониторингтеудің мақсаты шығарындылардың, төгінділердың және қалдықтардың түзілуін қоршаған орта мен адам денсаулығы сапасы нормативтерінің сақталуын қамтамасыз ететін деңгейге дейін төмендету жөнінде шешімдер қабылдау үшін қажетті ақпаратты ұсыну болып табылады. Әсер ету мониторингін жүргізу Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасының және қоршаған орта сапасының нормативтері талаптарының сақталуын қадағалау үшін қажет болған не КЭР-де айқындалған жағдайларда ӨЭБ бағдарламасына енгізіледі [1].

Кәсіпорынның ықтимал әсер ету аймағындағы қоршаған орта жағдайының мониторингі келесі жағдайларда қолданылады:

жобалау кезеңінде немесе өндіріс көлеміне немесе технологиясына елеулі өзгерістер ендіру кезінде;

осал экожүйелерге және елді мекендерге жақын болғанда;

апаттық шығарындылар мен төгінділерден кейін;

экспресс-әдістерді тексеру және биомониторинг үшін;

шығарылатын заттар мен физикалық әсер ету факторларын бақылау үшін.

Өндірістік мониторинг деректері қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингінің бірыңғай мемлекеттік жүйесін жүргізу шенберінде қоршаған ортаның жай-күйін бағалау үшін пайдаланылады.

### 1.3. Тиісті мониторинг режимін тандаудың жалпы тәсілдері

Белгілі бір параметрлерді мониторингтеу үшін қолданылатын әртүрлі тәсілдер бар. Жалпы тәсілдер негізгі екі топқа бөлінеді: тікелей өлшеу және жанама әдістер.

Мониторингтеу үшін параметрлерін тандау қолданылатын процестерге, шикізатқа, отын түрлеріне және басқа факторларға, негізгі экологиялық мәселелерге және шығарындылардың алдын алу немесе азайту үшін қолданылатын әдістерге байланысты . Егер мониторингтеу үшін таңдалған параметр қондырғының жұмысын басқаруға қызмет етсе, тиімді. Бұл параметрді мониторингтеу жиілігі кәсіпорынның қажеттіліктеріне, қоршаған орта үшін қауіп-қатерлерге және қолданылатын мониторинг тәсіліне байланысты кеңінен өзгереді.

Шығарындылар мен төгінділерді мониторингтеу эмиссиялардың уақыт бойынша өзгеруі туралы объективті ақпарат береді. Осы мақсатта белгілі бір ластағыш заттар ғана емес, сонымен қатар қалыпты жағдайлар (мысалы, температура, қысым), ауа мен су ағынының жылдамдығы, шикізат пен материалдардың шығындары, өндірістік жүктеме сияқты шығарындылар/төгінділер кезінде физикалық факторларды анықтауға қызмет етеді мүмкін басқа параметрлер де бақыланады. Бақыланатын параметрлердің

саны қарастырылып отырған өнеркәсіп секторы үшін ЕҚТ рұқсатында немесе қорытындыларында көрсетілген санның асып кетуі мүмкін. Шығарындылар мен төгінділерді сипаттауға қажетті параметрлер, олармен байланысты жағдайлар, сыйнамаларды өлшеу немесе алу жоспарында айтылады және өлшеулер туралы есептің (ӨЭБ) бөлігі болады.

Мониторингтің қолайлы режимін айқындау үшін мониторинг режимі Қазақстан Республикасының заңнамасында әлі айқындалмаған жағдайлардағыдан тәуекелді бағалауға негізделген тәсілді қолдануға болады.

### 1.3.1. Тәуекелді анықтауға негізделген тәсіл

Қоршаған ортаға зиян келтірудің ықтимал тәуекел деңгейіне байланысты тиісті мониторингтеу режимі анықталады. Тәуекелге бағытталған тәсіл қоршаған ортаға зиян келтірудің ықтимал тәуекелінің әртүрлі деңгейлерін тиісті бақылау режимімен салыстыру үшін қолданылады. Тәуекелді анықтау үшін бағалаудың негізгі элементтері рұқсат етілген шығарындылар/төгінділер (РШН/РТН) нормативтерінен асып кету ықтималдығы және салдардың ауырлығы (яғни қоршаған ортаға зияны) болып табылады.

Мониторинг режимін немесе қарқындылығын таңдау кезінде келесі негізгі факторлар қарастырылады:

РШН/РТН асып кету ықтималдығы;

РШН/РТН асып кетуінің салдары (яғни қоршаған ортаға зиян келтіру).

РШН/РТН асып кету ықтималдығын бағалау кезінде келесі факторларды ескеру қажет:

эмиссиялар көздерінің саны;

технологиялық процесс жағдайларының тұрақтылығы;

сарқынды суларды тазартудың буферлік (жинақтаушы) сыйымдылығы;

нормативтен тыс шығарындылардан тазартуға арналған тазалау жабдығының өнімділігі;

тозу, коррозия/тұтастықты жоғалту немесе басқа факторлардан туындаған механикалық ақаулардың ықтималдығы;

өнім шығарудың "икемділігі" (жеткізу көлемін немесе мерзімін түзету мүмкіндігі);

объект операторының ақаулар туындаған кезде жедел әрекет ете алу қабілеті (функционалдық мүмкіндіктері);

пайдаланудағы жабдықтың қызмет ету мерзімі;

пайдалану режимі (жұмыс шарттары);

қауіпті заттардың тізбесі;

жүктеменің маңыздылығы (жоғары концентрация, жоғары газ/сұйықтық шығыны);

сарқынды сулардың құрамындағы өзгерістер.

Белгіленген РШН/РТН асып кетуінің салдарын бағалау кезінде келесі параметрлерді ескеру қажет:

жабдықтың ықтимал істен шығу үзактығы;

затпен ластанудың салдарының сипаты (жедел улану мүмкіндігі деп аталады), яғни технологиялық процесте қолданылатын заттың қауіптілік сипаттамалары;

технологиялық қондырғылардың орналасуы (мысалы, тұрғын аудандарға немесе ерекше қоргалатын табиғи аумақтарға жақындығы);

қабылдаушы ортадағы сарқынды сулардың сұйылту коэффициенті;

метеорологиялық жағдайлар.

Төменде РШН/РТН деңгейінен нәкты асып кету қаупіне әсер ететін негізгі элементтерді (қауіп факторларын) тізімдей отырып, тәуекел деңгейлері бойынша "төменнен" "жоғарыға" дейін ықтимал жіктеудің мысалы келтірілген. Тәуекелді бағалау кезінде жергілікті жағдайларды, оның ішінде 1.1-кестеде көрсетілген ықтимал, орынды тәуекел факторларын ескеру қажет.

### 1.1-кесте. Тәуекел факторлары және деңгейлері

Р/с №	Тәуекел факторы	Тәуекел деңгейі		
		Төмен	Орташа	Жоғары

1	2	3	4	5
1	РШН асып кету ықтималдығына әсер ететін тәуекел факторлары			
1.1	Эмиссиялардың жекелеген көздерінің саны	Бір	Бірнеше (2-ден 5-ке дейін)	Көптеген (> 5)
1.2	Пайдалану жағдайларының/ технологиялық процестің тұрақтылығы	Тұрақты	Кейде тұрақсыз	Тұрақсыз
1.3	Сарқынды суларды тазартудың буферлік жинақтаушы) сыйымдылығы	( Ақаулармен күресу үшін жеткілікті	Шектеулі	Жоқ
1.4	Артық шығарындылар көзін тазарту қуаты / тазарту жабдықтарының өнімділігі	Қысқа мерзімді шығарындылармен күресу қабілеті (стехиометриялық реакция, габаритті емес, жұмсақ өндеу)	Шектеулі мүмкіндіктер	Жоқ

			Коррозия
1.5	Коррозиядан туындаған механикалық ақаулардың ықтималдығы	Коррозияның болмауы немесе шектелуі	Құрылыммен жабылған қалыпты коррозия

				жағдайлары әлі де бар
1.6	Өнімді шығарудың икемділігі	Бірыңғай мамандандырылған өндірістік бөлімшесі	Өнім маркаларының шектеулі саны	Көптеген өнім брендтері, көп мақсатты зауыт
1.7	Қауіпті заттарды түтгендеу	Жоқ немесе өндіріске байланысты	Аз мөлшерде болады (РШН/РТН-мен салыстырғанда)	Саннын асады (РШН/РТН-мен салыстырғанда)
1.8	Шығарындылар бойынша мүмкін болатын ең жоғары жүктеме (яғни концентрация × ағын)	РШН/РТН-тан едәуір төмен	РШН/РТН деңгейінде	РШН/РТН -тан едәуір жоғары
2	РШН асып кетуінің салдарына әсер ететін тәуекел факторлары			
2.1	Ықтимал бас тартудың ұзактығы	Қысқа (<1 сағат)	Орташа (1 сағаттан 1 күнге дейін)	Ұзак (> 1 күн)
2.2	Заттың (заттардың) жедел әсері	Жоқ	Әлеуettі	Мүмкін
2.3	Орналасқан жері	Өнеркәсіптік аймақ	Өнеркәсіптік обьектілердің тұрғын үй құрылышынан қауіпсіз қашықтығы	Қоныстану (тұрғын) аймағының жақындығы
2.4	Қабылдаушы су айдынындағы сарқынды сулардың сұйылту коэффициенті	Жоғары (1000-нан астам)	Тұрақты	Төмен (10-нан аз)

Дереккөз: [2]

Тәуекелдің ықтималдығын немесе салдарын түпкілікті бағалау барлық факторлардың жиынтығына негізделуі керек. Осы факторларды бағалаудың жиынтық нәтижесі диаграммада РШН/РТН асып кету салдарының ықтималдығы мен ауырлығы арасындағы қатынас түрінде ұсынылған. Осы факторлардың комбинациялары әрбір нақты жағдайда анықталады. Тәуекелді бағалау негізінде талдау үшін қызмет ететін тордағы нәтиженің жағдайына байланысты (1.1-сурет) технологиялық процестің жұмыс режимі үшін тиісті мониторинг шарттары таңдалады.

<b>ЫҚТЫМАЛДЫҒЫ</b>	<b>Жоғары</b>	3	4	4
	<b>Орташа</b>	2	3	4
	<b>Төмен</b>	1	2	3
	<b>1 – Ретсіз</b>	<b>Төмен</b>	<b>Орташа</b>	<b>Жоғары</b>
	<b>Салдардың ауырлығы</b>			
	<b>1 – Ретсіз</b> <b>2 – Ретті</b> <b>3 – Жиі</b> <b>4 - Үздіксіз</b>			

1.1-сурет. РШН асып кету тәуекеліне байланысты мониторинг режимі.

Атмосфераға шығарындылар жағдайында 1.1-кестеде келтірілген тәсілді тазарту жабдықтары жүйесінің қуаты мен жұмыс істеуі, апattар қаупі, ұйымдастырылмаған шығарындылар (қалыпты режимде пайда болатын атмосфералық ауаға үшпа немесе жеңіл тозаң тәрізді заттардың шығарындылары) сияқты типтік факторларды ескере отырып бейімдеу керек. Ұйымдастырылмаған шығарындылар жабдық конструкцияларының (мысалы, сұзгілер, кептіргіштер және т.б.), пайдалану жағдайларының (мысалы, жабдық арасындағы материалды беру кезінде), операция түрінің (мысалы, техникалық қызмет көрсету), басқа орталарға (мысалы, салқыннатқыш немесе сарқынды суларға) біртіндеп ауысуының ерекшеліктерінің нәтижесі болады. Атмосфералық ауаға шығарындыларды мониторингтеудің тиісті режимдері де бейімделуі керек және олар былайша сараланды.

Қоршаған ортаға қондырғыдан (ықтимал) шығарындылармен байланысты жалпы тәуекелді бағалау және мониторингтеу режимінің жиілігі мен көлемін осы тәуекелге сәйкестендіру. Мониторинг бағдарламасының бұл аспектілері бірнеше жеке қауіп факторларын қарастыру және біріктіру арқылы анықталады. Жалпы тәуекелді бағалау, мысалы, маңызды емес, маңызды немесе сыни деп бағаланады.

Ескерілуі қажет тәуекел факторларының мысалдары мыналарды қамтиды (IMPEL Network, 2001):

оның қоршаған ортаға әсерін анықтайтын қондырғының мөлшері мен түрі;

көздердің күрделілігі (саны мен әртүрлілігі, көздердің сипаттамалары, мысалы, көздердің ауданы, ұйымдастырылған шығарындылар, апаттық шығарындылар);

процестің күрделілігі, бұл ықтимал ақаулардың санын арттыруы мүмкін;

процестердің ауысу жиілігі, әсіресе көп мақсатты химиялық зауыттарда;

кіріс шикізаты мен отын материалдарының түрі мен мөлшеріне байланысты ықтимал қауіптер;

ластағыш заттардың түрлерін және олардың шығарылу жылдамдығын, сондай-ақ жабдықтың ықтимал істен шығуын ескере отырып, шығарындылар нәтижесінде қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына ықтимал әсер ету;

шығарындылардың тұрақтылығы;

шығарындылар көзінің сезімтал қоршаған орта объектілеріне жақындығы;

геологиялық, гидрологиялық, метеорологиялық немесе теңіз факторлары сияқты қауіпті табиғи құбылыстардың болуы;

қондырғының бұрынғы көрсеткіштері және оны басқару;

қоғамдық аландаушылық дәрежесі.

Тәуекелді бағалауға негізделген қолданыстағы тәсілге мысал Нидерландының атмосфералық шығарындылар жөніндегі нұсқаулығында келтірілген [3]. Бұл тәсіл тазарту жабдығының дұрыс жұмыс істеуін, істен шығу қаупін, шығарындыларды азайту бойынша техникалардың ақауларының туындаудың немесе технологиялық процеске интеграцияланған шаралардың жұмыс қабілеттілігінің бұзылуын бағалауға негізделген. Шығарындыларды азайту бойынша техникалар істен шыққан кезде пайдаланытын шығарындылардың зияндылығы жаппай шығынның бақылау мәні түрінде көрінеді. Бақылау мәні жіктеу жүйесіне негізделген және қоршаған ортаға зияндылығына байланысты әртүрлі заттар үшін өзгереді. Диагностикалық эмиссияларды г/сағ (акаулықтарды анықтауға арналған эмиссиялар) г/сағ-тағы массалық шығынның бақылау мәніне бөлу немесе істен шығу коэффициентін анықтау. Истен шығу коэффициенті негізінде мониторинг режимі анықталады.

### 1.3.2. Шығарындыларды бақылау кезіндегі өлшеу әдістері

Белгілі бір параметрді мониторингтеу үшін бірнеше тәсіл қолданылады, соның ішінде [4]:

1. Тікелей өлшеу:

ұздіксіз өлшеу;

кезеңді өлшемдер;

кешенді өлшемдер.

2. Жанама әдістер:

ауыстыру параметрлері;

жаппай тепе-тендіктер;

шығарындылар коэффициенттері;

басқа есептеулер.

Тікелей өлшеулер мен жанама әдістер арасында мониторинг жүргізу нұсқасын тандау талап етілетін дәлдік, шығыстар, қарапайымдылық және жеделдік, сенімділік сияқты бірнеше факторлармен, соның ішінде ЕҚТ, сондай-ақ РШН/РТН бойынша

қорытындыларда айқындалған технологиялық көрсеткіштер бойынша МЛЗ әмиссияларының асып кету ықтималдығымен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарымен айқындалады.

Өнеркәсіптік шығарындылар туралы директива 2010/75/EU және Ұлттық ЕҚТ анықтамалықтары, сондай-ақ олардың қорытындылары нақты қондырғылар және/ немесе технологиялық процестер үшін пайдаланылатын мониторинг тәсіліне қойылатын талаптарды анықтайды, мысалы, тиісті стандарттарды міндettі пайдалану немесе үздіксіз өлшеуді талап ету.

### 1.3.2.1. Тікелей өлшеу

Тікелей өлшеулер мониторинг жүргізу жиілігі бойынша негізгі екі түрге бөлінеді:

- ұздіксіз өлшеу;
- кезеңді өлшемдер.

Талданатын параметрді мониторингтеу жиілігі объект операторының нақты қажеттіліктеріне және экологиялық тәуекелдерге байланысты, сондай-ақ экологиялық заңнаманың талаптарына сәйкестігін ескере отырып, кең ауқымда өзгеруі мүмкін. Мониторинг туралы ережелер КЭР алу кезінде қолдануға міндettі ЕҚТ бойынша қорытындылардың ажырамас бөлігі болып табылады.

Мониторинг тәсілін таңдау (тікелей өлшеу немесе жанама әдістер) келесі ойлармен анықталады:

- мақсатқа сәйкестік, яғни әдіс мақсаттарға жетуге жарамды ма;
- заңнамалық талаптар;

тікелей өлшеулер жүргізу үшін құралдардың және тәжірибесінің болуы (мысалы, тиісті техникалық жабдықтары мен білікті қызметкерлері бар аккредиттелген зертхана).

**1.2-кесте. МАЖ көмегімен кезеңді және ұздіксіз мониторинг кезінде тікелей өлшеудің негізгі сипаттамалары**

P/c №	Сипаттамасы	Ұздіксіз мониторинг	Кезеңді мониторинг
-------	-------------	---------------------	--------------------

1	2	3	4
1	Сынама алу кезеңі	Мониторинг заттар шыгарылатын барлық немесе барлық дерлік кезеңді қамтиды	Жекелеген өлшеу кезеңдеріне сәйкес келетін ластағыш заттар әмиссияларының бейіні
2	Нәтижелерді алу жеделдігі (жылдамдығы)	Нәтижелерді нақты уақыт режимінде шыгару	Аспаптың талдағыштарды пайдалану кезіндегі нақты уақыттағы нәтижелер; егер зертханалық соңғы әдіспен қолмен әдіс

			қолданылса, кешіктірілген нәтижелер
3	Нәтижелерді орташалау	Нәтижелер әр 20 минут сайын тұрақты түрде орташаланады (ЕҚТ бойиша қорытындыларда айқындалған кезеңділікті ескере отырып)	Нәтижелер ішкі тексерулер кестесі негізінде өлшеу кезеңінде орташа есеппен алынады
4	Тексеру және бақылау мүмкіндігі	МАЖ стандартты эталондық әдіс бойынша және сертификатталған эталондық үлгілерді колдана отырып тексеруді қажет етеді	Кезеңді мониторинг үшін стандартты эталондық әдістерді, тексеретін газ қоспаларының көмегімен калибрленген аспаптарды қолдануға болады
5	Курделі шығындар	Әдетте, кезеңді мониторинг жабдығының құнынан жоғары	Әдетте, МАЖ құнынан төмен
6	Операциялық шығындар	Кезеңді тәсілден төмен болу үрдісі бар, өйткені ол әдетте, көп еңбекті қажет етпейді. Тек жоспарлы техникалық қызмет көрсету және калибрлеу жұмыстары қажет	Әдетте, МАЖ қолданған кезге қараганда жоғары, өйткені ол көп қол еңбегін қажет етеді. Білікті қызметкерлер мониторингтің барлық кезеңінде объектіде болады
7	Өлшеу жабдықтарын метрологиялық аттестаттау	Мемлекеттік ғылыми метрологиялық орталықта өлшеу құралдарын аттестаттау қажет	Мобильді (портативті) аспаптың жабдықты пайдалану кезінде оны Мемлекеттік ғылыми метрологиялық орталықта өлшеу құралдарын аттестаттау қажет
8	Мониторинг жүйесін аккредиттеу	МАЖ калибрлеу және техникалық қызмет көрсету сапасын қамтамасыз ету EN 14181-де (Еуропалық стандарттау комитеті) немесе Ұлттық нормативтік-құқықтық және нормативтік-техникалық құжаттар шеңберінде қаралады	Өлшеулер жүргізетін ұйымдар Ұлттық аккредиттеу орталығында аккредиттелуге және сынақ және калибрлеу зертханаларының құзыреттілігіне нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес келуі қажет

Дереккөз: [5]

### **1.3.2.2. Жанама әдістер**

ӨӘБ шеңберінде объектінің операторы, мысалы, алмастырушы (жанама/суррогат) параметрлерді, материалдық баланс есептеулерін немесе шығарындыларды және төгінділерді қайта есептеу коэффициенттерін немесе аспаптық өлшеулер мен есептеу тәсілдерін қолдану жолымен алынатын бағалауға негізделген жанама әдістерді пайдалана отырып мониторинг жүргізуге мүмкіндігі бар.

Мониторинг тәсілін таңдау мыналарға сәйкестігі негізінде жүргізіледі:  
қойылған мақсатқа;  
занда белгіленген талаптарға;  
өндірістік объектілерге және персоналдың біліктілігіне.

#### **1.3.2.2.1. Ауыстыру параметрлері**

Ауыстыру параметрлері – бұл ластағыш заттарды жалпы қабылданған тікелей өлшеу нәтижелерімен тікелей немесе жанама түрде салыстыруға болатын өлшенетін және есептелетін шамалар. Мысал ретінде, егер жанама параметрді пайдалану экологиялық рұқсатпен пайдалануға рұқсат етілсе, сарқынды сулардағы өлшенген заттар құрамын бақылаудың орнына лайлануды өлшеуді келтіруге болады.

Басқа, нысаналы, параметрдің шамасын анықтау үшін жанама параметрді пайдалану мүмкіндігін қарастырған кезде жанама көрсеткіш пен нақты мақсатты параметр арасындағы қатынасты (өзара байланысты) тиісті құжаттамада көрсету, нақты анықтау және көрсету қажет.

Жанама параметр ӨӘБ мақсаттары үшін келесі жағдайларда ғана пайдалы болуы мүмкін:

жанама параметр қажетті (нысаналы) тікелей параметрмен тығыз байланысты (корреляцияланған) болған кезде;

жанама параметрдің анықтамасы тікелей параметрді анықтаудан гөрі рентабельді (үнемді) және қарапайым немесе оның көмегімен қажетті деректерді үлкен жиілікте алуға болады;

жанама параметрдің анықталу шектері белгіленген мәндерге сәйкес келеді;

Жанама параметрлерді пайдаланудың негізгі артықшылықтары:

өлшеулердің немесе есептеулердің қарапайымдылығы және сенімділігі;

шығындарды азайту;

бірдей немесе аз шығындар кезінде мониторингтің жоғарылау жиілігі;

бірдей немесе аз шығындар кезінде өлшеу/сынама алу нұктелерінің көп саны;

қалыпты жағдайлардан ерекшеленетін жағдайларды табу мүмкіндігі, мысалы, диоксиндер шығарындыларының әлеуетті ұлғаюы туралы ескерту үшін жану температурасын өзгерту;

тікелей өлшемдермен салыстырғанда технологиялық процестің аз бұзылуы, тұрақсыздануы;

температураны өлшеу бөлігінде неғұрлым жан-жақты қолдану энергия тиімділігі, ластағыш заттардың шығарындылары, технологиялық процесс және шикізатты бақылау сияқты бірнеше мәселені бағалау үшін жарамды болып табылады.

Жанама параметрлерді қолданудың негізгі кемшіліктеріне мыналар жатады:

абсолютті емес, тек салыстырмалы шаманы алу (кейбір жағдайларда);

сенімділік жұмыс жағдайларының белгілі бір ауқымымен әлеуетті шектеулі;

тікелей өлшемдермен салыстырғанда жанама параметрлерге жұртшылықтың әлеуетті төменірек сенімі;

кейбір жағдайларда тікелей өлшеулермен салыстырғанда өлшеу дәлдігі төменірек; оларды құқықтық рәсімдерде қолданудың мүмкін болмауы.

Жанама параметрлерді қолдану әрдайым мүмкін емес және оны тек технологиялық процестің кейбір шарттарына қатысты ақтауға болады.

Жанама параметрлерді қызығушылық тудыратын шығарындылар параметрі мен жанама параметр арасындағы корреляция (өзара байланыс) дәрежесіне қарай шартты түрде үш санатқа бөлуге болады:

сандық жанама параметрлер;

сапалы жанама параметрлер;

индикаторлық жанама параметрлер.

Сандық жанама параметрлер шығарындылар/төгінділер параметрлерінің сенімді сандық көрінісін береді және оларды өлшеу тікелей өлшемдерді алмастырады.

Сапалы жанама параметрлер шығарындылардың құрамы туралы сенімді сапалы ақпарат береді.

Индикаторлық жанама параметрлер қондырғының жұмысы немесе технологиялық процестің барысы туралы ақпаратты және сәйкесінше шығарындылар/төгінділер туралы болжамды деректерді береді.

Уыттылық параметрлері – жанама параметрлердің арнайы тобы. Уыттылықты өлшеу дегеніміз су немесе ауа ортасындағы заттың мөлшерін анықтау, онда ол әрекет ете отырып улы процестің әртүрлі формаларын тудырады.

### 1.3.2.2. Материалдық баланс әдісі

Материалдық баланс мониторингі қарастырылып отырған заттардың түсін, жинақталуын, өндірілуін, шығуын, сондай-ақ түзілуін немесе бұзылуын ескеруге мүмкіндік беретін әдіс болып табылады. Қоршаған ортаға шығарындылар мен төгінділер және технологиялық қалдықтар тепе-тендіктегі айырмашылық негізінде есептеледі. Материалдық баланс өндіріс объектісінен, процестен немесе технологиялық бөлімшеден шығарындыларды, төгінділерді және технологиялық қалдықтардың пайда болуын бағалау үшін пайдаланылады. Материалдық баланс материалдардың түсі мен

жойылуының нақты мәндері және олардың сандық параметрлері анықталған жағдайдаған пайдаланылады.

Материалдық баланс әдісін қолдану атмосфераға эмиссиялар мен сініру деңгейлерін талдау үшін пайдалы құралы болып табылады, мысалы, сынап элементтері бар хлор-сілтілі қондырғыдағы сынап тепе-тендігі.

### 1.3.2.2.3. Шығарындылар/төгінділер коэффициенттері (эмиссия факторлары)

Шығарындылар/төгінділер коэффициенттері (меншікті шығарындылар және төгінділер) – бұл кәсіпорынның шығарындыларының және төгінділерінің деңгейін анықтау мақсатында технологиялық процестің өнімділік деңгейіне немесе өнеркәсіптік қондырғының өткізу қабілеттілігіне (мысалы, өнімді шығару, суды тұтыну және т.б.) көбейтіletін сандық коэффициенттер. Бұл коэффициенттер ұқсас технологиялық процестер арқылы ұқсас өнімдерді шығаратын барлық өнеркәсіптік қондырғылардың шығарындыларының және төгінділерінің сипаттамалары ұқсас деген болжамда қолданылады. Шығарындылар/төгінділер коэффициенттері шағын өнеркәсіптік қондырғылар үшін табиғатты қорғау төлемдерінің деңгейін, сондай-ақ ұйымдастырылмаған шығарындыларды анықтау үшін кеңінен қолданылады.

Шығарындылар/төгінділер коэффициенттері әдетте технологиялық жабдықтың белгілі бір түрлерін, белгілі бір көзді (мысалы, белгілі бір отынмен жұмыс істейтін қазандықтарды) сынау нәтижелері бойынша анықталады.

Практикада EN ISO 11771: 2010 халыкаралық стандарты өлшеу жолымен жиналған деректерді пайдалана отырып, белгілі бір қондырғыдан немесе бірқатар қондырғылардан (немесе жалпы көз түрінен) уақыт бойынша орташаланған жаппай шығарындыларды анықтаудың, ұсынудың және белгілеудің жалпы әдісін белгілейді:

стандартталған қолмен немесе автоматты әдістерді пайдалана отырып, газ концентрациясы мен шығынын бір мезгілде өлшеу, сондай-ақ өлшеулердің белгісіздігін бағалау арқылы жаппай шығарындылардың қарқындылығын;

белгілі бір қондырғы немесе бірқатар қондырғылар үшін меншікті шығарындылардың уақыт бойынша орташа мәндері және олармен байланысты белгісіздік сипаттамалары;

түгендеу сапасын қамтамасыз ету және тексеру процесіне жәрдемдесу үшін сапаны басқару жүйелері.

Шығарындылар коэффициентін таңдауға әсер ететін негізгі өлшемшарт коэффициентті қолдану кезінде таңдалған жабдық немесе процесс пен коэффициент алынған жабдық немесе процесс арасындағы ұқсастық дәрежесі болып табылады.

Нақты процесске арналған өлшеулер негізінде алынған шығарындылар коэффициенттері кейде басқа қондырғылардағы шығарындыларды бағалау үшін пайдаланылады.

#### **1.3.2.2.4. Өзге әдістер**

Өндірістік процестердің шығарындыларын бағалау үшін теориялық және күрделі тендеулер немесе модельдер қолданылады. Бағалауды заттың физика-химиялық қасиеттеріне (мысалы, бу қысымы) және физика-химиялық қатынастарға (мысалы, идеалды газ заңы) негізделген есептеулер арқылы жүзеге асыруға болады.

Модельдерді және олармен байланысты есептеулерді пайдалану барлық қажетті тиісті кіріс деректерінің болуын талап етеді. Әдетте модельдер мына жағдайларда ақылға қонымды баға береді:

модельдер алдыңғы тексерулер көрсеткендей, сенімді болжамдарға негізделген;  
оларға тән белгісіздік өте аз;

олардың жанында сезімталдықты талдаудың тиісті нәтижелері көрсетілген;

модельдің көлемі қарастырылған жағдайға сәйкес келеді;

бастапқы деректер сенімді және орнату шарттарына сәйкес келеді.

#### **1.4. Деректердің сапасын қамтамасыз ету**

Деректердің сапасын қамтамасыз ету мониторинг процесінің ажырамас бөлігі болып табылады және сенімді және пайдалы ақпарат алу үшін өте маңызды. Сенімді деректер объективті талдаулар жүргізуге және шығарындыларды бақылаудың әртүрлі әдістерінің тиімділігін бағалауға мүмкіндік береді.

Деректер сапасы шығарындылардың рұқсат етілген деңгейлеріне, апаттардың алдын алуға және басқаларға қатысты шешім қабылдауға да әсер етеді. Егер деректер сенімсіз немесе дәл болмаса, қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына теріс әсер ететін қате шешімдер қабылдау қаупі туындейды.

Деректердің сапасын қамтамасыз етудің маңыздылығы ақпаратты жинау мен жазудан бастап оны өндеуге және талдауға дейінгі өндіріс тізбегінің бүкіл бойында көрінеді. Тіпті ең озық мониторинг әдістері, егер олар негізделген деректер дұрыс емес немесе сапасыз болса, пайдасыз болып табылады.

Деректердің сапасын қамтамасыз ету мониторингтің кез келген түрінің ажырамас бөлігі болып табылады және шешім қабылдауда және қоршаған орта мен қоғам үшін жағымсыз салдардың алдын алуда шешуші рөл атқарады.

Өлшеу жүйелерін сынауды, тексеруді, калибрлеуді жүргізетін зертханалар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес аккредиттеуден, әдістерді валидациялаудан, деректерді өндеуден, өлшеулердің белгісіздігін бағалаудан және нәтижелерді ұсынудан өтуі қажет. Аккредиттеу стандарттардың бірыңғай интерпретациясын қамтамасыз етеді және өлшемдердің және алынатын деректердің сапасына кепілдік береді, бұл өлшеу нәтижелерінің сенімділігін және дұрыстығын қамтамасыз ету және алынған деректерге деген сенімділікті арттыру үшін маңызды.


Өнеркәсіптік шығарындылардағы ластағыш заттардың құрамын өлшеу нәтижелеріне қойылатын маңызды талаптарға объективтілік, сенімділік және дәлдік жатады, өйткені бұл өлшемдердің және жалпы өндірістік экологиялық мониторинг жүйесінің практикалық маңыздылығы өлшеу нәтижелеріне деген сенім дәрежесімен және оларды басқа кәсіпорындардың, секторлардың, аймақтардың нәтижелерімен, яғни олардың салыстырмалылығымен салыстыру мүмкіндігімен анықталады. Ақпараттың объективтілігі адам факторының әсері болмаған кезде үздіксіз режимде жұмыс істейтін автоматты өлшеу құралдарын қолдану арқылы қамтамасыз етіледі. Шынайылық метрологиялық қадағалануын қамтамасыз ететін құралдар мен әдістер кешенін, тиісті физикалық шаманың бастапқы эталондарына өлшеу нәтижелерін қолдану арқылы анықталады.

Әр түрлі көздер үшін су буының мөлшері, температура, қысым және басқалар сияқты параметрлердің мәндерімен ерекшеленетін күрделі газ орталарындағы ластағыш заттардың құрамын өлшеу нәтижелерін салыстыру мәселесі өлшеу нәтижелерін қалыпты жағдайға келтіру арқылы шешіледі (әдетте бұл температура 0 °C, қысым 101,325 кПа, құрғақ газ, ЕҚТ бойынша тиісті салалық анықтамалықтарда ұсынылған оттегі мөлшері).

Есептердегі деректерді шешім қабылдау процесінде қолдану мүмкін болу үшін, олар қолжетімді және дұрыс болуы қажет (көрсетілген қателік шегінде).

## **1.5. Қалыпты жұмыс режимі кезінде және қалыпты жұмыс жүктемесінен өзгеше өлшеу шарттарын есепке алу**

Үздіксіз өлшеулер үшін мониторинг нәтижелері қалыпты жұмыс жағдайларын да, қалыпты пайдалану режимін де (NOC – normal operation conditions), сондай – ақ қалыпты жұмыс жағдайларынан, пайдалану жүктемесінен (OTNOC – Other Than Normal Operation Conditions) де өзгеше жағдайларды қамтитын болады. Сондықтан қондырығының әр түрлі жұмыс жағдайларын жіктеу өлшемшарттары алдын ала белгіленуі керек, өйткені, мәндер, егер нәтижелер белгілі бір (калибрлеу) диапазон шегінде болса, NOC үшін, ал қажет болған жағдайда OTNOC үшін де бөлек орташалануы қажет. Бұл көрсетілген орташа мәндердің тек салыстырмалы пайдалану жағдайларына қатысты болуын кепілдендіреді.



1.2-сурет. Уақыт өте келе шығарындылар деңгейінің өзгеру мүмкіндігіне мысалдар.  
Дереккөз: [6]

1.2-суретте келтірілген мысалдарда НОС және ОТНОС және тиісті мониторинг режимін келесідей қорытындылауга болады:

1. А процесі өте тұрақты процесс болып табылады. Қалыпты жұмыс жүктемесі (НОС) басым. Өлшеу нәтижелері қашан орындалғанына қарамастан бірдей болады. Кезеңді өлшеулер қосымша минималды жиілікте жүзеге асырылады.

2. В процесі циклдік немесе кезеңді процестер үшін тән ауыспалы, бірақ тұрақты жоғары және төмен шығарындылар деңгейі бар мысал болып табылады. Бұкіл процесс екі түрлі шығарындылар деңгейі бар қалыпты жұмыс жүктемесі болып табылады деп болжанады.

Мониторингке таңдалған тәсіл шығарындылардың жекелеген фазаларының ұзақтығына және нақты рұқсат талаптарына байланысты болады.

Егер шығарындыларды үздіксіз өлшеу жүргізілсе, әрбір жеке фаза үшін шығарындылар деңгейін ескере отырып, шығарындылардың жалпы орташа деңгейі онай сандық анықталады (мысалы, әрбір газ құбырындағы бақылау).

Егер кезеңді өлшеулер жүргізілсе, шығарындылардың жалпы орташа деңгейін (мысалы, жүктемелерді бағалау үшін) немесе әрбір жеке фаза үшін шығарындылар деңгейін анықтау керек пе, алдын ала нақтылау қажет. Бұл жағдайда екі түрлі шығарындылар фазасы кезінде параллельді өлшеу жүргізген жөн.

3. С процесі кездейсоқ қысқа, бірақ биік шындары бар салыстырмалы түрде тұрақты процесс болып табылады. Мұндай жағдай әрдайым белгілі бір шарадан кейін, мысалы, процесті бастау немесе оны тоқтату кезінде пайда болатын тұрақты шындардан тұруы мүмкін.

Мониторинг талаптарын анықтау кезінде шындардың жалпы шығарындыларға қосқан үлесін және олардың қоршаған ортаға әлеуетті әсерін ескеру қажет.

Үздіксіз өлшеулер шындарды да, аралық кезеңдерді де қамтиды және қалыпты жұмыс режимін және қалыпты жұмыс режимінен ерекшеленетінін ажыратуға мүмкіндік береді.

4. Д процесі өте өзгермелі процесс, сонымен бірге ерекше жұмыс жағдайы (қалыпты жұмыс жағдайынан өзгеше) болып табылады.

Бұл жағдайда үздіксіз өлшеулер жүргізу орынды деп саналады.

Осы типтегі шығарындылар үшін мерзімді өлшеулер қолданылуы екіталай. Егер қондырығының жалпы шығарындыларына қосқан үлесі өте төмен болса немесе ауытқуларға қарамастан, шығарындылар деңгейі РШН-ден үнемі төмен болады деп күтілсе ғана, шығарындылардың ең жоғары деңгейлері кезінде өлшеулердің орындалуына кепілдік беретін өлшеу жоспарын жасау орынды болуы мүмкін.

## 1.6. Өнеркәсіптік шығарындыларды бақылудың құқықтық негізі

Қабылданған заңнамалық актілерде I санаттағы МАЖ шығарындыларының стационарлық көздерін жарақтандыру жөніндегі талаптарды іске асыру нормативтік–құқықтық және нормативтік–техникалық құжаттар кешенін әзірлемей және қабылдамай мүмкін емес, онда МАЖ-ге, оларды сынау және тексеру құралдары мен әдістеріне, қоршаған ортаға теріс әсер ететін объектілердің мемлекеттік тізіліміне ақпаратты тіркеу мен берудің техникалық құралдарына қойылатын негізгі техникалық және метрологиялық талаптар тұжырымдалуы қажет. Объектілер операторларының қоршаған ортаға эмиссиялар мониторингін жүргізуі экологиялық заңнаманың нормаларымен, оның ішінде бекітілген [33] реттеледі.

## 2. Ең үздік қолжетімді техникаларды анықтау әдіснамасы

ЕҚТ бойынша осы анықтамалықты қолдану саласы үшін ең үздік қолжетімді техниканы айқындау рәсімін Қағидалардың ережелеріне сәйкес "Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы" КеАҚ ЕҚТ бюросы (бұдан әрі – Орталық) және "Атмосфералық ауаға және су объектілеріне ластағыш заттар эмиссияларының мониторингі" ЕҚТ бойынша анықтамалықты әзірлеу мәселелері жөніндегі техникалық жұмыс тобы ұйымдастырыды.

### 2.1. Детерминация, іріктеу қағидаттары

Техниканы ең үздік қолжетімді деп анықтау Экология кодексінің талаптарына сәйкес қағидаттар мен өлшемшарттарға негізделген. Техниканы ең үздік қолжетімді деп айқындау әдістемесі кәсіпорынның және қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік уәкілетті органдардың мақсаттарын орындауды қамтамасыз ететін, ең

ұздік қолжетімді техникаларға үміткер техникалар ретінде қабылданған баламалы техникаларды іріктеуге және салыстыруға негізделеді. Үміткер техникаларды айқындау кешенді технологиялық аудиттің нәтижелеріне және қолдану саласындағы ең ұздік қолжетімді техникалардың техникалық және экономикалық қолжетімділігін негіздейтін Қазақстан Республикасының климаттық, экономикалық, экологиялық жағдайларына және отын базасына негізделген бейімделу қажеттілігін ескере отырып, халықаралық тәжірибелі талдауға негізделеді.

Ең ұздік қолжетімді техникаларды таңдау қағидаттары техникалық жұмыс топтары мен мұдделі тараптардың ең ұздік қолжетімді техникалар ретінде техникаларды анықтау өлшемшарттарын есепке алу және талдау бойынша іс қимылдарының реттілігін сақтауға негізделген:

1. Эмиссиялардың маркерлік ластағыш заттарын ескере отырып, сала үшін негізгі экологиялық проблемаларды айқындау.

Маркерлік заттар тізбесін айқындау әдісі негізінен жобалық, технологиялық құжаттаманы және ЕҚТ бойынша анықтамалықты қолдану саласында жүргізілген кәсіпорындардың КТА барысында алынған мәліметтерді зерделеуге негізделді.

Ластанудың негізгі көздерінің эмиссияларында болатын ластағыш заттардың тізбесінен маркерлік заттардың тізбесі олар мынадай сипаттамаларға сәйкес келген жағдайда айқындалды:

зат қарастырылып отырған технологиялық процеске тән (жобалау және технологиялық құжаттамада негізделген заттар);

зат қоршаган ортаға және (немесе) халықтың денсаулығына айтарлықтай әсер етеді, оның ішінде жоғары уыттылығы, дәлелденген канцерогендік, мутагендік, тератогендік қасиеттері, кумулятивті әсері бар, сондай-ақ тұрақты органикалық ластағыш заттарға жататын заттар бар.

2. Саланың экологиялық проблемаларын шешуге бағытталған үміткер техникаларды анықтау және сипаттау.

Саланың экологиялық проблемаларын шешуге бағытталған үміткер техникаларды айқындау кезінде Қазақстан Республикасында және әлемдік қоғамдастықта бар үміткер техникалардың тізбесі жасалады. Бұдан әрі тізім Қазақстан Республикасының жағдайында қолданыстағы және/ немесе жаңа қондырғыда қолдану мүмкіндігі бойынша сараланады және оларды қолдану мүмкіндігі немесе мүмкінсіздігі туралы дәлелді дәлелдер көрсетіледі.

3. Осы ЕҚТ анықтамалығының 2.2-тармағында келтірілген өлшемшарттарға сәйкес және экологиялық тиімділік деңгейлеріне қол жеткізілген жағдайларды белгілеу негізінде ең ұздік қолжетімді техникалардың өлшемшарттарын қанағаттандыратын техникалардың тізбесін анықтай отырып, үміткер техникаларды бағалау, талдау және салыстыру.

Ең үздік қолжетімді техникаларға үміткер техникалард бағалау, талдау және салыстыру кезінде келесі өрекеттер тізбегі сакталады:

1) белгіленген техникалар үшін эмиссияларды бақылау сапасын және қоршаған ортаның әртүрлі компоненттеріне әсер етудің кейінгі деңгейін, әртүрлі ресурстар мен материалдарды тұтыну деңгейлерін бағалау жүргізіледі;

2) техникаларды ендіруге және жабдықты ұстауға арналған шығындарды, техникаларды енгізгеннен кейінгі ықтимал жеңілдіктер мен артықшылықтарды, ендіру кезеңін қажетті ақпарат болған кезде бағалау;

3) бағалау нәтижелері бойынша негізгі технологиялық процестің белгіленген техникаларынан:

эмиссияларды бақылауды, қоршаған орта компоненттеріне әсердің алдын алуды немесе азайтуды қамтамасыз ететін;

оларды ендіру эмиссияларды бақылаудың тиісті деңгейіне және соның салдарынан басқа ластағыш заттар шығарындыларының, ластанған сарқынды сулардың төгінділерінің, ресурстарды тұтынудың, қоршаған ортаға теріс әсер етудің өзге де түрлерінің елеулі азаюына және халықтың деңсаулығы үшін қолайлыш немесе жол берілетін деңгейден жоғары тәуекелдің азаюына әкеп соғатын;

оларды ендіру шамадан тыс материалдық-қаржылық шығындарға әкелмейтін (ендіру кезінде мүмкін болатын жеңілдіктер мен артықшылықтарды ескере отырып);

ендердің қолайлыш мерзімдері бар техникалар таңдалады.

4. Ең үздік қолжетімді техникамен қамтамасыз етілетін ең үздік экологиялық нәтижелілік деңгейлерін анықтау (ЕҚТ-мен байланысты эмиссиялардың технологиялық көрсеткіштерін қоса алғанда).

"Ең үздік қолжетімді техника" термині Экология кодексінің 113-бабында анықталған [1].

Ең үздік қолжетімді техникалар деп қызмет түрлері мен оларды жүзеге асыру әдістерін дамытудың ең тиімді және озық кезеңін түсінеміз, бұл олардың қоршаған ортаға теріс антропогендік әсерді болдырмауға немесе іс жүзінде мүмкін болмаса, азайтуға бағытталған технологиялық нормативтер мен басқа да экологиялық жағдайларды белгілеуге негіз бола алатындығы үшін олардың тәжірибелік жарамдылығын көрсетеді.

Техникалар деп объектіні жобалауға, салуға, күтіп ұстауға, пайдалануға, басқаруға және пайдаланудан шығаруға қолданылатын қолданылатын технологияларды да, әдістерді, процестерді, тәжірибелерді, тәсілдерді және шешімдерді де түсінеміз.

Техникалар, егер олардың даму деңгейі осындағы техникалардың Қазақстан Республикасында қолданылуына немесе өндірілуіне қарамастан, шығындар мен пайданы ескере отырып, экономикалық және техникалық мүмкін жағдайларда

өндірістің тиісті секторында осындағы техникаларды ендіруге мүмкіндік берсе және олар объектінің операторы үшін негізді түрде қолжетімді шамада ғана қолжетімді болса, қолжетімді болып саналады.

Ең үздік деп біртұтас бүтін ретінде қоршаған ортаны қорғаудың жоғары жалпы деңгейіне қол жеткізуде ең тиімді болып табылатын қолжетімді техникаларды түсінеміз.

Ең үздік қолжетімді техникаларды қолдану қоршаған ортаның ластануын кешенді түрде болдырмауға, қоршаған ортаға теріс антропогендік әсерді азайтуға және бақылауға бағытталған.

Ең үздік қолжетімді техникаларды қолдану салалары деп экономиканың жекелеген салаларын, қызмет түрлерін, технологиялық процестерді, қызметті жүргізу дің техникалық, ұйымдастырушылық немесе басқарушылық аспектілерін түсінеміз, олар үшін Экология кодексіне сәйкес ең үздік қолжетімді техникалар айқындалады.

## 2.2. Техникаларды ЕҚТ-ға жатқызу өлшемшарттары

Экология кодексінің 113-бабының 3-тармағына сәйкес ең үздік қолжетімді техникаларды анықтау өлшемшарттары мыналар болып табылады:

- 1) аз қалдықты технологияны пайдалану;
- 2) қауіптілігі төмен заттарды пайдалану;
- 3) технологиялық процесте түзілетін және пайдаланылатын заттарды, сондай-ақ қалдықтарды қалпына келтіруге және қайта өндеуге, бұл қашалықты қолданылуына қарай ықпал ету;
- 4) өнеркәсіптік деңгейде сәтті сыналған процестердің, құрылғылардың және операциялық әдістердің салыстырмалылығы;
- 5) технологиялық жетістіктер және ғылыми білімдегі өзгерістер;
- 6) қоршаған ортаға тиісті эмиссиялардың табиғаты, әсері және көлемі;
- 7) жаңа және жұмыс істеп тұрған объектілер үшін пайдалануға беру күні;
- 8) ең үздік қолжетімді техниканы ендіру үшін қажетті мерзімдердің ұзақтығы;
- 9) процестerde пайдаланылатын шикізат пен ресурстардың (суды қоса алғанда) тұтыну деңгейі мен қасиеттері және энергия тиімділігі;
- 10) эмиссиялардың қоршаған ортаға теріс әсерінің және қоршаған орта үшін тәуекелдердің жалпы деңгейін болдырмау немесе ең төменгі деңгейге дейін азайту қажеттілігі;
- 11) аварияларды болдырмау және қоршаған орта үшін жағымсыз салдарлардың ең төмен деңгейіне дейін түсіру қажеттілігі;
- 12) халықаралық ұйымдар жариялаған ақпарат;
- 13) Қазақстан Республикасындағы немесе одан тыс жерлердегі екі және одан да көп объектілерде өнеркәсіптік ендіру.

Техниканы ЕҚТ ретінде айқындау кезінде Экология кодексі қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ету ең үздік қолжетімді үміткер болып табылатын әрбір техника үшін мынадай шарттарды сақтауда көрсетілген өлшемшарттарды біріктіру шарты болып табылады:

- 1) қоршаған ортаға теріс әсер етудің ең төмен деңгейі;
- 2) оны ендірудің және пайдаланудың экономикалық тиімділігі;
- 3) ресурс және энергия үнемдеу әдістерін қолдану;
- 4) техниканы ендіру кезеңі;
- 5) қоршаған ортаға теріс әсер ететін екі және одан да көп объектілерде техниканы өнеркәсіптік ендіру.

Коршаған ортаға теріс әсер етудің ең төменгі деңгейі

Үміткер техниканың қоршаған ортаға теріс әсер етуінің ең төмен деңгейін қамтамасыз ету шарты белгіленген кезде мынадай екі көрсеткіш қаралады:

- 1) технологиялық процестерде пайдаланылатын және (немесе) тұзілетін заттардың атмосфера, топырақ, су жүйелері, адам, басқа да тірі организмдер және тұтастай алғанда экожүйелер үшін қауіптілігі;
- 2) шығарындылар мен төгінділер құрамындағы ластағыш заттар әмиссияларының теріс әсер ету сипаты мен мәндері.

Технологиялық процестерде пайдаланылатын және (немесе) тұзілетін заттардың қауіптілігін айқындау кезінде шығарындылар мен төгінділер құрамындағы ластағыш заттардың әмиссияларына, олардың көлемдеріне (массасына), сондай-ақ қалдықтардың көлемі мен сипаттамаларына түгендеу жүргізіледі. Технологиялық процестер барысында пайдаланылатын және (немесе) тұзілетін ластағыш заттардың қауіптілігін бағалау кезінде атмосфераға бөлінетін, су объектілеріне, аралық өнімдерге және қалдықтарға түсетін маркерлік ластағыш заттар белгіленеді.

Маркерлік заттарды тандау келесі сипаттамаларды белгілеуге негізделген:

- зат қарастырылып отырған технологиялық процеске тән;
- зат әмиссияларда үнемі және маңызды концентрацияда болады;
- зат қоршаған ортаға айтарлықтай әсер етеді;
- затты анықтау әдісі қолжетімді, қайталанатын және өлшем бірлігін қамтамасыз ету талаптарына сәйкес келеді;

маркерлік заттарды анықтаудың сандық өлшемшартты олардың ластағыш заттар шығарындыларының жалпы көлеміндегі ең үлкен жиынтық үлесі болып табылады.

### **Техниканы ендіру мен пайдаланудың экономикалық тиімділігі**

Экономикалық тиімділікті қамтамасыз ету шарты белгіленген кезде техниканы ендіруге, пайдалануға және оны ендірудің пайдасына шығындар мен пайданы талдау әдісін қолдану арқылы бағалау жүргізіледі. Егер әртүрлі әдістерді ендіру он нәтиже берсе, онда ең жоғары нәтижелілік техникасы ең жақсы баға/сапа қатынасын беретін

және сәйкесінше қарастырылып отырған техникалар арасында ең үздік экономикалық көрсеткіштерді қорсететін техника болып саналады. Бұл талдау әдісі деректерді кеңірек қамтуды қажет етеді, мұнда пайда/шығындар туралы деректерді ақшалай түрде ұсыну қиын.


Техниканы ендіруге "дейін" және "кейін" ақша ағындарының айырмашылығының нәтижесінде туындастын қосымша ақша ағынына талдау жүргізу көптеген кәсіпорындарға ең таныс экономикалық талдау жасауға мүмкіндік береді.

Шығындар мен пайданы талдау әдісіне баламаға іс-шаралардың ең төменгі құны кезінде белгілі бір экологиялық мақсатқа жету үшін ең қолайлы шығындарды анықтау үшін қолданылатын шығындар тиімділігін талдау жатады. ЕКТ үміткер техникаларын олардың экономикалық тиімділігі артқан сайын саралау алынған экологиялық пайдамен салыстырғанда негізсіз және дәлелсіз қымбат нұсқаларды алып тастауға мүмкіндік береді.

Техниканың экономикалық тиімділігі мына формулаға сәйкес анықталады:  
экономикалық тиімділік = жылдық шығындар, теңге / эмиссияларды қысқарту, т/жыл.

Шығындарды есептеу әдістемесі ендіру мен пайдаланудың экономикалық тиімділігін ескере отырып, құрылыш, орнату, технология немесе процесс үшін күрделі шығындар мен пайдалану шығындары туралы деректерді жинауға және талдауға мүмкіндік беретін алгоритмді белгілейді.

Бағалаудың негізгі кезеңдері 2.1-суретте келтірілген.



2.1-сурет. Техниканы ендіру мен пайдаланудың экономикалық тиімділігін бағалау кезеңдері.

ЕКТ ендірудің экономикалық талдауын жүргізу барысында мыналар қаралады:

- 1) салыстырмалы техникаларды өнеркәсіптік ауқымда алдыңғы табысты пайдалану тәжірибесі;

2) осы техниканы өндіріске ендіруге және пайдалануға байланысты белгілі апattар туралы ақпарат;

3) техникаларды ендіру климатының географиялық факторлары (энергия көздеріне қатысты орналасуы, оның қолжетімділігі, логистикалық тізбектер), сондай-ақ өнірлік физикалық-географиялық және геологиялық жағдайларға және ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың, мәдениет ескерткіштерінің және рекреация объектілерінің болуына байланысты технологиялық шектеулер.

Үміткер техниканы бағалауды жүргізу үшін күрделі шығындарды (құрылыштарды салуға, жабдықтарды сатып алуға және монтаждауға) және пайдалану шығындарын бөле отырып, шығындардың құрылымы айқындалады. Пайдалану шығындарында техникалық қызмет көрсету және жөндеу шығындары, энергия тасымалдаушылар, материалдар мен қызметтер, енбекақы төлеу шығындары бөлінеді.

Шығындар туралы ақпаратты жинау қорытындылары бойынша қарастырылып отырған баламалы нұсқаларды одан әрі объективті салыстыруды қамтамасыз ету үшін деректерді өндөу жүргізіледі.

### Техниканы ендіру кезеңі

Техниканы ендіру уақытын бағалау үшін қоршаган ортаны қорғауды қамтамасыз етуге қатысты шығындармен салыстырғанда белгілі бір техниканың өтелу кезеңі қолданылады. Техниканы ендіру жылдамдығын бағалау жүргізіледі. Келесі уақыт масштабтарында техниканы ендіру жылдамдығын бөлек қарастырған жөн:

қысқа мерзімді (бірнеше аптадан бірнеше айға дейін);

орташа мерзімді (бірнеше айдан бір жылға дейін);

ұзақ мерзімді (әдетте бірнеше жылды құрайды).

Жаңғырту уақытын талдау қолданыстағы жабдықты жоспарлы ауыстыруға негізделген. ЕҚТ ендіру жылдамдығын (кезеңін) бағалай отырып, жаңғыртудың шекті шығындарын талдау ұсынылады. Елеулі инвестициялық күрделі шығындарды немесе өндірістік процестер мен инфракұрылымның елеулі модификацияларын талап ететін ЕҚТ үшін оларды ендерудің неғұрлым ұзақ кезендерін көздеу қажет болып көрінеді.

### Ресурс және энергия үнемдеу әдістерін қолдану

Ресурс және энергия үнемдеу әдістерін қолдануды талдау кезінде энергия және ресурс үнемдеу саласындағы қолданыстағы нормативтік-құқықтық құжаттардың талаптары мен ережелері ескеріледі. Талдаудың мақсаты энергия мен ресурстарды үнемдеудің ең үздік көрсеткіштерімен сипатталатын (қарастырылатындардың ішінде) техникаларды анықтау болып табылады.

Негізгі ресурстарды тұтыну бойынша мыналарды ескере отырып, техникаларға салыстырмалы талдау жүргізіледі:

### 1) энергия тұтыну:

энергия тұтынудың жалпы деңгейі және әртүрлі (негізгі, қосалқы және қызмет көрсететін) технологиялық процестер үшін (оны төмендетудің негізгі мүмкіндіктерін бағалай отырып);

отынды пайдалану түрі мен деңгейі;

2) су тұтыну:

суды пайдаланатын технологиялық процестер;

технологиялық процестер үшін де тұтынудың жалпы көлемі (оны төмендету немесе қайта пайдалану мүмкіндіктерін бағалай отырып);

судың мақсаты (жуу сұйықтығы, салқыннатқыш және т.б.);

суды қайта пайдалану жүйелерінің болуы;

3) қайта пайдалану мүмкіндіктерін бағалай отырып, шикізат пен қосалқы материалдарды (реагенттерді және т.б.) тұтыну көлемі.

Салыстырмалы талдаудан кейін технологиялық процесте қолданылатын заттарды қалпына келтіру және қайта өндеу және энергияны қалпына келтіру мүмкіндігі анықталады.

Қарастырылып отырған техникаларды салыстырмалы бағалау үшін қолданылатын энергия тиімділігі мен ресурстарды үнемдеудің негізгі көрсеткіштері ретінде (жабдықты пайдаланудың реттелетін жағдайларында) мына көрсеткіштер қолданылады – электр энергиясының, жылудың, отынның, судың, әртүрлі материалдардың нақты шығындары, бір немесе басқа ресурстың нақты шығындары (электр энергиясы, жылу, су, реагенттер және басқалары) өнімнің немесе көрсетілетін қызметтің бірлігіне, мысалы, электр энергиясы үшін кВт-сағ, өнімнің немесе көрсетілетін қызметтің 1 көлеміне, жылу энергиясы үшін – Гкал/өнім немесе көрсетілетін қызмет көлемі, су үшін – м3/өнім немесе көрсетілетін қызмет көлемі және т.б.

Ресурс үнемдеу (энергия мен материалдарды үнемдеу) отын-энергетикалық және басқа да материалдық ресурстарды тиімді (ұтымды) пайдалануға және үнемді жұмсауга бағытталған тиісті құқықтық, ұйымдастырушылық, ғылыми, өндірістік, техникалық және экономикалық шараларды іске асыру мүмкіндігі түрғысынан да бағаланады. Ресурстарды үнемдеу әлеуеті нақты энергия және ресурс үнемдеу іс-шаралары арқылы жүзеге асырылады, оларды өндірістің мәдениетін арттыруды, жабдықты пайдаланудың номиналды режимдерін сақтауды, агрегаттарды тиедің онтайлы деңгейін қамтамасыз етуді, отын-энергетикалық ресурстардың тікелей ысыраптарын жоюды, реттеу және жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын уақтылы орындауды, қайталама энергия ресурстарын пайдалануды (желдету шығарындыларының төмен әлеуетті жылуын кәдеге жаратуды, регенерация және рекуперация процестерін қоса алғанда), пайдаланылатын энергетикалық және басқа ресурстарды есепке алу аспаптарымен жарақтандыруды көздейтін ұйымдастырушылық-техникалық және моральдық ескірген өндірістік қуаттылықтарды (өндірістік тораптарды) уақтылы алмастыруға, қазіргі заманғы энергия тиімді және энергия үнемдейтін жабдықтарды енгізуге, қолданыстағы

технологиялық процестерді жаңғыртуға және автоматтандыруға байланысты инвестициялық деп болуғе болады.

Онім немесе көрсетілетін қызмет көлемінің бірлігіне энергия және басқа ресурстардың үлестік шығысының азауына әкеп соғатын технологиялық процестің және (немесе) пайдаланылатын жабдықтың кез келген ықтимал түрленуі, әсіресе төмендеген кезде (немесе зиянды заттардың шығарындылары мен төгінділерінің қазіргі деңгейі кезінде) оның энергия тиімділігі мен ресурс үнемдеуін арттыру ретінде бағаланады (осы түрлендіруің экономикалық тиімділігі мен технологиялық сенімділігін ескере отырып).

## 2.3. Эмиссиялар мониторингі бойынша ЕКТ ендірудің экономикалық аспекттері

### 2.3.1. ЕКТ экономикалық бағалау тәсілдері

ЕКТ, оларды қолдану тәртібі, артықшылықтары мен кемшіліктері, әдетте, салалық қоғамдастықта кеңінен танымал. Егер оны сәтті өнеркәсіптік пайдалану нәтижелерінің нақты дәлелдері/мысалдары болса, ЕКТ қолайлы болып саналады. ЕО елдері ЕКТ-ны анықтау кезінде өнеркәсіптік пайдалануға шыққан және табиғатты қорғау тиімділігі іс жүзінде расталған технологияларды ғана ескереді.

ЕКТ пайдаланудың егжей-тегжейлі экономикалық талдауы ЕКТ тым қымбат деп есептеуге жеткілікті негіздер болған кезде ЕКТ енгізу мүмкіндігі немесе одан бас тарту туралы шешім қабылдаудың қосымша өлшемшарты болып табылады.

Жалпы экологиялық-экономикалық бағалау нәтижелері бойынша ЕКТ былайша сараланады:

экономикалық тиімді – техника шығындарды азайтқанда, ақшаны үнемдейді және/немесе өнімнің/қызметтің өзіндік құнына аздал әсер етеді және айтарлықтай экологиялық пайда әкеледі;

белгілі бір жағдайларда экономикалық тиімді – техника шығындардың өсуіне әкеледі, бірақ қосымша шығындар кәсіпорынның экономикалық жағдайлары үшін қолайлы болып саналады және алынған экологиялық пайдаға ақылға қонымды пропорцияда болады;

экономикалық тиімсіз – техника шығындардың өсуіне әкеліп соктырады және қосымша шығындар кәсіпорынның экономикалық жағдайлары үшін қолайлы болып саналмайды немесе алынған экологиялық пайдаға пропорционалды емес.

Бірнеше балама ЕКТ арасында таңдау кезінде ең аз шығынды анықтау үшін ЕКТ экологиялық-экономикалық тиімділігінің үлес көрсеткіштерін салыстыру жүргізіледі.

Жалпы, ЕКТ қағидаттарына көшу кәсіпорын үшін оның экономикалық тиімділігін төмендетпей және болжамды кезеңде қаржылық жағдайын сынни тұрғыдан нашарлатпай

, экономикалық түрғыдан қолайлы жағдайларда жүзеге асырылады. ЕҚТ-ны іске асырудың жалпы экономикалық тиімділігі мен мүмкіндігі белгілі бір кәсіпорынның қаржылық-экономикалық жағдайымен анықталады.

Саладағы тұбегейлі өзгерістерге әкеп соғатын ЕҚТ-ны экономикалық бағалау кезінде ұзақ, орта және қысқа мерзімді перспективада өндірістің тиімділігі мен рентабельділігінің ағымдағы деңгейін сақтауды ескере отырып, сала бойынша тұастай алғанда ЕҚТ жобаларын іске асыру мүмкіндігі мәселелері де назарға алынады. Егер оны іске асыру мүмкіндігі жалпы қаржылық шығындар мен экологиялық пайданы ескере отырып, осы салада кеңінен енгізу үшін жеткілікті ауқымда болса, ЕҚТ салалық деңгейде қолданылуы мүмкін деп танылады.

Елеулі күрделі инвестицияларды талап ететін іске асырудың ерекше жағдайлары бар ЕҚТ үшін қоршаған ортаға және адам деңсаулығына теріс әсерді азайту мақсатында азаматтық қоғамның табиғатты қорғау іс-шараларын іске асыруға сұрау салуы мен объект операторының инвестициялық мүмкіндіктері арасындағы ақылға қонымды тепе-тендігі айқындалады. ЕҚТ енгізу процесіне ерекше режим қолданылуы тиіс шарттарды дәлелдеу үшін объектінің операторы жауапкершілік алады.

### **2.3.2. ЕҚТ-ны экономикалық бағалау тәсілдері**

ЕҚТ ендіру тиімділігін экономикалық бағалау әртүрлі тәсілдермен жүзеге асырылады:

шығындардың инвестициялық негізділігі бойынша;

шығындар мен пайданы талдау бойынша;

қызметтің бірқатар негізгі көрсеткіштеріне шығындарға қатысты: айналым, операциялық пайда, өнімнің нақты көлемі, қосылған құн және т.б. (тиісті мәліметтер болған кезде);

шығындар мен қол жеткізілген экологиялық әсердің арақатынасы бойынша.

Экономикалық бағалау әдістерінің әрқайсысы кәсіпорынның өндірістік-экономикалық және табиғатты қорғау қызметтің әртүрлі аспектілері бойынша қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларды іске асыру нәтижесін көрсетеді және ЕҚТ бойынша шешім қабылдаудың қосымша көзі болады. Объектінің операторы салалық және өндірістік ерекшеліктерді, ЕҚТ-ны экономикалық бағалау әдісін немесе олардың үйлесімін ескере отырып, ең қолайлы әдісті қолданады.

### **2.3.3. Шығындардың инвестициялық негізділігі**

ЕҚТ (әсіресе қоршаған ортаны қорғау) әрдайым пайда табу мақсатында коммерциялық қызметтің тақырыбы бола бермейтінін және ЕҚТ ендіру жобасын инвестициялық талдау барысында дисконтталған ақша ағындарының теріс мәндері болатынын түсіну керек.

ЕҚТ-ның қолданылуы, оның ішінде технологиялар мен жабдықтар шығындарының инвестициялық негізділігімен, капитал құнымен, өтелу кезеңімен, шикізат пен материалдардың бағасымен және басқа факторлармен анықталады.

Инвестициялардың кірістілігі түрғысынан ЕҚТ былайша бағаланады:

пайдалы – оларды сатудан немесе қаржы қаржатын үнемдеуден қосымша кіріс алған жағдайда;

кіріс бөлігінде тиімсіз, бірақ ағымдағы немесе болашақ қаржылық жағдай түрғысынан рұқсат етілген;

қаржылық шығындары бойынша пайдасыз және шамадан тыс;

шығындармен салыстырғанда ақылға қонымды экологиялық пайдаға қол жеткізетін ;

қол жеткізілген экологиялық әсермен салыстырғанда негіzsіz жоғары шығындарға ие.

### **2.3.3.1. Шығындар мен пайданы талдау**

Қол жеткізілген экологиялық әсерден басқа, ЕҚТ-ны қолдану көптеген жағдайларда табиғи және еңбек ресурстарын – шикізатты, отынды, электр энергиясын, жылуды, суды, қызметкерлердің жұмыс уақытын және т.б. тұтынуды азайтады. Бұл жағдайда ЕҚТ-ның бағасы кеткен шығындармен салыстырғанда оны қолданудан алынған пайда негізінде айқындалады.

Сонымен қатар, ЕҚТ-ны ендірудің нәтижесі қосымша кіріс көздеріне айналуы мүмкін: ирригациялау және суару қажеттіліктері үшін тазартылған су ағындарын, ауыл шаруашылығына батпақ шөгінділерінің жинақтаушыларын сату, әмиссияның ұсталған компоненттерін, қайталама ресурстарды қайта өндіре және/немесе оларды жаңа өндіріс үшін пайдалану, термиялық кәдеге жарату және т. б.

ЕҚТ пайдаланудың жалпы экономикалық пайдасы шығындардан асып, оны жүзеге асырудың ынталандыруши факторына айналуы мүмкін.

Өндірістік экологиялық бақылауда МАЖ қолдану қоршаған ортаға әсерді дәлірек есептеуге, есептілікті қалыптастыруды автоматтандыруға және деректерді қолмен жинаумен айналысатын қызметшілерге кәсіпорынның шығындарын азайтуға мүмкіндік береді. Атап айтқанда, металлургия зауытында МАЖ енгізу өндірістік экологиялық бақылау шығындарын 60 %-ға қысқартуға мүмкіндік берді.

МАЖ енгізу шикізаттың жоғалуын болдырмауға, өндірістік циклдің маржиналдылығын арттыруға, өндірістік-технологиялық процестің, энергия тиімділігінің, тұтынылатын ресурстардың және шығарындылар деңгейінің оңтайлы параметрлерін белгілеу мақсатында тазарту құрылыштарының жұмысын уақтылы түзетуге көмектеседі.

Тұрақты даму қағидаттарына адалдығын көрсететін әлеуметтік жауапты бизнес ретінде МАЖ пайдаланатын объектілер операторларының беделі де маңызды дәлел

болып табылады, бұл кәсіпорындардың нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруы мүмкін.

### **2.3.3.2. Шығындар мен негізгі экономикалық көрсеткіштердің арақатынасы**

Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларға инвестициялардың орындылығын анықтау үшін МАЖ шығыстарының және қызметтің бірқатар негізгі өндірістік-экономикалық нәтижелерінің арақатынасын талдауға болады: жалпы кіріс, айналым, операциялық пайда, өнімнің нақты көлемі, өзіндік құн және т.б.

Осы талдау кезінде Еуропалық Одақ кәсіпорындарының сауалнамасының нәтижелері бойынша алынған анықтамалық мәндер шкаласын қолдануға болады, олар мұндай қатынастарды келесі санаттарға бөледі:

қолайлы шығындар – егер инвестициялық шығындар негізгі кіріс көрсеткіштеріне шамалы әсер етсе және бұл шығындар әрі қарай талқылаусыз қолайлы деп саналады;

талқыланатын – инвестициялардың орындылығына нақты баға беру қыын немесе мүмкін болмаған кезде орташа шығындар және нәтиже қосымша факторларды ескере отырып қарастыруды қажет етеді;

қолайсыз шығындар – егер инвестициялар қызметтің негізгі көрсеткіштеріне қатысты шамадан тыс болса.

**2.1-кесте. Қоршаған ортаны қорғауга инвестициялардың жүзеге асырылуының болжамды анықтамалық мәндері**

P/c №	ЕКТ-ға жылдық шығындар мен инвестициялардың қызметтің негізгі көрсеткіштеріне арақатынасы	Қолайлы	Талқыланатын	Қолайсыз
1	шығындар/ айналым (кіріс)	< 0,5 %	0,5 – 5 %	> 5 %
2	шығындар/ жылдық кіріс (операциялық пайда)	< 10 %	10 – 100 %	> 100 %
3	шығындар/ қосылған құн	< 2 %	2 – 50 %	> 50 %
4	бастапқы инвестициялар / жалпы инвестициялар көлемі	< 10 %	10 – 100 %	> 100 %

Анықтамалық мәндер шкаласы нақты жоғары шығындармен технологияларды тез жоюға немесе енгізу шығындарын қосымша талдаусыз әдістерді анықтауға мүмкіндік береді.

"Талқыланатын" санаттың ішіндегі мәндердің үлкен аралығын ескере отырып, табиғатты қорғау инвестицияларының едәуір бөлігі осы диапазонға түсүі мүмкін, бұл

оларды салымдардың негізділігі туралы біржақты қорытынды жасау үшін жеткілікті белгіленбекен. Бұл жағдайда, белгілі бір кесіпорында қалыптасқан жағдайлардан басқа, инвестициялардың орындылығы МАЖ ендіру жобасын іске асыру кезеңі, өндірістік экологиялық мониторингке инвестициялардың жалпы деңгейі, ағымдағы нарықтың және қаржылық жағдай және т.б. сияқты қосымша салалық аспектілерді ескере отырып бағалануы керек.

Анықтамалық мәндер шкаласы АМЖ бағалауының көптеген жағдайларында қолданылатын бағалау көрсеткіші ретінде қарастырылады және оны белгілі бір кесіпорынның қаржылық-экономикалық жағдайын ескере отырып, АМЖ қолдану диапазонын құру үшін де пайдалануға болады.

### **2.3.3.3. Өзіндік құнның өсуі**

МАЖ-дың қолданылуын анықтаудың маңызды факторы өз экономикалық қызметінің нәтижесінде шығарындыларды мониторингтеу экологиялық заңнамаға сәйкес объектілердің операторлары үшін қажетті шарт болып табылатыны болады.

Заңды міндеттемені орындаудан басқа, эмиссияларды мониторингтеу өндіріс процесін оңтайландыру үшін пайдаланылса, экономикалық пайда әкелуге мүмкіндік береді.

2.2-кестеде тиісті сегменттердегі әлемдік нарықты талдау, сондай-ақ алдағы кезенге болжам ұсынылған.

#### **2.2-кесте. Әлемдік мониторинг нарығын талдау**

P/c №	Сегмент	Ағымдағы миллиард АҚШ доллары	( Болжам (миллиард АҚШ доллары)	Анықтамалық құжат
1	Ая мониторингі			
1.1	Ая мониторингі (жабдықтың барлық түрі)	2023: 4,9	2028: 6,9	[7]
1.2		2021: 4,46	2030: 8,12	[8]
1.3		2023: 4,9	2032: 8,8	[9]
1.4	C E M S (шығарындыларды үздіксіз бақылау жүйелері)	2021: 2,94	2030: 6,06	[8]
1.5		2023: 2,90	2030: 8,8	[10]
1.6		2023: 3,2	2028: 5,0	[7]
2	Газ тазалау және тозаң тұту жабдықтары			
2.1	Күкіртсіздендіруге арналған жабдық	2023: 21,9	2031: 33,6	[11]
2.2		2021: 19,3	2026: 24,9	[12]
2.3		2021: 19,68	2030: 31,03	[13]

2.4	Қапшық сұзгілер	2022: 13,79	2032: 25,40	[14]
2.5	Электростатикалық сепараторлар	2022: 8,00	2032: 15,0	[15]
2.6	Денитрификациялық жабдық	2023: 4,81	2032: 7,14	[16]
3	Су мониторингі			
3.1	Су сапасының жалпы мониторингі	2022: 5,42	2030: 8,27	[17]

Кесте деректері мыналарды көрсетеді:  
нарықтың барлық аталған сегменттерінде жылына шамамен 5-тен 7 %-ға дейін өсу күтілуде;

атмосфералық шығарындыларды үздіксіз мониторингтеуге арналған әлемдік жабдықтар нарығын бағалау (шамамен 3 млрд АҚШ доллары) тозаң, SOX және азот оксидтері (32 – 38 млрд АҚШ доллары) шығарындыларын азайтуға арналған әлемдік жабдықтар нарығының 10 %-дан кемін құрайды;

егер белгіленген қуаттылығы 1000 МВт көмір электр станциясын салу құны 1 млрд доллардан 4,5 млрд долларға дейін болса [18], онда МАЖ мониторингінің жаһандық нарығының көлемі шамамен бір-үш электр станциясының құрылышының құнына сәйкес келеді.

Су сапасын бақылаудың әлемдік нарығы көлемі бойынша ауа нарығымен салыстыруға болады, сондай-ақ ауыз суының сапасын мониторингтеуді қамтиды.

Мониторинг жүйелерінің бағаларын талдау

Әлемдік нарықта көптеген МАЖ жүйелері қолжетімді. Шығарындыларды үздіксіз мониторингтеу жүйелері (МАЖ) нарығының ең ірі ойыншыларының тізіміне мыналар кіреді: ABB Group, Siemens, Horiba, Sick, Beijing SDL Technology, Focused Photonics, Emerson, CECEP Talroad, Shimadzu, Fuji Electric, Thermo Fisher Scientific, Kontram, Gasmet Technologies Oy, Wayeal, Teledyne Monitor Labs, OPSIS, AMETEK, Cisco, CODEl және т.б.

МАЖ жүйелеріне арналған күрделі және операциялық шығындар әдетте жарияланбайды (өндіруші жүйелік талаптардың егжей-тегжейлі сипаттамасына сәйкес сұраныс бойынша бағаны хабарлайды). Қолжетімді ақпарат 2.3-кестедегі мәліметтерге кіреді.

### 2.3-кесте. МАЖ жүйелерінің құны

P/c №	Өндіруші	Құны	Анықтамалық құжат
1	Газ тәрізді ластағыш заттар		
1.1	EKTIMO, CEMS ENDA-5000 Continuous Emission Monitoring System	60 000 АҚШ доллары	[19]
1.2	KELISAIKE, Continuous Emission Monitoring System for Flue Gas Emissions	30 000 – 70 000 АҚШ доллары	[20]

1.3	Alibaba	100 000 АҚШ долларына дейін	[21]
2	Катты ластағыш заттар (тозан)		
2.1	Nanjing AIYI Technologies, Continuous Emission Monitoring System Online Stack Dust Monitor Particulate Matter Monitor	1000 – 3000 АҚШ доллары	[22]

АҚШ-тың қоршаған ортаны қорғау агенттігі өндеген СЕМС шығындар моделі АМЖ ендіруге және пайдалануға байланысты барлық инвестициялық және операциялық шығындардың егжей-тегжейлі құрылымының мысалы бола алады [23].

#### 2.4-кесте. МАЖ енгізу және пайдалану шығындары

P/c №	Шығындар құрылымы	АҚШ доллары	Жылдық шығындар	АҚШ доллары
1	Жоспарлау	2,886	Күнделікті қызметтер	11,310
2	Жабдықты таңдау	14,008	Деректер мен ақпаратты өндөу	34,370
3	Көмекші куралдар	19,065	Баллонды газ аудиті	17,045
4	МАЖ жабдықтарын сатып алу	95,400	Есеп жүргізу және есеп беру	1,413
5	МАЖ орнату және тексеру	18,741	Жыл сайынғы сапа, пайдалану және техникалық қызмет көрсетуді шолу және жаңарту	5,054
6	Техникалық сипаттамалар сынақтары	36,726		
7	Сапаны қамтамасыз ету/бақылау жоспары	15,244		
8	Барлығы	202,070	Барлығы	69,192

Колда бар деректерді талдау келесі қорытындылар жасауға мүмкіндік береді:  
нарықта МАЖ құрылғыларының жеткілікті таңдауы бар, ал өндірушілер санының көптігінің арқасында жоғары бәсекеге қабілетті орта қалыптасады;

МАЖ жүйелерінің жабдықтарының бағасы мейлінше кең диапазонда өзгереді: жетілдірілген жүйенің құны 40 000 – 100 000 АҚШ доллары аралығында;

МАЖ жүйесін орнатудың жалпы құны жабдықтың бағасынан екі есе көп болуы мүмкін;

пайдалануға және техникалық қызмет көрсетуге жылдық шығындары жалпы сатып алу шығындарының шамамен 15 %-ын немесе жабдық құнының 30 %-ына дейін құрауы мүмкін.

### **3. Қолданылатын процестер: қазіргі уақытта қолданылатын технологиялық, техникалық шешімдер**

Салалар бойынша өндірістік экологиялық бақылаудың ерекшеліктері

Салааралық сипаты мен ерекшелігін ескере отырып, ЕКТ бойынша осы анықтамалық ЕКТ бойынша тиісті анықтамалықтарда сипаттамасы ұсынылған салалар мен қызмет түрлерінің кең ауқымына қолданылады. Бұл бөлімде қазіргі уақытта іске асырылып жатқан ΘЭБ бағдарламалары, оның ішінде эмиссияларға автоматтандырылған мониторинг жүргізу бойынша және ЕКТ бойынша осы анықтамалықты өзірлеу процесінде өз деректерін ұсынған кәсіпорындардың шығарындылары мен төгінділері бойынша нақты иесіздендірілген деректер қысқаша баяндалған.

Қазақстан Республикасындағы ластағыш заттардың шығарындылары туралы деректер 1990 жылдан бастап 2022 жыл аралығындағы кезеңде [24] ЕМЕП халықаралық әдіснамасы бойынша өнделген NFR форматында егжей-тегжейлі бөліністе қолжетімді екенін ескере отырып, экономиканың басым секторлары үшін ағымдағы жағдайды мониторингке қойылатын талаптармен кейіннен салыстыру мақсатында ұлттық ластағыш заттар шығарындыларының көлеміне барынша үлес қосатын өнеркәсіп салаларын көрсету орынды болып көрінеді.

3.1-кестеде 2022 ж. Қазақстан Республикасы тозаңының, күкірт диоксидінің, азот оксидтерінің, көміртек оксидінің және ұшпа органикалық қосылыстардың (ҮОК) жалпы ұлттық шығарындыларындағы энергетика мен өнеркәсіптің жекелеген салаларының үлесі көрсетілген.

Кестеде көліктен, ауыл шаруашылығынан және үй шаруашылықтарын жылдырудан ішінара шығарындылар және әкімшілік және коммерциялық ғимараттар есепке алынбаған, сондай-ақ аталған ластағыш заттардың шығарындыларының сомасы жылына 1 килотоннаға жетпейтін салалар да енгізілмеген.

**3.1-кесте. 2022 ж. жекелеген салалардың шығарындылары, kt**

Жалпы органикалық көміртегі параметрі судағы органикалық қосылыстардың мөлшерін тікелей өлшеу үшін қолданылады. Барынша көп таралған өлшеу әдістері органикалық заттарды СО<sub>2</sub> дейін толық тотықтыру үшін жану камерасын пайдаланады, содан кейін ол ИК-спектрометрия арқылы өлшенеді.

#### **4.2.2.4. Аммоний азотын (NH<sub>4</sub>-N) өлшеу әдісі**

Аммиак азоты (NH<sub>4</sub>-N) NH<sub>3</sub> және NH<sub>4</sub><sup>+</sup> қамтиды. NH<sub>4</sub>-N әдетте биологиялық сарқынды суларды тазарту қондырғыларының нитрификация сатысын немесе сарқынды сулардың уыттылығын бақылау үшін өлшенеді, өйткені жоғары концентрациядағы NH<sub>3</sub> (шамамен 0,2 мг/л) бірнеше балық түрлерінің өліміне әкелуі мүмкін [27].

Аммиактың NH<sub>4</sub>-N-мен әрекеттесуі pH-ға байланысты: pH мәні 8-ден төмен болса, NH<sub>3</sub> 10 %-дан аз, pH мәні 7-ден төмен болса, 1 %-дан аз.

Табиғи, ауыз және сарқынды сулардағы аммонийді айқындауға арналған дистилляциялау және титрлеу әдісі. Әдіс зерттелетін сынамадағы аммоний азотының мөлшерін 10 мг-ға дейін айқындау үшін қолданылады. 6,0-7,4 диапазонында сынаманың pH белгілеу. Орташа сілтілі орта жасау үшін магний тотығын қосу; бос күйінде бөлінген амиакты дистилляциялау және оны құрамында бор қышқылының ерітіндісі бар қабылдағыш колбаға жинау. Бор қышқылын /индикатор ерітіндісін қолдана отырып, стандартты көлемді қышқыл ерітіндісімен дистилляттағы аммонийді титрлеу.

#### **4.2.2.5. Хром құрамын (VI) өлшеу әдістері**

Алты валентті хромның (VI) канцерогендік сипатына байланысты ол жалпы хром құрамына қосымша өлшенеді. Еріген хром (VI) әдетте хроматтан ( $\text{CrO}_4^{2-}$ ), сутегі хроматынан ( $\text{HCrO}_4^-$ ) және дихроматтан ( $\text{Cr}_2\text{O}_7^{2-}$ ) тұрады. Бұл түрлер арасындағы тепе-тендік pH пен хромның (VI) жалпы шоғырлануына тәуелді болады. Хром (VI) құрамын өлшеудің ең көп таралған әдісі иондық хроматография болып табылады.

#### **4.2.2.6. Цианизді өлшеу әдісі**

Бос цианид цианид иондары (мысалы,  $\text{CN}^-$ ) және pH 3,8 болған кезде цианид сутегін (мысалы,  $\text{HCN}$ ) бөлетін әлсіз металл цианид кешендерінде байланысқан цианизды қамтиды. Жалпы цианид сонымен қатар кобальт, алтын, платина, родий және рутений кешендерінде байланысқан цианизді қоспағанда, күшті металлоцианизді кешендерді қамтиды, олардың алынуы ішінара болуы мүмкін.

Цианизді өлшеудің негізгі әдістері:

спектрофотометриялық әдіс;

фотоколориметриялық әдіс.

Массалық шоғырланулар диапазонындағы фотоколориметриялық әдіс 0,02-ден 1,0 мг/дм<sup>3</sup>-ке дейін болады және органикалық заттармен қатты ластанған сарқынды суларға қолданылмайды.

#### **4.2.2.7. Сұйық мұнай өнімдерінің индексін айқындау әдісі**

Сұйық мұнай өнімдерінің индексін айқындау сұйық экстракция әдісі және газ хроматографиясы арқылы жүзеге асырылады. Көмірсутек майының индексін айқындау әдісі белгілі бір рәсімге сәйкес алынған және талданған қосылыстар концентрациясының қосындысын білдіреді. Мұнай өнімдерінің индексі ұзын тізбекті немесе тармақталған алифатты, алицикльді, хош иісті немесе алкил алмастырылған хош иісті көмірсутектерді қамтиды және 0,1 мг/л жоғары концентрацияда өлшенеді.

Тазартылған сығынды жалын иондаушы детекторы (ЖИД) бар газ хроматографиясы (ГХ) арқылы талданады. Н-декан ( $\text{C}_{10}\text{H}_{22}$ ) мен н-тетраконтан (

C40H82) арасындағы шыңның жалпы ауданы өлшенеді. Содан кейін көмірсутек майының индексі есептеледі.

Көмірсутек майының индексін көбінесе галогенделген еріткішпен экстракциялау, содан кейін Фурье түрлендіруімен инфрақызыл спектрометриясы арқылы айқындауға болады.

#### 4.2.2.8. Сынапты айқындау әдісі

Сынапты өлшеу үшін олардың негізінде байытылған немесе байытылмаған атомдық-абсорбциялық спектрометрия (AAC) әдісі (сұық бу әдісі) бар келесі әдістер қолданылады. Байытусыз өлшеу үшін сынаптың бір және екі валентті бөлшектері, сынап органикалық қосылыстарды қоса алғанда, калий броматымен/калий бромидімен тотығу арқылы екі валентті сынапқа айналады, содан кейін SnCl (II) қарапайым сынапқа дейін қалпына келтіріледі. Содан соң Hg ерітіндіден шығарылады және AAC көмегімен өлшенеді.

Егер байыту сатысы қолданылса, тазартылған қарапайым сынап амальгамациялауға жарамды адсорбентке (мысалы, алтын платина торы) концентрацияланады, содан кейін AAC арқылы өлшеу алдында тез қызған кезде десорбцияланады.

Атомдық флуоресценция спектрометриясы (AFS) және индуктивті байланысқан плазмалық масс-спектрометрия әдістері де қолданылады.

#### 4.2.2.9. Металдарды және басқа да элементтерді өлшеу әдістері

Металдар мен басқа да элементтерді өлшеудің бірнеше әдісі бар (бірақ олармен шектелмейді):

индуктивті байланысқан плазмалық масс-спектрометрия (ICP-MS – inductively coupled plasma mass spectrometry);

индуктивті байланысқан плазмалық оптикалық эмиссиялық спектрометрия (ICP-OES – inductively coupled plasma optical emission spectrometry).


Индуктивті байланысқан плазмамен масс-спектрометрия арқылы келесі элементтердің тізбесі айқындалады: Al, Sb, As, Ba, Be, Bi, B, Cd, Cs, Ca, Ce, Cr, Co, Cu, Dy, Er, Gd, Ga, Ge, Au, Hf, Ho, In, Ir, Fe, La, Hg, Li, Lu, Mg, Mn, Hg, Mo, Nd, Ni, Pd, P, Pt, K, Pr, Rb, Re, Rh, Ru, Sm, Sc, Se, Ag, Na, Sr, Tb, Te, Th, Tl, Tm, Sn, Ti, W, U, V, Y, Yb, Zn, Zr.

Өлшеу үшін үлгі радиожиілік плазмасына енгізіледі, мұнда плазмадан энергия беру процестері элементтердің ажыратылуын, ыдырауын, атомизациясын және иондануын тудырады. Пайда болған иондар кейіннен кіріктірілген иондық оптикасы бар дифференциалды айдаудың вакуумдық интерфейсі арқылы алынады, олардың массасы мен зарядының арақатынасы негізінде масс-спектрометрен бөлінеді және әдетте үздіксіз динодтық электрондық көбейткіштің көмегімен анықталады. Жалпы, ICP-MS –

бұл көп элементтерді өлшеудің ең әмбебап және сезімтал, бірақ сондай-ақ ең қымбат әдісі.

Индуктивті байланысқан плазмамен оптикалық эмиссиялық спектрометрия арқылы келесі элементтердің тізбесі айқындалады: Al, Sb, As, Ba, Be, Bi, B, Cd, Ca, Cr, Co, Cu, Ga, In, Fe, Hg, Li, Mg, Mn, Mo, Ni, P, K, Se, Si, Ag, Na, Sr, S, Sn, Ti, W, V, Zn, Zr.

Үлгілер радиожиілік плазмасына енгізіледі, онда пайда болған атомдар мен иондар қозады. Шығарылатын сипаттамалық сәулелену спектрлері торлы спектрометр арқылы шашырайды, ал белгілі бір толқын ұзындығындағы жарық қарқындылығы детектормен өлшенеді (4.2-сурет).



4.2-сурет. Индуктивті байланысқан плазмалық оптикалық-эмиссиялық спектрометрдің үлгісі.

#### 4.2.2.10. Фенол индексін айқындау әдістері

Ұшпа фенолдардың жиынтық құрамын көрсететін фенол индексін екі әдіспен айқындауға болады, екеуі де ағынды талдауға негізделген:

экстракциядан кейін фенол индексін айқындау (дистилляциясыз);

дистилляциядан кейін фенол индексін айқындау (экстракциясыз).

Бірінші әдісте үлгі тасымалдаушы ағынға беріледі, онда фенолдың қосылыстар калий перманганатымен тотығады және түзілген хинондар 4-аминоантипиринмен әрекеттесіп, боялған конденсация өнімдерін түзеді. Олар хлороформмен бөлініп алынады және 470 – 475 нм спектрофотометриялық түрде өлшенеді. Хош иісті аминдер сонымен қатар оң ығысуға әкелетін конденсация өнімдерін құрайды.

Екінші әдіс үшін сынама тасымалдаушы ағынға беріледі, фосфор қышқылымен pH 1,4 дейін қышқылданады және тазартылады. Дистиллятта фенолды қосылыстардың

фракциясы бар, ол бумен кетіріледі. Олар калий гексацианоферратымен (III) тотығады және түзілген хинондар 4-аминоантипиринмен әрекеттесіп, 505 – 515 нм спектрофотометриялық түрде өлшенетін сары конденсация өнімдерін түзеді.

#### 4.2.2.11. Еріген сульфидті айқындау әдістері

Еріген сульфидтерді айқындау метилен көгінің көмегімен фотометриялық әдіспен жүзеге асырылады.

Өлшеу үшін ұлғіні сүзеді, содан кейін сульфидтерді алып тастайды және мырыш ацетаты ерітіндісінде сіңреді. Содан кейін реагенттер қосылады, олармен сульфид әрекеттесіп, 665 нм спектрофотометриялық түрде өлшенетін метилен көгін түзеді.

Оңай бөлінетін сульфидті айқындау дәл осы қағидатты ұстанады, тек айдау pH 4-ке тең болған кезде жүзеге асырылады. Оңай бөлінетін сульфид еритін сульфидтерді қамтиды.

#### 4.2.2.12. Жалпы азотты айқындау әдістері

Жалпы азотты айқындаудың үш жалпы тәсілі бар:

- 1) жалпы азотты өлшеу, кейіннен азот тотығын хемилюминесцентті детекторлау арқылы термиялық тотығу жолымен жалпы байланысқан азот ретіндегі аммоний-, нитрат- және нитрит-ион түріндегі азот қосылыстарының қосындысы;
- 2) пероксидсульфатпен ылғалды химиялық тотығу арқылы жалпы азотты өлшеу және кейіннен нитратты өлшеу;
- 3) жалпы азотты Къельdalь бойынша жалпы азоттың, нитрат азотының ( $\text{NO}_3\text{-N}$ ) және нитрит азотының ( $\text{NO}_2\text{-N}$ ) қосындысы ретінде өлшеу.

Сынама сипаттамаларына байланысты жалпы азотты айқындаудың осы үш тәсілі әртүрлі нәтижелерге әкелуі мүмкін, өйткені кейбір органикалық қосылыстар әртүрлі дәрежеде тотығады. Бұл әдістердің бірде біреуі еріген азотқа қолданылмайды.

ЕКТ жөніндегі анықтамалық шолулары үшін деректерді жинау және бағалау кезінде жалпы азоттың мөлшері бір форматта болуы маңызды, өйткені азоттың бейорганикалық нысандарының концентрациясы иондар үшін (яғни  $\text{NH}_4^+$ ,  $\text{NO}_2^-$  немесе  $\text{NO}_3^-$  иондарының концентрациясы) немесе осы иондар нысанында болатын азот концентрациясы үшін (мысалы,  $\text{NH}_4\text{-N}$ ,  $\text{NO}_2\text{-N}$  немесе  $\text{NO}_3\text{-N}$ ) көрініс табуы мүмкін.

Жалпы азот көбінесе анағұрлым қолайлы параметр болып саналады, өйткені органикалық және бейорганикалық азоттың барлық нысандары эвтрофикацияға ықпал етуі мүмкін. Жалпы азот биологиялық нашар ыдырайтын органикалық азот қосылыстарын алдын ала өңдеуді және құрамында азот бар бөлшектерді жоюды қоса алғанда, барлық сарқынды суларды тазартудың тиімділігін көрсетеді. Жалпы азотты жалпы органикалық көміртегімен бір уақытта өлшеуге болады. Керісінше,

бейорганикалық азот параметрі биологиялық нитрификация мен денитрификацияның тиімділігін көрсетеді.

Азотты тек үш валентті теріс зарядталған азот ионы ретінде айқындау ұсынылады.

#### **4.2.2.13. Жалпы фосфорды айқындау әдістері**

"Жалпы фосфор" параметрі еріген немесе бөлшектермен байланысқан барлық органикалық және бейорганикалық фосфор қосылыстарын қамтиды. Фосфордың бейорганикалық нысандары  $\text{HPO}_4^{2-}/\text{H}_2\text{PO}_4^-$ ,  $\text{HP}_2\text{O}_7^{3-}/\text{H}_2\text{P}_2\text{O}_7^{2-}$  және олиго/полифосфаттарды қамтиды. Органикалық байланысқан фосфор биомассада (мысалы, аденоzinтрифосфатта) немесе фосфонаттарда болуы мүмкін (мысалы, салқыннатқыш суды өндөу үшін қаққа қарсы агенттер ретінде қолданылады).

Жалпы фосфорды айқындаудың негізгі әдістері:

аммоний молибдатын пайдаланып, спектрофотометрия арқылы фосфаттардың әртүрлі типтерін айқындау әдісі. ТР өлшеу сынаманы пероксодисульфатпен немесе  $\text{HNO}_3$  алдын ала ыдыратуды талап етеді;

плазмалық оптикалық-эмиссиялық спектрометрия әдісі (ICP-OES).

Спектрофотометриялық әдіспен салыстырғанда плазмалық оптикалық-эмиссиялық спектрометрия әдісін қолдану басқа элементтерді (мысалы, металдарды) жоғары автоматтандыруды және бір уақытта өлшеуді қамтамасыз етеді, бірақ жабдыққа қомақты инвестициялар қажет.

#### **4.2.2.14. Қатты қалқыма бөлшектердің жалпы санын өлшеу әдістері**

Қалқыма бөлшектердің жалпы құрамы органикалық, сонымен қатар бейорганикалық қалқыма заттарды қамтиды. Әдетте сынаманы вакуумды немесе қысымды пайдаланып шыны талшық арқылы сүзу жолымен өлшейді. Массасы 50-ден 100 г/м<sup>2</sup>-ге дейінгі бірлікке арналған боросиликатты шыны талшықты сүзгі қолданылады. Содан кейін сүзгі  $105^{\circ}\text{C} \pm 2^{\circ}\text{C}$  температурада құрғатылады және өлшеу арқылы сүзгіде қалған қалдықтың массасы айқындалады.

Қалқыма бөлшектердің жалпы құрамы сарқынды суларды тазарту кезінде бөлшектерді кетіру әдістерінің тиімділігін сипаттау үшін пайдаланылады. Кейбір жағдайларда қалқыма бөлшектердің жалпы деңгейі басқа параметрлердің, атап айтқанда ОБТ, ХПК/ООУ, жалпы фосфодың, жалпы азот пен металдардың деңгейлерімен байланысты.

Шөгінді қатты бөлшектерді қалқыма бөлшектерден ажырату керек, өйткені олар белгілі бір жағдайларда (мысалы, белгілі бір шөгу уақытынан кейін) шөгетін жалпы қатты қалқыма бөлшектердің ішкі фракциясы болып табылады. Шөгінді қатты бөлшектерді Имхоф конусының көмегімен немесе гравиметриялық түрде көлем түрғысынан айқындауға болады.

#### **4.2.2.15. Мұнай өнімдерін айқындау әдісі (технологиялық схемада май жүйелері болған кезде)**

Мұнай өнімдерін айқындаудың негізгі әдістері (технологиялық схемада май жүйелері болған кезде): газ хроматографиясы, масс-спектрометриясы бар газ хроматографиясы, флуориметриялық әдіс, инфрақызыл спектроскопия болып табылады.

Мұнай өнімдерін айқындаудың осы әдістерін қолдану үшін органикалық еріткіштің (мысалы, гексан) көмегімен немесе экстракция тиімділігін арттыру үшін ультрадыбысты қолдана отырып, су фазасынан мұнай өнімдерін алу және сынамаларды дайындау қажет. Экстракция қорытындысы бойынша қолда бар өлшеу аспаптарына байланысты сынама көмірсутектердің құрамы мен концентрациясын айқындау үшін газ хроматографына, флуориметрге, спектрографқа орналастырылады.

Газ хроматографиясы: Көмірсутектердің құрамы мен концентрациясын айқындау үшін газ хроматографиясын қолдану;

Масс-спектрометриясы бар газ хроматографиясы, көмірсутектерді сәйкестендіру мен сандық талдаудың анағұрлым дәл әдісі;

Инфрақызыл спектроскопия және флуориметриялық әдіс: негізінен төмен концентрацияда қолданылады.

#### **4.2.2.16. Жедел тесттер**

Тестілеу жинақтары немесе жедел тесттер сарқынды суларды ластағыш заттарды өлшеудің дәстүрлі талдау әдістеріне балама болып табылады. Тест жиынтықтарының көпшілігі колориметриялық әдістерді қамтиды. Олар екі негізгі форматта келеді: визуалды компараторларды қолдану (мысалы, түсті өлшеу үшін) және портативті немесе үстелдік спектрофотометрлермен.

Соңғы жылдары спектрофотометрлерді қолданатын тестілеу жинақтары неғұрлым жетілдірілген және сапалы болды әрі олардың көпшілігі стандартты зертханалық әдістерге негізделген. Өлшеу нәтижелерін бақылауды қамтамасыз ету үшін олар электронды түрде сақталады.

Спектрофотометрі бар тестілеу жиынтығының мысалы 4.3-суретте көрсетілген.



#### 4.3-сурет. Спектрофотометрі бар тестілеу жиынтығының үлгісі.

Тестілеу жиынтықтары пайдалану оқайлығы (мысалы, алдын ала оралған реагенттер, кірістірілген калибрлеу) және аз талдаулар орындалған кезде төмен шығындар сияқты артықшылықтарды ұсынады.

#### 4.2.3. Жанама әдістер

Ластағыш заттардың төгінділерін айқындау сандық алмастыру параметрлері болып табылатын жиынтық параметрлерді өлшеу арқылы жабылады. Жанама әдістер мыналар заттар тобын білдіреді:

- 1) құрамында бірдей химиялық элемент немесе белгілі бір байланыс типтерінде бірдей химиялық элемент бар;
- 2) ұқсас сипаттамалары бар.

Бірінші типті ауыстыру параметрлерін қолдану мысалдары:

жеке органикалық қосылыстардың орнына жалпы органикалық көміртегі;

жеке азот қосылыстарының орнына жалпы азот;

жеке галогенделген органикалық қосылыстардың орнына адсорбцияланатын органикалық байланыскан галогендер (АОХ);

жеке көмірсутек қосылыстарының орнына көмірсутек майының индексі (HOI);

жеке фенолдық қосылыстардың орнына фенолдық индекс.

Қосынды параметрлерінің екінші типінің мысалдары мыналарды қамтиды:

ОХТ жағдайында – жеке органикалық қосылыстардың орнына бихроматпен тотығу;

ОБТп жағдайында – аэробты микроағзалардың тұқымы тұтынатын оттегінің массасы;

ұыттылық сынақтары жағдайында – үлгінің құрамында бар барлық заттардың нақты ағзага әсері.

Сапалы алмастыру параметрлерінің мысалдары:

тұндыру және тұндырып бөлу процестеріндегі жеке металл қосылыстарының орнына өткізгіштік;

тұндыру, тұндырып бөлу және флотация процестеріндегі жеке металл қосылыстарының немесе қатты қалқыма бөлшектердің орнына лайлану.

Индикативті алмастыру параметрлерінің мысалдары:

тұндыру және тұндырып бөлу процестеріне арналған pH;

қышқыл немесе сілтілі заттарды кетіру үшін pH;

күтпеген тазалау процестерінің көрсеткіші ретінде объектідегі сезілетін иістердің өзгеруі.

Алмастыру параметрлерінің комбинациясы бақыланатын параметрлер мен күтілетін қалпына келтіру арасындағы анағұрлым күшті корреляцияға әкелуі мүмкін.

#### **4.3. Биомониторинг**

Биомониторинг суррогат параметрлерін қолданатын жанама әдістерге жатады және кеңістік пен уақыттағы қоршаған ортаның өзгеруін мониторингтеу үшін биологиялық жүйелерді пайдалануды көздейді.

Биомониторинг түрлерінің бірі өсімдіктерді қолдану арқылы биоиндикация әдістері болып табылады.

Эпифитті қыналардың әртүрлілігін бағалау әдісі антропогендік араласудың әсерін бағалауға, атап айтқанда атмосфера ластануының әсерін бағалауға негіз береді.

Эпифитті қыналардың бар популяциясы пайдаланылатындықтан, қыналар флорасының аймақтық ерекшеліктерін де, жергілікті жағдайларды да ескеру қажет болуы мүмкін. Бұл әдіс белгілі бір көзден немесе қондырғыдан атмосфераға шығарындылардың әсерін бағалауға бағытталған емес; дегенмен ол қоршаған ауаның жалпы сапасы туралы түсінік бере алады.

Мүктермен биомониторинг атмосфералық ластағыш заттардың биоаккумуляциясын бақылау үшін жергілікті жерде мүк сынамаларын алуды және дайындауды қамтиды. Бұл әдісті шығарындылардың бір немесе бірнеше көздерін сәйкестендіру және оқшаулау, фондық ластану деңгейлерін мониторингтеу үшін пайдалануға болады.

ЕО-ға мүше кейбір мемлекеттер белсенді биомониторинг (мысалы, гладиолус, шырша, бұйра қырыққабат) немесе пассивті биомониторинг (жайылымдық шөп, жүгері өсімдіктері, бақша көкөністері және қылқандар сияқты жапырақ орнында сынама алу) үшін әртүрлі өсімдіктерді қолданатын биомониторинг әдістерін пайдаланады.

Кейбір әдістер белгілі бір өнеркәсіптік көздерге қатысты қоршаған ауаның сапасын айқындауға мүмкіндік береді, бірақ биомониторинг әдістері шығарындыларды тікелей сандық бағалауға мүмкіндік бермейтіндіктен, көздегі зерттеулерге қосымша болады (мысалы, шығарындыларды өлшеу) және/немесе дисперсияны модельдеу.

#### **4.4. Иістер мониторингі**

Газ тәрізді шығарындыларда адамның іс сезу жүйесі қабылдайтын істі заттар болуы мүмкін. Заттар HS немесе NH сияқты бейорганикалық немесе көмірсутектер, күкірт қосылыстары (мысалы, мерканстандар) немесе аминдер сияқты органикалық болуы мүмкін.

Қондырғының орналасуына байланысты істі заттардың бөлінуін объektінің жанында тұратын халық сезіне алады. Нәтижесінде іс шығарындыларын мониторингтеу қажеттілігі туындаиды және егер көзі сәйкестендіруге болатын болса, осы шығарындыларды азайту үшін шаралар қабылдау қажет.

Тікелей немесе жанама әдістермен істерді сандық немесе сапалық мониторингтеудің бірнеше әдісі бар.

#### **4.4.1. Динамикалық ольфактометрия әдісі**

Динамикалық ольфактометрия әдісі көзді тексеру үшін қолданылады және шығарындылардың қарқындылығын айқындауға мүмкіндік береді.

Әдіс сынама алушың екі типін жасауға мүмкіндік береді: тікелей ольфактометрия үшін динамикалық сынама алу, мұнда сынама тікелей ольфактометрге жіберіледі және көбінесе сынама жиналып, талдау үшін сынама контейнеріне тасымалданған кезде кешіктірілген ольфактометрия үшін сынама алу. Сынаманы динамикалық іріктеудің артықшылығы – сынаманы іріктеу мен өлшеу арасындағы қысқа уақыт кезені, бұл уақыт өте келе сынаманы өзгерту қаупін азайтады. Кемшілігі – панельдің элементтерін әдетте ісі бар ортадан оқшаулау үшін желдетілетін бөлмелерді пайдалану қажеттілігі. Динамикалық ольфактометрия әдісін іске асыру қын және көбінесе сынаманың модификациясына әкелуі мүмкін (мысалы, конденсация, адсорбция немесе ауа енуі) сынамаларды өте ұзақ іріктеу желілерін қажет етеді. Керінше, кешіктірілген ольфактометрия панельді ең жақсы жағдайға қою арқылы өлшеудің белгісіздігін азайтады.

Кейінге қалдырылған ольфактометрия жағдайында сынаманы ірікте алу ауаны ластағыш заттарды басқа мерзімді өлшеу кезінде сынама алуға үқсас және сынаманы ірікте алудың ұсынылатын ұзақтығы 30 минутты және қатарынан кемінде үш өлшеуді қамтиды.

Өндегу, сақтау және тасымалдау кезінде сынаманың тұтастырын сақтау өте маңызды және оған мыналар кіреді:

ұлгіге тиген кезде иіссіз материалдарды пайдалану;

қажет болса, конденсацияны, адсорбцияны және химиялық түрленуді болдырмау үшін ұлгіні азотпен алдын ала сұйылту;

сынама сөмкелерін сынама газбен толтыру және қайта босату жолымен желдету.

#### **4.4.2. Тор әдісі**

Тор әдісі белгілі бір бағалау аймағында оның қоршаған аудағы әсер ету деңгейін айқындау үшін иістің экспозициясын өлшеуге мүмкіндік береді.

Әдіс зерттелетін аумақтың метеорологиялық жағдайларында репрезентативті болу үшін жеткілікті ұзақ мерзімге (6 немесе 12 ай) иістің әсер ету жиілігінің таралуын айқындау үшін сараптама комиссиясының білікті мүшелеріне сүйенеді.

Сараптама комиссиясының қатысуышылары өлшейтін параметр – бұл "сағатына иістің пайда болу жиілігі", бұл тесттің оң нәтижелерінің (иіс сағаттарының саны) бағалау квадратына (немесе ерекше жағдайларда өлшеу нүктесіне) тест нәтижелерінің жалпы санына қатынасы болып табылады. Сағатына иістің пайда болу жиілігі иіс әсерінің индикаторы болып табылады және белгілі бір зерттеу аймағында шығарылатын бір немесе бірнеше нақты иіс көздерінен шығатын танылатын иістің әсерін бағалау үшін пайдаланыла алады.

#### 4.4.3. Шлейф әдісі

Шлейф әдісі белгілі бір метеорологиялық жағдайларда (яғни, желдің нақты бағыты, желдің жылдамдығы және шекаралық қабаттың турбуленттілігі) сараптамалық комиссия мүшелерінің дала жағдайындағы тікелей бақылауларын пайдалана отырып, белгілі бір нақты көзден танылатын иістердің деңгейін айқындау мақсатында қолданылады.

Иіс шлейфінің таралуы танылатын иістің болмауынан зерттелетін иістің болуына ауысатын нүктелермен сипатталады. Шлейфтің пішіні өтпелі нүктелер, көздің орналасуы және шлейфтің максималды таралуын бағалау арқылы анықталған орын арқылы өтетін тегіс интерполяциялық полисызықпен белгіленеді.

### 4.5. Технологиялық процестерді басқарудың автоматтандырылған жүйесі

Технологиялық процестерді басқарудың автоматтандырылған жүйесі (ТПБАЖ) МАЖ-бен бірігіп кәсіпорындарға қоршаған ортаға зиянды әсерді бақылауға және азайтуға көмектесе отырып, әмиссиялардың экологиялық мониторингінде маңызды рөл атқарады. МАЖ-ға қосымша ТПБАЖ енгізу технологиялық процестерді дәл және уақтылы басқаруды және ластағыш заттардың шығарындыларын өлшеуді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, бұл экологиялық нормативтер мен стандарттардың сақталуына ықпал етеді.

Технологиялық процестерді басқарудың автоматтандырылған жүйесі (ТПБАЖ) басқарудың технологиялық объектісіне басқарушылық әсерлерді әзірлеуге және іске асыруға, оның ішінде қабылданған өлшемге сәйкес технологиялық объектіні басқаруды оңтайландыру үшін қажетті ақпаратты автоматтандырылған жинау мен өндеуді

қамтамасыз етуге арналған. Жүйе шығарындыларды ең төменгі деңгейде ұстап тұру үшін жабдықтың (мысалы, қазандықтар, пештер, реакторлар) жұмысын автоматты түрде реттейді.

ТПБАЖ құру және енгізу кезінде жүйенің жұмыс істеуінің нақты мақсаттары және оның кәсіпорынды басқарудың жалпы құрылымындағы мақсаты белгіленуі керек.

Мұндай мақсаттар мыналар:

отынды, шикізатты, материалдарды және басқа да өндірістік ресурстарды үнемдеу; объектінің жұмыс істеу қауіпсіздігін қамтамасыз ету; шығыс өнімінің (бұйымның) сапасын арттыру немесе шығыс өнімдері (бұйымдары) оның ішінде эмиссиялар параметрлерінің берілген мәндерін қамтамасыз ету; жабдықты оңтайлы жүктеуге (пайдалануға) қол жеткізуді бақылау; технологиялық жабдықтың жұмыс режимдерін оңтайландыру (соның ішінде дискретті өндірістердегі өндеу маршруттары) және өзгелері.

ТПБАЖ функцияларын тұластай алғанда жүйенің барлық техникалық құралдарының кешені немесе оның жеке құрылғылары орындаитын функциялардан ажырату керек.

ТПБАЖ функциялары басқару, ақпараттық және қосалқы болып бөлінеді.

ТПБАЖ басқару функциясы – бұл нәтижесі технологиялық басқару объектісіне басқарушылық әсерлерді әзірлеу және іске асыру болып табылатын функция.

ТПБАЖ ақпараттық функциясы – бұл мазмұны технологиялық процестердің жай-күйі туралы ақпаратты жедел құрамға жинау, өндеу және ұсыну немесе кейіннен өндеу үшін осы ақпаратты беру болып табылатын жүйенің функциясы.


ТПБАЖ қосалқы функциялары – бұл жүйе ішіндегі мәселелерді шешуді қамтамасыз ететін функциялар. Қосалқы функциялардың жүйеден тыс тұтынушысы болмайды және ТПБАЖ жұмыс істеуін (жүйенің техникалық құралдарының жұмыс істеуін, олардың жай-күйін бақылауды, ақпаратты сактауды) қамтамасыз етеді.

#### **4.6. Энергия ресурстарын бақылау мен есепке алуудың автоматтандырылған жүйесі**

Энергия ресурстарын бақылау мен есепке алуудың автоматтандырылған жүйесі (ЭБЕАЖ) – оларды өлшеудің кеңістікте бөлінген нүктелерінің берілген жиынтығы бойынша энергия ресурстарын (электр энергиясы, жылу, газ, су) өндіру, беру немесе тұтыну процесін автоматтандырылған, нақты уақыт масштабында қашықтан өлшеуге, жинауға, беруге, өндеуге, көрсетуге және құжаттауға арналған электрондық бағдарламалық-техникалық құралдар жүйесі.

ЭБЕАЖ негізгі компоненттері: өлшеу аспаптары (электр, су, газ жылу есептегіштері, энергия ресурстарының сапа датчиктері), деректерді беру құралдары (кабілдік жүйелер немесе сымсыз Wi-Fi жүйелері, GSM және басқалары), тиісті бағдарламалық жасақтамасы бар деректерді сактауға және өндеуге арналған серверлер, ақпараттық деректерді көрсету интерфейстері болып табылады.

Энергия ресурстарын есепке алу аспаптары деректерді жинау орталығымен тікелей байланыс арналарымен тұрақты байланысты және берілген саулнама кестесіне сәйкес сұралады (4.4-сурет).



4.4-сурет. Есептегіштерге автоматты саулнама жүргізуді жергілікті деректерді жинау және өңдеу орталығын ұйымдастыру арқылы ЭБЕАЖ үлгілік схемасы.

ЭБЕАЖ енгізуудің артықшылықтары:

1) ресурстарды ұнемдеу:

енергия ресурстарын тұтынуды оңтайландыру;  
шығындар мен есепке алынбаған шығындарды азайту;

2) есепке алу дәлдігін арттыру:

көрсеткіштерді оқу кезінде адам факторы мен қателіктерге жол бермеу;  
деректердің ашықтығы мен дұрыстығы;

3) талдамалық жұмыстарды жүргізу және ресурстарды тұтынуды кейіннен жоспарлау мүмкіндігі.

## 5. Ең үздік қолжетімді әдістерді тандау кезінде қарастырылатын техникалар

### 5.1. Стационарлық ұйымдастырылған шығарындылар көздеріндегі эмиссиялар мониторингінің автоматтандырылған жүйесі

МАЖ газ талдауыштары шешуші рөл атқаратын уақыт бірлігінде шығатын газдар мен сарқынды сулардағы ластағыш заттардың концентрациясын үздіксіз өлшеу құралдарының жиынтығы болып табылады. Талдамалық жабдыққа қойылатын талаптар біршама жоғары деңгейде белгіленген, өйткені талдамалық зерттеулердің деректері кәсіпорынның экологиялық нормативтерге сәйкестігін бағалау кезінде шешуші болып табылады. МАЖ-ға қойылатын жалпы талаптар осы бөлімде әрі қарай сипатталған.

Өнеркәсіптік әмиссиялардағы ластағыш компоненттерді талдаудың негізгі аспектілеріне объективтілік, сенімділік және дәлдік жатады, өйткені өлшемдердің тиімділігі және өндірістегі экологиялық мониторинг пен бақылау жүйелерінің жалпы жұмысқа жарамдылығы алынатын деректерге деген сенім деңгейіне және ақпараттық деректерді салыстыру арқылы олардың басқа кәсіпорындардың, салалар мен аймақтардың үқсас көрсеткіштерімен салыстыру мүмкіндігіне байланысты. Нәтижелердің объективтілігіне адамның араласуының үздіксіз режимде жұмыс істейтін автоматтандырылған өлшеу құрылғыларын пайдалану арқылы қол жеткізіледі. Нәтижелердің дұрыстығы тиісті физикалық шамалардың бастапқы эталондарына өлшеулердің метрологиялық қадағалануына кепілдік беретін құралдар мен әдістемелердің кешенді қолдану арқылы қамтамасыз етіледі. Әртүрлі көздер үшін ылғалдылық, температура, қысым және т.б. сияқты бірқатар өлшемшарттар бойынша ерекшеленуі мүмкін әртүрлі газ орталарындағы ластану деңгейін өлшеу нәтижелерін салыстыру міндетті осы өлшемдерді қалыпты жағдайларға келтіру арқылы шешіледі ( 273,15 К және 101,3 кПа қысымда). Ластағыш заттар шығарындыларының концентрациясын қалыпты жағдайларға түрлендіру үшін ЛЗ концентрациясын өлшеуге қосымша шығатын газдардың мынадай параметрлері өлшенеді:

көлемдік шығыс;


температура;

су буының құрамы (ылғалдылық);

абсолютті қысым;

оттегінің мөлшері.

Осылайша, өнеркәсіптік шығарындылардағы ластағыш заттар мониторингінің автоматты жүйесіне кіретін өлшеу құралдарының жиынтығы қалыптастырылады, олар автоматты және үздіксіз режимде ластағыш заттардың белгілі бір номенклатурасының мазмұнын (концентрациясын) өлшеуге (Қазақстан Республикасының ең үздік қолжетімді техникалары бойынша бейінді салалық анықтамалықтарға сәйкес), сондай-ақ бастапқы өлшеу ақпаратын қалыпты жағдайға келтіру мақсатында түрлендіру үшін газ ағыны параметрлерінің мәндерін (температура, қысым, көлемдік ағын/жылдамдық, оттегі мен су буының құрамы) өлшеуге тиіс.



1 – кәсіпорын өндірісін басқару жүйесі (автоматтандырылған жүйе және менеджмент); 2 – кәсіпорының технологиялық процестері; 3 – кәсіпорын шығарындыларының ұйымдастырылған стационарлық көзі; 4 – шығарындылар көрсеткіштерінің автоматты өлшеу жүйесі; 5 – сынама алу және талдауыштар блогы; 6 – өлшеу кәсіпорнының бақылағыш блогы; 7 – шығарындылар көрсеткіштерінің деректерін жинау және өндеу жүйесі; 8 – МАЖ бар объектілердің мемлекеттік тізілімі; 9 – тізілімнің техникалық және бағдарламалық құралдары; 10 – экологиялық ақпаратты тұтынушылар (билик органдары, кәсіпорындар, ғылыми ұйымдар).

5.2-сурет. Атмосфераға шығарындыларды автоматты мониторингтеу жүйесінің негізгі схемасы.

Бұл өлшеу құралдарының жиынтығы іріктеу, тасымалдау және қажет болған жағдайда сынама компоненттерін түрлендіру құралдарымен (сынамаларды алдын ала іріктеуді көздейтін әдістерді пайдаланған кезде) біріктіріліп, қағидаттық схемасы 5.2-суретте көрсетілген автоматты мониторингтеу жүйесін құрайды. МАЖ-нен басқа шығарындыларды автоматты бақылау жүйесінің қажетті болігі ақпаратты жинау, түрлендіру, тіркеу, визуализациялау, сактау және оны түпкі пайдаланушыға беру жөніндегі техникалық құралдар болып табылады, олар ДаӘЖ шығарындыларын бақылаудың автоматты жүйесінің жеке элементін құрауы мүмкін. Автоматты бақылау жүйесін іске асырудың жекелеген техникалық шешімдерінде ДаӘЖ функцияларын МАЖ операторының автоматтандырылған жұмыс орнын құрайтын бағдарламалық-есептеу кешені орындаі алады.


МАЖ-дың талдамалық бөлігі шығарындылардағы ластағыш заттардың, су булары мен оттегінің қурамын (концентрациясын) айқындау мен тікелей және үздіксіз өлшеу

режимінде шығатын газдардың газ ағынының бірқатар басқа параметрлерін өлшеуге арналған арнайы өлшеу құралдарын қамтитын жеке өлшеу арналарынан тұрады. Қажет болған жағдайда сынамаларды іріктеудің, тасымалдаудың техникалық құралдарын қамтамасыз ететін өлшеу арналарын және қажет болған жағдайда сынама компоненттерін таңдалған өлшеу әдісімен талдау жүргізуге жарамды нысанға түрлендіруді қамтиды.

Цифрлық электрониканың ілгерілеуі бақылау-өлшеу құралдарын едәуір жетілдірді және физикалық параметрлер мен химиялық заттардың барынша көп санын үздіксіз бақылауды қамтамасыз ететін ықшамды, экономикалық тиімді және аз қызмет көрсетуді қажет ететін құралдарды құруға ықпал етті, жабдықтың анықтау ауқымы, дәлдігі мен сенімділігі артты.

Технология ретінде МАЖ барлық салаларға типтік болып табылмайды, тіпті бір саланың ішінде де қолданылатын отынға, кәсіпорынның технологиялық схемасына, қолданылатын жабдыққа (мысалы, қазандықтардың түрлеріне), құбырдың биектігі мен диаметріне және басқа да бірқатар параметрлерге байланысты әр объектіге сәйкес болу қажеттілігі бар. Жабдықты өндіруші зауыттар көбінесе тапсырыс берушінің белгілі бір параметрлеріне сүйене отырып, тапсырыс бойынша жабдықтар шығарады. МАЖ техникалық шешімін дұрыс таңдамау, әдетте, өлшеу жабдығын пайдалану кезеңінде, кейбір жағдайларда іске қосу-реттеу кезеңінде пайдаланудан тез шығаруға әкеліп соғады [2].

Шығарындыларды автоматты бақылау жүйесінің функционалдық схемасы 5.3-суретте көрсетілген.



5.3-сурет. Шығарындыларды автоматты бақылау жүйесінің функционалдық схемасы.

### 5.1-кесте. Үздіксіз және мерзімді өлшеулердің негізгі сипаттамаларының салыстырмалы кестесі

P/c №	Сипаттамалары	Үздіксіз өлшеу	Мерзімді өлшеу
1	Іріктеу кезеңі	Өлшеу заттардың шығарылуы болатын уақыттың барлығын немесе көп бөлігін қамтиды	Атмосфераға шығарындылардың ұзак мерзімді көрінісі туралы есептер
2	Жылдамдық	Әрқашан дерлік нақты уақыттағы нәтижелер	Аспаптың талдағыштарды пайдалану кезіндегі нақты уақыттағы нәтижелер; егер зертханалық соңғы әдіспен қол әдісі қолданылса, мерзімі

			кейінгө шегерілген нәтижелер
3	Нәтижелерді орташалау	Нәтижелер үздіксіз жиналады және белгілі бір уақыт аралығында 20 минут, 1 сағат немесе 24 сағат ішінде орташаланады	Іріктеу кезеңіндегі нәтижелер, әдетте 20 минуттан бірнеше сағатқа дейін
4	Тексеру және кадағалау	МАЖ стандартты эталондық әдіс бойынша тексеруді және қызмет көрсету интервальында сертификатталған эталондық материалдарды қолдана отырып баптап-реттеуді қажет етеді	Стандартты эталондық әдістерді мерзімді өлшеу үшін қолдануға болады (қол немесе автоматтандырылған әдістер)
5	Жабдықты сертификаттау	Қолда бар жабдықты сертификаттау	Портативті жабдықты сертификаттау қолжетімді

Қазақстан Республикасының экология заңнамасына сәйкес әрбір өнеркәсіптік кәсіпорын өз қызметінің қоршаған ортаға әсерін бақылауға және азайтуға міндettі. Осындағанда бақылаудың негізгі аспектілерінің бірі Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасында белгіленген өлшемшарттарға жататын кәсіпорындар үшін атмосфераға ластағыш заттар шығарындыларының үздіксіз мониторингі болып табылады. Белгіленген нормативтерді тиімді мониторингтеу және сақталуын қамтамасыз ету үшін өндірістік қызметтің әр түріне тән ең маңызды маркер деп аталатын заттарды дәл айқындау және бақылау қажет.

Қазақстан Республикасындағы өнеркәсіптік кәсіпорындарға қолданылатын МАЖ-ға қойылатын жалпы талаптар:

МАЖ ұзақ уақыт бойы 24/7 режимінде тікелей үздіксіз өлшеу нәтижесінде шығарындылардағы ЛЗ құрамы туралы дәл және сенімді талдамалық ақпарат алушы қамтамасыз етуге тиіс;

МАЖ электр энергиясы авариялық ажыратылған жағдайларда талдамалық жабдықтың белгіленген режимде жұмысын қамтамасыз ететін үздіксіз қоректендіру жүйесімен жабдықталуға тиіс;

МАЖ сыртқы орта параметрлерінің ауытқуларына төзімді және экстремалды параметрлермен (температура, ылғалдылық, химиялық белсенді компоненттердің болуы) сипатталатын газ орталарында жұмыс істеуге бейімделуге тиіс;

МАЖ конструкциясы талдамалық жабдықтың дәлдігін бақылау және тексеру бойынша мерзімді жұмыстарды жүргізу мүмкіндігін көздеуге тиіс;

МАЖ-де оператордың жұмыс орнының дисплейіне аса маңызды ақпаратты шығара отырып өзін өзі диагностикалау құралдары болуға және тексеру аралық кезеңде талдамалық жабдықты мерзімді калибрлеу көмегімен оларды автоматты түрде түзете отырып өлшеу нәтижелерін валидациялау мүмкіндігі болуға тиіс;

шығарындылар параметрлері туралы ақпаратты есептеуді және сақтауды жүзеге асыратын МАЖ блоктары/модульдері рұқсатсыз кіруге жол бермейтін қорғанысқа ие болуы тиіс;

МАЖ шығарындылар параметрлері туралы талдамалық және есептік ақпаратты жүйенің қол жеткізуден қорғалған АПИ-де сақтау және оны қорғалған байланыс желілері бойынша қашықтағы серверге одан әрі беру мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс;

МАЖ жеткілікті жөндеуге қабілетті болуы керек.

### **5.1.1. Мониторингтің автоматтандырылған жүйелерінің типтері**

МАЖ мынадай элементтерден:

газ талдамалық өлшеу арнасын, қалқыма (қатты) бөлшектерді өлшеу арнасын, газ ағыны параметрлерінің өлшеу арналарын қамтитын өлшеу арналары (ΘА) кешенінен; қосалқы жабдықтардан тұрады.

МАЖ ΘА датчикті немесе талдағышты, бақылағышты (бар болса) және сынама алу жүйесін (бар болса) қамтиды.

Қосалқы жабдық шығарындыларды автоматты бақылаудың бүкіл жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз етеді. МАЖ құрылымдық элементтері келесі функцияларды орындаиды: өлшеу арналары газ тәрізді ЛЗ, сондай-ақ қалқыма (қатты) бөлшектердің, су буы құрамының (қажет болған жағдайда), оттегінің (қажет болған жағдайда) және газ ағыны параметрлерінің – температураның, қысымның/ыдыратудың, жылдамдықтың /көлемдік шығыстың автоматты үздіксіз өлшеулерін жүзеге асырады. Бақылағыштар өлшеу ақпаратын (оның ішінде өлшеу арналарының жай-күйі және жұмыс барысында туындаитын қателер туралы диагностикалық ақпаратты) қабылдайды, оны бастапқы өндөуді және деректерді қабылдау және өндөу жүйесіне беру үшін түрлендіруді жүзеге асырады.


Қосалқы жабдық шығарындыларды автоматты бақылау жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз етеді және үздіксіз қоректендіру блогынан, коммуникация құралдарынан, климаттық жабдықтардан, тексеру және бақылау газ қоспаларын беру жүйесінен және өзгелерден тұрады.

Барлық қолданыстағы газ талдағыш ΘА екі үлкен топқа бөлінеді:

экстрактивті типті ΘА – үздіксіз сынама алу және оларды кейіннен газ талдағышқа беру арқылы;

экстрактивті емес типті МАЖ ΘА – сынама алмай, әдетте оптикалық әдістердің қолдана отырып, газды тікелей газ құбырында талдау арқылы.

Экстрактивті МАЖ жағдайында газ сынамасы сынама алу жүйесімен негізгі газ ағынынан алғынады және сынама алу нүктесінен физикалық түрде бөлінген өлшеу құрылғысына жіберіледі. Ол үшін сынама алуға тиісті жабдық қажет етіледі, бірақ қажет болған жағдайда таңдалған газ ағыны арнайы өнделеді. Қысқа жауап беру уақытын қамтамасыз ету және сынаманың ықтимал жоғалуын болдырмау мақсатында сынаманы іріктеу жолы мүмкіндігінше қысқа болып айқындалады. Газ сынамаларын алу желілері мен өлшеу құрылғысының компоненттері қолайлыш материалдан жасалған; бір жағынан коррозияны болдырмау үшін, екінші жағынан осы материалдар мен өлшенетін компонент арасындағы реакцияларды болдырмау үшін. Өлшенетін газдың зондтары, сұзгілері және түтіктері өлшенетін газдың салқыннатқышына дейін (егер ол конденсатты бөлу үшін қолданылса) шық нүктесінен жоғары температураға дейін қызады.




5.4-сурет. Экстрактивті сынама алу құрылғысының үлгісі.

Экстрактивті емес МАЖ жағдайында өлшеу құрылғысы газ ағынында немесе оның бір бөлігінде (орнында өлшеу) түтін құбырына көлденең орнатылады. Тиісінше шығарып алу әдісімен сынама алу қажет болмайды. Экстрактивті емес МАЖ шығарылатын МАЖ-ға қарағанда шығатын газдың басқа компоненттерінің әсеріне бейім болады, өйткені әдетте сынамаларды алдын ала өндеу іс жүзінде болмайды.

Мысалы, шығатын газ ағынындағы жоғары ылғалдылық алынатын МАЖ пайдалануды қажет етуі мүмкін. Өлшеу ылғалды жағдайда және штабельдегі жұмыс температурасында жүргізіледі, оны деректерді өндөу кезінде ескеру керек.

Техникалық сипаттамалары мен қолданылуы түрғысынан МАЖ типтерінің қайсысы ең жақсы екенін анықтау мүмкін емес: екі жүйенің де артықшылықтары мен кемшіліктері бар және оларды пайдалану туралы шешім жүйені жобалау және орнату кезінде қателіктерді жібермеу шартымен ең алдымен кәсіпорынның технологиялық процесінің ерекшеліктерінен және шығатын газдардың құрамынан, кәсіпорынның немесе МАЖ жеткізушісінің қызмет көрсету, калибрлеу және тексеру қабілетінен туындауы керек [28], [29].

Төменде 5.5-суретте МАЖ газ талдағыш өлшеу арналарының барлық белгілі типтері берілген.



5.5-сурет. Газ талдағыш өлшеу арналарының жіктелуі.

5.2-кестеде экстрактивті және экстрактивті емес типтегі МАЖ арасындағы негізгі айырмашылықтар көлтірілген [29].

5.2-кесте. Экстрактивті және экстрактивті емес типтегі МАЖ арасындағы негізгі айырмашылықтар

P/c №	Экстрактивті типтегі МАЖ	Экстрактивті емес типтегі МАЖ
1	2	3

1	Орташа шоғырлану нұктесінде сынама ала алады	Орташа шоғырлану нұктесінде сынама ала алады
2	Баллондардағы газдарды пайдаланып тексеру оңай	Зондтардың кейбір үлгілері баллондық газды қолдана отырып үрленуі мүмкін
3	Сынамалар сынама дайындау шенберінде өзгертілуі мүмкін	Сынамалар сынама дайындаудың болмауына байланысты өзгермейді
4	Жауап беру уақыты сынамаларды іріктеу жүйесіне байланысты	Жауап беру уақыты сынама алу жүйесіне емес, талдауышқа байланысты
5	Температураны түзетуді қажет етпейді	Температура мен қысымды түзетуді қажет етеді
6	Талдауыштар бақыланатын ортасы бар жеке шкафтарда орналасады	Талдауыштар жаңбыр, мұз, қар, наизағай әсеріне ұшырауы мүмкін. Мұржаның/аяуа өткізгіштің икемділігі мен дірілі туралау мен шу деңгейіне әсер етуі мүмкін
7	Егер бұрын МАЖ көзделмеген болса, орнату жобалау кезеңінде маңызды жоспарлауды қажет етуі мүмкін	Орнату аяу өткізгіштің немесе мұржаның ернемектерінде салыстырмалы түрде оңай болуы мүмкін
8	Жүйенің қызмет көрсетілетін компоненттерінің саны көбірек	Жүйенің қызмет көрсетілетін компоненттерінің саны аздау
9	Жүйенің компоненттері (сорғылар, клапандар) салыстырмалы түрде оңай жөнделе алады	Жүйенің компоненттерін жөндеу немесе ауыстыру салыстырмалы түрде курделі немесе қымбат болуы мүмкін (лазерлер, оптика, электроника)
10	Жүйе проблемалары әдетте сол жерде оңай шешіледі	Электроптикалық талдауыштар проблемаларын сол жерде шешу киын болуы мүмкін
11	Қызмет көрсету үшін арнайы дайындық қажет болмауы мүмкін	Қызмет көрсету үшін жоғары дайындық деңгейі, сервистік қызмет шақыру немесе өндіруші зауытқа қайтару қажет болуы мүмкін
12	Пайдалануга жарамдылық көбінесе талдамалық құрылғыларға байланысты проблемаларға емес сынама алу жүйесінің жай-күйіне байланысты болады	Бүкіл жүйенің жарамдылығы қызмет көрсету мүмкіндігіне немесе қосалқы талдауыштың болуына байланысты болуы мүмкін
13	Сатып алу құны экстрактивті емес типтегі жүйелерге қарғанда орта есеппен 2 есе жоғары	Қосалқы компоненттерді сатып алған жағдайда сатып алу құнын экстрактивті типтегі жүйемен салыстыруға болады

#### 5.1.1.1. Экстрактивті типтегі МАЖ (сынаманы іріктең алумен)

Физикалық сынама алу жүйелері бар, экстрактивті типтегі газ талдағыш өлшеу арналары сынама дайындау жүйелеріндегі сынаманы газ талдауышының кіреберісіне берер алдында оны тұрлендіру тәсілдері мен деңгейі бойынша өзгешеленеді.

Осы технологияның дамуының басында МАЖ температура, құрамы, өлшенетін заттектердің диапазоны және ылғалдылық сияқты сынаманың физикалық параметрлеріне жоғары талаптар қойған болатын. Конструкциясында сынаманың құрамы мен физикалық параметрлерін талдау үшін қажетті мәндерге келтіретін құрылғылар қарастырылған МАЖ компоненттері жасалды. Сынаманы талдауыштарға тасымалдау кезінде сынама компоненттерінің бұрмалануы мен жоғалуы мүмкін екенін ескеру қажет, сондықтан сынамалардың дәлірек ұсынылуы үшін әртүрлі техникалық шешімдер әзірленді.

Құрылымдық жағынан экстрактивті типтегі МАЖ мынадай негізгі элементтерден тұрады:


Сынаманы іріктең алу жүйесі;

Сынамаларды тасымалдау және дайындау жүйесі;

Талдағыштар (көбінесе жеке шкафта орналасқан);

Деректерді өңдеу және беру жүйесі.

Төмендегі суретте экстрактивті типтегі МАЖ газ талдағыш өлшеу арнасының схемасы көрсетілген.



1 – сынама алу зонды, 2 – жылдамдық өлшегіш, 3 – тозақ өлшегіш, 4 – температура датчигі, 5 – абсолютті қысым датчигі, 6 – сынама алу желісі, 7 – газ талдағышы, 8 – өз қажеттіліктерінің шкафы, 9 – сығылған ауаны дайындау жүйесі, 10 – деректерді беру және өңдеу жүйесі, 11 – коммуникациялық құрылғы, 12 – күзет-өрт дабылы.

## 5.6-сурет. МАЖ экстрактивті типі.

МАЖ өлшеу арналарының осы типіндегі газ талдағышы, өз қажеттіліктерінің шкафы, сығылған ауаны дайындау жүйесі, деректерді беру және өндеу жүйесі 5.7-суретте көрсетілгендей жеке блок-контейнерге орналастырылады.



## 5.7-сурет. Блок-контейнерді орындау үлгісі.

Экстрактивті типтегі МАЖ жобалау курделі міндет болып табылады, өйткені келесі компоненттерді ескеру қажет [29]:

сынаманы іріктеп алу және сынама дайындау жүйесі: конструкциясы мен құрамы;

зондты кері үрлеу: конструкциясы мен жиілігі;

тасымалдау желісі: құрамы, ұзындығы және диаметрі;

газды калибрлеу жүйесі және баллондардағы газ қысымын реттегіштер: конструкциясы мен құрамы;

клапандар мен фитингтер: конструкциясы мен құрамы;

қысым және вакуум манометрлері: сапасы;

ылғалды кондициялау жүйесі: тоқазытқыш, сұйылту, сыйымдылық, конструкциясы және орындалуы;

сығылған ауаны дайындау жүйесі: конструкциясы мен құрамы;

сұзгілер: дөрекі тазалау (10 мкм-ден үлкен бөлшектерді кетіру үшін), жұқа тазалау (көлемі 5 мкм-ден асатын қатты бөлшектерді кетіру үшін);

сорғылар: қуаты, үлгісі және сапасы;

СЭМ шкафтары: орналасуы, шкафтарды ЖЖАК жүйесіне қойылатын талаптар, жабық кеңістіктің қауіпсіздігі, температураның тұрақтылығы;

жүйе бақылағышы: бағдарламаланатын логикалық бақылағыштар, деректерді тіркеуші немесе автоматты функцияларды реттеуге және басқаруға арналған микропроцессор.

Электр жабдықтарына қойылатын талаптар: сақтандырғыштар, автоматты ажыратқыштар, реттеуші жабдықтар және үздіксіз қуат көздері (ҮҚК).

Калибрлеу газдары: орналасқан жері, енгізу нүктесі, құбырларға қойылатын талаптар, реттегіштер мен коллектор, қажет болған жағдайда сертификатталған газдар, газ баллондарына арналған шкаф немесе ауа райынан қорғау, қажет болған жағдайда шкафтың жылтықшы/ауа баптағышы.

Сынаманы тасымалдау желісіне қойылатын талаптарды бөлек қамтамасыз ету қажет, атап айтқанда:

желілердің материалы коррозияға төзімді болуы керек;

сынаманың конденсациясы жоққа шығарылуы керек;

бүкіл ұзындығы бойынша ауа өткізбейтіндігін қамтамасыз ету керек;

байланыстыруши арматураның саны барынша аз болуы керек;

сынамаға сыртқы орта факторларының әсері алынып тасталуы тиіс;

желінің сыртқы оқшаулауы ультракүлгін сәулелерге төзімді болуы керек;

желінің сыртқы оқшаулауы орнату аймағына байланысты максималды теріс және оң температураларда жұмыс істеуге арналуы керек;

желіні сыртқы әсерден механикалық қорғау (діріл және т.б.);

желінің ішкі диаметрі кемінде 4 мм болуы керек (ішкі диаметрі 4-8 мм болатын тұтіктерді қолданған жөн);

талдағыштың неғұрлым жылдам жауап беруін қамтамасыз ету үшін желінің ұзындығы мүмкіндігінше ұзақ болуы керек.

### 5.1.1.1. Ұлғіні сұйылтумен МАЖ газ талдағыш өлшеу арналары

Техникалық сипаты

Сынама дайындау процесінде бастапқы шығатын газдың сынамасын таза бейтарап газдың белгілі бір көлемімен, көбінесе тазартылған ауамен сұйылту жүзеге асырылатын газ талдағыш өлшеуіш МАЖ (5.8-суретті қараңыз).

Экстрактивті типтегі МАЖ-бен байланысты негізгі проблема салыстырмалы түрде үлкен көлемдегі тұтін газын сұзу және кондициялау қажеттілігіне байланысты. Бұл мәселені сұйылту жүйелерін қолдану арқылы айтарлықтай деңгейде болдырмауға болады, онда газ төмен ағын жылдамдығында, кейде көз деңгейіндегі жүйелерге қарағанда екі ретке аз жылдамдықта (мысалы, 5 л/мин қарағанда 0,05) зондқа түседі. Бұл сұзуге арналған бөлшектердің аз болатынын және аз ылғалды жоққа шығару керектегін білдіреді. Ағын салыстырмалы түрде төмен екенін ескеріп, бөлшектер

зондтың айналасындағы тұтін газының ағын сзықтары бойынша сынама алу зондына түспей-ақ жүруінің ықтималдығы жоғары.

Сұйылту үшін пайдаланылатын ауа таза және өлшенетін газдардан тазартылады, әйтпесе елеулі қателер орын алуды мүмкін. Мысалы, сұйылту үшін ауадағы 1 ppm NO сұйылту жүйесінде 100:1 сұйылту коэффициентімен 100 ppm көрсеткішіне әкеледі. Белсендірілген көмір, адсорбенттер, конденсациясыз кептіргіштер және басқа да газды тазарту әдістері әдетте сұйылту жүйесі үшін таза, құрғақ ауаны қамтамасыз ету үшін қолданылады.

Ұлгілік сұйылту коэффициенттері 50:1-ден 300:1-ге дейін [29] құрайды. Негұрлым жоғары коэффициенттер ыстық, қанықкан газ ағындары үшін қолданылады. Сұйылту жүйесін талдағышқа қосқан кезде талдағыштың өлшеу диапазонына назар аудару керек. Егер аспаптың ең кіші диапазоны 0-ден 5 ppm-ге дейін болуы керек болса және номиналды концентрациясы 50 ppm болатын тұтін газындағы ластағыш затты өлшеу қажет болса, онда сұйылту коэффициенті 100:1 талдағышқа 0,5 ppm концентрациясы бар үлгіні береді. Бұл талдағыштың сезімталдығы ең аз болатын диапазонның төменгі жағында болады. Өлшеудің дәлдігіне шәкілдің осы бөлігінде аспаптың шуы немесе дрейфінің жоғары болуы әсерін тигізеді, бұл салыстырмалы дәлдік сынағынан өтүге қыындық тудыруы мүмкін.


Сұйылту үшін ауа қысымы тұрақты болуы керек. Кейбір жүйелік интеграторлар осы қысымды тұрақты ұстап тұру үшін жаппай ағын бақылағыштарын орнатты.

Сынаманы сұйылтумен газ талдамалық МАЖ ӘА конструкциясының екі техникалық шешімі бар:

газ жолынан тыс сұйылтқыш газды беру арқылы (5.8-сурет);

сұйылтқыш газды тіkelей сынама алу зондына беру арқылы.

Ілғал немесе жабысқақ бөлшектер болған жағдайларда сынама алу зонды төмен ағынмен жұмыс істесе де бітеліп қалуы мүмкін. Бұл үлгідегі сынаманы іріктеп алушылар дымқыл скрубберлерден кейін орнатуда қыындықтарға тап болды, өйткені шығатын тұтін газдары су тамшыларымен қанықкан. Егер су тамшылары зондқа түссе немесе су қанықкан газ ағынның аймағында конденсацияланса, шыны мақтадан жасалған сұзгі суланып, сынама алу зондының саңылауы бітеліп қалуы мүмкін. Қалыпты жағдайда зонд қызған кезде су тамшылары буланып, бітелу проблемалары туындамауы керек. Су тамшыларымен байланысты проблемалардың алдын алу үшін температуралы тиесті бақылау қажет. Осы фактіні ескерсек, сынаманы газ жолы арнасынан тыс сұйылту арқылы техникалық шешімдер пайда болды.



1 – газ жолы; 2 – сынама алу зонды; 3 – сынаманы сұйылтуға арналған құрылғы; 4 – сұйылтылған сынаманы беру желісі; 5 – сұйылтқыш газ беру желісі; 6 – сұйылтқыш газды тазартуға арналған құрылғы; 7 – шығысты ынталандырғыштар (сорғы), 8 – газ талдағышы.

5.8-сурет. Сынаманы сұйылту арқылы экстрактивті газ талдағыш МАЖ ӨА схемасы

Осы үлгідегі МАЖ жүйелерінің артықшылықтарына газ жолы арналарындағы газ ортасының құрамындағы ауытқуларға төмен сезімталдық және химиялық белсенді заттарды іріктеу және талдау кезінде сынама алу желілері мен талдағыштың зақымдану қаупінің төмендеуі жатады.

Осы үлгідегі МАЖ жүйелерінің кемшіліктеріне мыналар жатады:

тасымалдау желісін сұйылту құрылғысына дейін қыздыру қажеттілігі;

газ ортасы параметрлерінің өзгеруіне, әсіресе көлік желісінің өткізгіштігінің төмендеуіне байланысты сынаманың көлемдік ағынының өзгеруін болдырмау үшін оларды жою құралдарын қажет ететін қалқыма бөлшектердің құрамына сезімталдық;

су буы мен оттегіні өлшеу үшін қосымша арналардың қажеттілігі;

газ ағынының көлемдік ағынының ауытқуын бақылау қажеттілігі, өйткені шығынының ауытқуы сынаманың сұйылту дәрежесінің бақыланбайтын өзгеруіне және осылайша сынамаларды талдау нәтижелерінің бұрманануына әкеледі.

## Көл жеткізілген экологиялық пайда

АҚШ пен Германияда осы типтегі МАЖ енгізу қышқыл жаңбырмен күресу шенберінде шығарындылардың айтарлықтай төмендеуіне әкелді, кәсіпорындардың экологиялық жауапкершілігін арттырыды және өнеркәсіптік кәсіпорындардың атмосфералық ауаның ластануына қосқан үлесін сандық бағалауға мүмкіндік берді [29]

## Бастапқы энергияны жалпы тұтыну

Сынамаларды сұйылтатын экстрактивті үлгідегі барлық МАЖ-дың электр энергиясын тұтынуы конструкциясына байланысты 10-нан 30 кВт-қа дейін өзгереді. Электр энергиясының едәуір бөлігі таза ауамен үрлеу және сұйылту үшін қолданылады

## Экологиялық көрсеткіштер және пайдалану деректері

Осы типтегі газ талдағыш МАЖ ӨА қолдану әртүрлі салалардағы өнеркәсіптік шығарындыларды тиімді бақылайды. Осы типтегі МАЖ-ға жоспарлы қызмет көрсетуді және калибрлеуді жылына кемінде 4 рет жүргізу үсініллады.

## Кросс-медиа әсерлері

Басқа экологиялық аспектілерге теріс әсер анықталған жоқ.

## Қолданылуы

Мұндай жүйелер, атап айтқанда, АҚШ-та қышқыл жаңбырлардың алдын алу және озон қабатының бұзылуын болдырмау мәселелерін шешу үшін "Таза ауа туралы" Федералдық Заң шенберінде атмосфералық ауаны өнеркәсіптік шығарындылардан қорғау бағдарламасын жүзеге асыруда кеңінен таралды. 2000 жылдары АҚШ-та сынаманы сұйылтатын газ талдағыш МАЖ ӨА үлесі белгіленген МАЖ жалпы санының шамамен 2/3 бөлігін құрады.

Өнеркәсіптің әртүрлі салалары зиянды заттардың шығарындыларын бақылау және онтайландыру үшін сынаманы сұйылту арқылы экстрактивті типтегі газ талдағыш МАЖ қолданады. Бұл жүйелер энергетикада (көмір және газ электр станциялары), цемент өндірісінде, мұнай-газ саласында (мұнай өндеу зауыттары мен мұнай-химия кәсіпорындары), қоқысты жағуда, целлюлоза-қағаз өнеркәсібінде, металлургияда (болат қую және тұсті металдар), химия өндірісінде, шыны өнеркәсібінде, тау-кен және өндеу өнеркәсібінде, тамақ және фармацевтика өнеркәсібінде, ауыл шаруашылығында (биогаз қондырылары) қолданылады.

## Экономикалық көрсеткіштер

Осы типтегі бір газ талдағыш ӨА құны шамамен 75,5 млн теңгені ( $\approx 150\ 000$  АҚШ доллары) құрайды. Қажетті қосымша жабдықтың құны (шкафттар, сығымдағыштар және т.б.) шамамен 50,4 млн теңгені ( $\approx 100\ 100$  мың АҚШ долларын) құрайды.


## Ендірудің әсері

Осы типтегі газ талдағыш МАЖ ӨА қолдану Қазақстан Республикасының ЕҚТ анықтамалықтарында белгіленген барлық маркерлік заттардың шығарындыларын тиімді бақылауға мүмкіндік береді.

#### 5.1.1.1.2. Сынамадан ылғалды алыш тастайтын МАЖ газ талдағыш өлшеу арналары ("сұық/күрғақ" үлгісіндегі)

##### Техникалық сипаты

"Сұық/күрғақ" типіндегі МАЖ газ талдағыш өлшеу арналарында газ сынамасы зондтың көмегімен алынады және жылтытылатын желі арқылы ылғалды кетіруге арналған құрылғыға беріледі. Әдетте осындай құрылғы компрессиялық үлгідегі тоңазытқыш немесе Пельтье қағидатына негізделген (термоэлектрлік әсер, онда электр тогы өткен кезде екі түрлі өткізгіштердің түйіскен жерінде жылу пайда болады) тоңазытқыш болып табылады. Ылғал жойылғаннан кейін сынама шамамен 3 °C-қа дейінгі температураға жеткізіледі және ЛЗ құрамын айқындау үшін талдағыштың кіреберісіне беріледі. Төменде 5.9-суретте осы үлгідегі газ талдағыш МАЖ ӨА схемасы көрсетілген.



1 – газ жолы; 2 – сынама алу зонды; 3 – сынаманы тасымалдауға арналған жылтытылатын желі; 4 – ылғалды кетіруге арналған құрылғы (тоңазытқыш); 5 – газ талдағышы; 6 – конденсатты кетіру желісі; 7 – шығысты ынталандырығыш (сорғы).

5.9-сурет. Сынамадан ылғалды алып тастайтын ("сұық/құрғақ" типіндегі) экстрактивті газ талдағыш МАЖ ӨА схемасы.

"Сұық/құрғақ" типіндегі газ талдағыш МАЖ ӨА талдағыштарды тандауда барынша икемді болуды қамтамасыз етеді және көбінесе шығарындыларды есептеу құрғақ негізде немесе әртүрлі газдарды бақылау қажет болған кезде қолданылады. Жүйенің осы типі басқалар сияқты құрделі болмаса да, қолдануда проблемалар туындаған кезде инженерлік өзгерістерге бейімделуге жеткілікті икемді.

"Сұық/құрғақ" типіндегі газ талдағыш МАЖ ӨА артықшылықтары:

қарапайым модульдік дизайн – ауыстыру және жөндеу оператор персоналдың күшімен жүзеге асырылады;

шығатын газдар температурасының өзгеруі өлшеу нәтижелеріне ешқандай әсер етпейді, өйткені олар бірдей жағдайларда жасалады.

Осы типтегі талдағыш жүйелердің кемшіліктері мынадай:

1. Осы газ талдағыш ӨА-дағы сынама дайындау жүйесі талданатын газдың құрамына әсер етуі мүмкін. HCl, HF, NH<sub>3</sub>, NO<sub>2</sub>, SO<sub>2</sub> сияқты заттар тез ериді және сынамадан ішінара немесе толығымен шығарылады, өйткені олар сынамалардың мәнін бұрмалай отырып, суда ериді немесе конденсатпен бірге сынамадан шығарылады, бұл сынаманың өкілдігі мен өзгермейтіндігі қағидатын бұзады.

2. Химиялық белсенді компоненттердің (HCl, HF, NH<sub>3</sub>, NO<sub>2</sub>, SO<sub>2</sub> және т.б.) конденсатта еруі нәтижесінде күшті қышқылдардың пайда болу ықтималдығы сымдардың, оптикалық элементтердің және басқа да компоненттердің қышқыл конденсатына күю салдарынан жүйенің толық істен шығуына әкелуі мүмкін.

3. Тасымалдау және сынама дайындау құрылғыларын дұрыс таңдамау өлшеу дәлдігінің төмендеуіне және газ талдағыш жабдықтың бұзылуына әкелуі мүмкін.

4. ЛЗ жалпы шығарындыларын дұрыс есептеу үшін шығатын газдардағы су буының мөлшерін жеке талдағыштарда өлшеу қажеттілігі.

5. Коррозиясы жоғары газдардағы салыстырмалы ылғалдылықты өлшеу дәлсіздігі жоғары болады.

Қол жеткізілген экологиялық пайда

Осы типтегі МАЖ ендіру шығарындылардың айтарлықтай төмендеуіне әкелді, кәсіпорындардың экологиялық жауапкершілігін арттыруды және өнеркәсіптік кәсіпорындардың атмосфералық ауаның ластануына қосқан үлесін сандық бағалауға мүмкіндік берді.

Бастапқы энергияны жалпы тұтыну

Сынамаларды сұйылтатын экстрактивті типтегі барлық МАЖ электр энергиясын тұтынуы конструкциясына байланысты 10-нан 30 кВт-қа дейін өзгереді. Электр энергиясының едәуір бөлігі сынаманы дайындау және ылғалды кетіру үшін қолданылады.

Экологиялық көрсеткіштер және пайдалану деректері

Осы типтегі МАЖ газ талдағыш өлшеу арнасын қолдану әртүрлі салалардағы өнеркәсіптік шығарындыларды тиімді бақылауға мүмкіндік береді. Осы типтегі МАЖ-ға жоспарлы қызмет көрсетуді және калибрлеуді жылына кемінде 4 рет жүргізу ұсынылады.

### Кросс-медиа әсерлері

Басқа экологиялық аспекттерге теріс әсер анықталған жоқ.

### Қолданылуы

"Суық/құрғақ" типіндегі газ талдағыш МАЖ ӨА СО, CH4 және қалқыма заттарды, газ қазандықтарын бақылау қажет аспирациялық жүйелерде ең көп қолданылады.

МАЖ ӨА-нің осы типі еритін заттарды (O<sub>2</sub>, CO, CO<sub>2</sub>, CH<sub>4</sub>, NO), аз мөлшерде ерімейтін заттарды (NO<sub>2</sub>, NO<sub>x</sub>, SO<sub>2</sub>) өлшей алады.

### Экономикалық көрсеткіштер

Осы типтегі бір газ талдағыш ӨА құны шамамен 35,3 млн теңгені ( $\approx$ 70 000 АҚШ долларын) құрайды. Қажетті қосымша жабдықтың құны шамамен 50,4 млн теңгені ( $\approx$ 100 мың АҚШ долларын) құрайды.

Сатып алу және пайдалану кезіндегі неғұрлым бюджеттік шешімдер.

### Ендірудің әсері


Осы типтегі газ талдағыш МАЖ қолдану Қазақстан Республикасының ЕҚТ анықтамалықтарында белгіленген көптеген маркерлік заттардың шығарындыларын тиімді бақылауға мүмкіндік береді.

#### 5.1.1.1.3. Сынамадан ылғалды алып тастайтын газ талдағыш МАЖ ӨА ("ыстық/ылғалды" типіндегі)

### Техникалық сипаты

"Ыстық/ылғалды" типіндегі газ талдағыш МАЖ ӨА-де шығатын газдың сынамасы жылдытылатын өлшеу ұяшығы бар газ талдағышының кіреберісіне жылдытылатын тасымалдау желісі арқылы ыстық түрде беріледі.

Осы типтегі жүйелерде Фурье түрлендіруі бар инфрақызыл спектрометрия әдісі қолданылады, көп компонентті газ ортасында бірнеше ЛЗ құрамын айқындауға мүмкіндік береді.



1 – газ жолы; 2 – сынама алу зонды; 3 – сынаманы тасымалдауға арналған жылдытылатын желі; 4 – газ талдағышы; 5 – шығысты ынталандырыш (сорғы).

5.10-сурет. Сынаманы сұйылтпай экстрактивті газ талдағыш МАЖ ӨА 2 схемасы – "ыстық /ылғалды" талдау.

5.10-суретте көрсетілгендей, "ыстық/ылғалды" типіндегі газ талдағыш МАЖ ӨА-да "ыстық/күрғақ" типіндегі газ талдағыш МАЖ ӨА-мен салыстырғанда өлшеу жүйесі элементтерінің саны аз.

Осы типтегі жүйелер сынаманы минималды түрлендіру тән болады – тек қалқыма заттар талдамалық ұяшыққа кіреберісте өрескел тазарту сүзгісімен жойылады.

Жылдыту желісіндегі температура конденсаттың шығуына жол бермеу үшін әрдайым шық нүктесінен жоғары болуы керек, бұл желінің бітелуіне және бүкіл жүйенің істен шығуына әкелуі мүмкін. Температура бүкіл жылдыту желісінде бірдей болуы болып қамтамасыз етіледі (әдетте 180 °С-тан жоғары), өйткені әртүрлі участкерлердегі температура айырмашылығы сынамалардың бүрмалануына әкелуі мүмкін [29].

Егер осы үлгідегі МАЖ газ талдағыш өлшеу арнасының қыздыру компоненттері істен шықса, онда бұл коррозия, бітелу немесе зақымдану салдарынан бүкіл жүйенің істен шығуына әкелуі мүмкін екенін ескеру қажет. Тиісінше МАЖ газ талдағыш жүйесі электр қуатын өшіру немесе жылдытыштың істен шығуы сияқты оқиғаларға байланысты салқындаған жағдайда техника автоматты түрде сөніп, таза, күрғақ ауамен немесе азотпен үрленетін етіп жасалуы керек.

Кол жеткізілген экологиялық пайда

МАЖ енгізу шығарындылардың айтарлықтай төмендеуіне әкелді, кәсіпорындардың экологиялық жауапкершілігін арттырды және өнеркәсіптік кәсіпорындардың атмосфералық ауаның ластануына қосқан үлесін сандық бағалауға мүмкіндік берді.

### Бастапқы энергияны жалпы тұтыну

Сынамаларды сұйылтатын экстрактивті типтегі барлық МАЖ электр энергиясын тұтынуы конструкциясына байланысты 10-нан 30 кВт-қа дейін өзгереді. Электр энергиясының едәуір бөлігі сынаманы дайындау және тасымалдау желісін жылышты үшін қолданылады.

### Экологиялық көрсеткіштер және пайдалану деректері

Газ талдағыш МАЖ ӨА қолдану әртүрлі салалардағы өнеркәсіптік шығарындыларды тиімді бақылауға мүмкіндік береді. Осы типтегі МАЖ-ға жоспарлы қызмет көрсетуді және калибрлеуді жылышта кемінде 2 рет жүргізу ұсынылады.

### Кросс-медиа әсерлері

Басқа экологиялық аспектілерге теріс әсер анықталған жоқ.

### Қолданылуы

"Ыстық/ылғалды" типіндегі газ талдағыш МАЖ көмір ЖЭО және ГРЭС, мұнай-химия, металургия, цемент өндіру кәсіпорындарында, қалдықтарды жағу жөніндегі қондырғыларда ең көп қолданылады.

Осы типтегі газ талдағыш МАЖ ӨА еритін (HCl, HF, NH<sub>3</sub>, H<sub>2</sub>O, NO<sub>2</sub>, N<sub>2</sub>O, SO<sub>2</sub>) және ерімейтін (O<sub>2</sub>, CO, CO<sub>2</sub>, CH<sub>4</sub>, NO, CxHy) заттарды өлшей алады.

"Ыстық/ылғалды" типіндегі газ талдағыш МАЖ ӨА артықшылықтары мыналар болып табылады:

бір уақытта өлшенетін ластағыш заттардың көп саны;

сол аспаптағы шығатын газдардың ылғалдылығын өлшеу;

сынама дайындаудың жүйе көрсеткіштеріне әсерінің болмауы;

химиялық белсенді компоненттерді ылғалмен бірге сынамадан алып тастау және конденсацияланған орталардың пайда болу қаупінің болмауы, бұл газ талдағыш жабдықтың жұмыс істеу жарамдылығының ұзақтығына оң әсер етеді;

коррозиялық газдардың жоғары концентрациясын өлшеу мүмкіндігі.

"Ыстық/ылғалды" типіндегі газ талдағыш МАЖ ӨА кемшіліктері мыналар болып табылады:

Қосымша компрессорды немесе қабылдағышты орнатуды қажет ететін дайындалған сығылған ауаның тұрақты көзінің қажеттілігі;

ӨА барлық компоненттері үшін жоғары температураны бақылауды қамтамасыз ету қажеттілігі.

### Экономикалық көрсеткіштер

Осы типтегі бір газ талдағыш ӨА құны шамамен 75,5 млн теңгегі ( $\approx 150\ 000$  АҚШ доллары). Қажетті қосымша жабдықтың құны шамамен 50,4 млн теңгені ( $\approx 100$  мың АҚШ долларын) құрайды.

## Ендірудің әсері

Осы типтегі газ талдағыш МАЖ қолдану Қазақстан Республикасының ЕҚТ анықтамалықтарында белгіленген барлық маркерлік заттардың шығарындыларын тиімді бақылауға мүмкіндік береді.

### 5.1.1.2. Экстрактивті емес типтегі МАЖ (сынаманы ірікте алмай)


#### Техникалық сипаты

Экстрактивті типтегі МАЖ-дың газ талдағыш өлшеу арналарына байланысты кейбір шектеулер тікелей газ жолы арнасында шығатын газдардың химиялық және физикалық параметрлерін өлшейтін экстрактивті емес типтегі МАЖ әзірлеуге әкелді.

Шығарылатын газдарды алдын ала дайындауды қажет етпестен шығарындыларды мониторингтеу экстрактивті емес типтегі жүйелерді бастапқы әзірлеуге әкелді. Қолайлы жағдайларда мұндай жүйелер O<sub>2</sub>, NO және SO<sub>2</sub> концентрациясын өлшей алады.

Төмендегі 5.11-суретте бір сәулелік орындалуы бар жергілікті участкеде ("нұктеде") сынама іріктеусіз газ талдағыш МАЖ ӨА орнату мен жұмыс істеуінің жалпы схемасы көрсетілген.

Газ талдағыш ӨА-ның конструкциясы арнайы зондтың болуын көздейді, онда сәулеленудің газ жолы арнасының салыстырмалы түрде шағын бөлігінде талданатын газ ортасымен байланысы қамтамасыз етіледі. Бұл жағдайда оның сынама алу жүйелерінде іске асырылатын талданатын ортаның физикалық сынамасымен ұқсастық байқалады. Газ талдағыш МАЖ ӨА бұл түрінің артықшылықтарына конструкциясының ықшамдылығы жатады, ейткені сәулелену көзі мен оның қабылдағышы бір блокта орналасқан, өлшеу нұктесінің орналасқан жерін дәл орналастыру мүмкіндігі бар.



1 – газ жолы; 2 – ИК сәулелену көзі; 3 – ИК сәулеленуге арналған айналмалы сұзгі; 4 – ИК сәулеленуді қабылдағыш; 5 – линза; 6 – кеуекті толтырғыш; 7 – шағылыштырығыш.

### 5.11-сурет. Нүктелік өлшеумен экстрактивті емес типтегі МАЖ.

Экстрактивті емес газ талдағыш МАЖ ӨА екінші типіне газ жолы арнасының қимасында өлшеулер жүргізілетін жүйелер жатады (5.12 және 5.13-суреттер).

Талданатын газ ортасымен сәулеленудің екі есе жанасуын қамтамасыз ететін жүйелер бір сәулелі жүйелермен салыстырғанда жоғары дәлдікке ие, бірақ пайдалану процесінде айтарлықтай механикалық әсерге ұшырайтын оптикалық тізбектің қосымша сезімтал элементтерінің болуына байланысты олардың құны жоғары және сенімділігі төмен.


Жалпы алғанда, экстрактивті емес газ талдағыш ӨА-ны экстрактивті жүйелермен салыстырғанда, МАЖ физикалық іріктеу және сынамаларды тасымалдау жүйелерін қамтиды, ең жақсы метрологиялық сипаттамаларға ие, өйткені оларда сынама алу және сынама дайындау жүйелерінің жұмыс істеуіне байланысты қосымша өлшеу қателіктері жоқ [28].

Экстрактивті емес газ талдағыш ӨА бар МАЖ кемшілігі бір уақытта айқындалатын әдетте екі немесе үш заттан тұратын ЛЗ шектеулі жиынтығы болып табылады.

Газ талдағыш МАЖ ӨА экстрактивті емес түрінің артықшылықтарына мынадай өлшемшарттар жатады:

сынаманы тасымалдауға және дайындауға байланысты қосымша қателіктердің болмауы;

ең аз жауап беру уақыты, бұл технологиялық процесті бақылау үшін де маңызды; сынама дайындаудың болмауы – аз элементтерге қызмет көрсету керек.



1 – газ жолы; 2 – сәулелену көзі; 3 – сәуле бөлгіш; 4 – салыстыру детекторы; 5 – детектор.

5.12-сурет. Бір сәулелі экстрактивті емес газ талдағыш МАЖ ӨА орындау нұсқасы.

Экстрактивті емес типтегі газ талдағыш МАЖ ӨА кемшіліктеріне мыналар жатады:

1. Бір аспапта бірнеше компоненттерді ғана өлшеуге болады – бірнеше датчик қажет.


2. Жабдық тікелей алаңға орнатылады, бұл жаңбыр, қар, температура және ылғалдылық сияқты әртүрлі ауа райы факторларының әсеріне әкеледі. Сондай-ақ жабдық жұмысының процесінде немесе сыртқы факторларға байланысты пайда болуы мүмкін дірілді ескеру қажет. Егер жабдық биіктікке орнатылса, бұл оны күтіп ұстауды және калибрлеуді қынданатады, өйткені мұндай қондырғыларға қол жеткізу үшін арнайы жабдық пен қауіпсіздік шаралары қажет. Бұл техникалық қызмет көрсету уақыты мен шығындарының артуына әкелуі мүмкін.

3. Лазерлік жүйелер жағдайында температураның ауытқуы сәулелегіш пен қабылдағыш арасындағы қашықтық пен қозғалыстың өзгеруіне әкеледі.

4. Қабылдағыш пен сәулелегіш қатаң түрде бір желіге орнатылуы керек.

5. Оптика түтін газдарының әсеріне ұшырайды.

6. Шығатын газдардың температурасы, тозаң мөлшері, қышқыл шық нұктесі бойынша шектеулер бар.



1 – газ жолы; 2 – сәулелену көзі; 3 – сәуле бөлгіш; 4 – салыстыру детекторы; 5 – детектор; 6 –нөлдік нүктені орнатуға арналған рефлектор; 7 – шағылыстырығыш.

5.13-сурет. Көлденең қимада өлшенетін экстрактивті емес МАЖ (екі сәулелі нұска).

Датчиктер түтін құбырына немесе аяу өткізгішке орнатылады, орнату орнындағы жағдайлар өте маңызды. Түтін құбырының немесе аяу өткізгіштің дірілі болған кезде экстрактивті емес типтегі МАЖ ӨА, әсіресе электроптикалық жүйелер жұмысында қыындықтарға тап болуы мүмкін. Діріл оптикалық компоненттердің теңдесуін әлсіретуі немесе бұзыуы және такталар мен электронды компоненттерді әлсіретуі мүмкін. Ұзын зондтар үшін шығатын газдың өзгеретін жылдамдығымен біріктірілген тербелістер зондтың өзін тербеліске ұшыратып, жарықтарға немесе басқа да құрылымдық зақымға әкелуі мүмкін.

Қоршаған ортаның жоғары температурасы немесе температураның кең ауытқуы түтін мұржасына орнатылған электроника мен оптикаға да әсер етеді. Қоршаған ауадағы қышқыл газдар нашар құрастырылған аспаптар корпустарына әсер етеді, ал шығатын газдағы конденсацияланған қышқыл газдар датчиктерді тез коррозияға ұшыратады. Кейбір жағдайларда коррозияға төзімді қорытпаларды қолдану қажет болуы мүмкін.

Қол жеткізілген экологиялық пайда

Газ талдағыш МАЖ ӨА енгізу шығарындылардың айтарлықтай төмендеуіне әкелді, кәсіпорындардың экологиялық жауапкершілігін арттыруды және өнеркәсіптік кәсіпорындардың атмосфералық ауаның ластануына қосқан үлесін сандық бағалауға мүмкіндік берді.

**Бастапқы энергияны жалпы тұтыну**

Сынамаларды сұйылтатын экстрактивті типтегі барлық МАЖ электр энергиясын тұтыну конструкциясына байланысты 10-нан 20 кВт-қа дейін өзгереді.

**Экологиялық көрсеткіштер және пайдалану деректері**

Газ талдағыш МАЖ ӨА қолдану әртүрлі салалардағы өнеркәсіптік шығарындыларды тиімді бақылауға мүмкіндік береді. Осы типтегі МАЖ-ге жоспарлы қызмет көрсетуді және калибрлеуді жылына кемінде 2 рет жүргізу ұсынылады.

**Кросс-медиа әсерлері**

Басқа экологиялық аспектілерге теріс әсер анықталған жоқ.

**Қолданылуы**

МАЖ ӨА электр станцияларында (көмір және газ), цемент және әк зауыттарында, қоқыс жағу қондырғыларында, мұнай-газ өнеркәсібінде (мұнай өңдеу және мұнай-химия зауыттары), металлургияда (болат құю және түсті металдар), целлюлоза-қағаз, шыны және химия өнеркәсібінде, тамак, фармацевтика және ауыл шаруашылығы салаларында қолданылады. Осы үлгідегі МАЖ ӨА SO<sub>2</sub>, NO<sub>x</sub>, CO, CO<sub>2</sub>, РМ және ҮОҚ сияқты заттардың шығарындыларын дәл және жедел өлшеуді қамтамасыз етеді, бұл шығарындыларды азайту бойынша уақтылы шаралар қабылдауға, өндірістік процестерді оңтайландыруға және экологиялық нормаларды сақтауға мүмкіндік береді.

**Экономикалық көрсеткіштер**

Осы типтегі бір газ талдағыш ӨА құны – шамамен 75,5 млн теңге ( $\approx$ 150 000 АҚШ доллары).

**Ендірудің әсері**

Осы типтегі газ талдағыш МАЖ ӨА қолдану Қазақстан Республикасының ЕҚТ анықтамалықтарында белгіленген көптеген маркерлік заттардың шығарындыларын (негізінен қалқыма заттар), физикалық параметрлерді тиімді бақылауға мүмкіндік береді

### **5.1.2. Шығарындылардың газ-аяу қоспасындағы компоненттердің құрамын мониторингтеу және айқындау техникалары**

Газ ортасы компоненттерінің құрамын өлшеу үшін көптеген физикалық-химиялық әдістер қолданылады, олар өз мүмкіндіктері бойынша автоматты өлшеу жүйелерін қолдана отырып өлшеуге қойылатын талаптарға, техникалық қуралдардың үздіксіз режимде жұмыс істеу сенімділігі, өлшеу нәтижелерінің сенімділігі, өлшеу рәсімін автоматтандыру мүмкіндігі және т. б. талаптарға жауап береді. Бұл әдістердің барынша көп бөлігі жарықтың сінуін сініргіш заттың концентрациясымен байланыстыратын Бугер-Ламберт-Бэр заңына негізделген оптикалық әдістерге жатады. Оптикалық газ талдағыш МАЖ ӨА-да сінірлелердің сәулеленудің толқын ұзындығына байланысты ең көп бөлігі дисперсиялық емес, дифференциалды және Фурье спектроскопиясының

нұсқаларында УК-диапазонындағы, көзге көрінетін аймақтағы және ИК диапазонындағы сәулелену әдістерін қолданады. Оптикалық әдістерден басқа электрохимиялық, хроматографиялық әдістер, иондық қозғалыштық спектрометрия әдісі және басқа да әдістер қолданылады [30].

Ең көп таралған ауаны ластағыш заттарға арналған сертификатталған МАЖ әдістері 5.3-кестеде көтірілген.

**5.3-кесте. Ең көп таралған ауаны ластағыш заттарға арналған сертификатталған МАЖ әдістері**

P/c №	Ластағыш	Мониторинг әдістері
1	2	3
1	NH <sub>3</sub>	FTIR (Фурье түрлендіруге негізделген инфрақызыл спектроскопия), GFC-пен (корреляциялаудың газды сүзгісі) NDIR (дисперсиялық емес инфрақызыл әдіс), TDL (диодты лазерлік сініру спектрометриясы)
2	CO	FTIR (Фурье түрлендіруге негізделген инфрақызыл спектроскопия), NDIR (дисперсиялық емес инфрақызыл әдіс)
3	Тозақ (қалқыма заттар)	Жарықтың әлсіреуді немесе шашырауы, трибоэлектрлік әсер (яғни тозақ бөлшектерінен туындаған зондтың электрленуі)
4	HCl	FTIR (Фурье түрлендіруге негізделген инфрақызыл спектроскопия), GFC-пен (корреляциялаудың газды сүзгісі) NDIR (дисперсиялық емес инфрақызыл әдіс), TDL (диодты лазерлік сініру спектрометриясы)
5	HF	FTIR (Фурье түрлендіруге негізделген инфрақызыл спектроскопия), TDL (диодты лазерлік сініру спектрометриясы)
6	CH <sub>4</sub>	FID (жалинның иондануын анықтай), FTIR (Фурье түрлендіруге негізделген инфрақызыл спектроскопия), NDIR (дисперсиялық емес инфрақызыл әдіс)
7	Hg	AAS (атомдық абсорбциялық спектрометрия), DOAS (

		спектроскопияның дифференциалды оптикалық сініруі)
8	NO <sub>X</sub>	Хемилюминесценция, FTIR (Фурье түрлендіруге негізделген инфрақызыл спектроскопия), NDIR (дисперсиялық емес инфрақызыл әдіс), NDUV (дисперсиялық емес УК-спектрометрия), DOAS (спектроскопияның дифференциалды оптикалық сініруі)
9	SO <sub>2</sub>	FTIR (Фурье түрлендіруге негізделген инфрақызыл спектроскопия), NDIR (дисперсиялық емес инфрақызыл әдіс), NDUV (дисперсиялық емес УК-спектрометрия), DOAS (спектроскопияның дифференциалды оптикалық сініруі)
10	Жалпы ұшпа органикалық көміртек (TVOC)	FID (жалынның иондануын анықтау)

Шығатын тұтін газдарындағы ластағыш заттардың концентрациясын үздіксіз өлшеу әдісін таңдау көбінесе газдардың электромагниттік спектрдің әртүрлі диапазондарындағы жарықты сініру және шығару қасиеттерімен айқындалады. Төмендегі суретте электромагниттік спектрдің әртүрлі диапазондарында, соның ішінде вакуумдық УК, ультракүлгін, көзге көрінетін, жақын ИК, орта ИК және алыс ИК диапазондарында әртүрлі газдардың жұтылуы мен сәулеленуінің спектрлік таралуының мысалы келтірілген. Диаграмма спектроскопиялық ауысуладың түрлерін және әртүрлі талдағыштардың қолдану аясын көрсетеді. Осы ауысулар мен спектрлік ерекшеліктерді түсіну ауаны ластағыш заттарды бақылау және талдау үшін спектроскопиялық әдістерді тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Жарықтың жұтылуы мен сәулеленуінің спектрлік диапазондары мынадай:

вакуумдық ультракүлгін: 100 – 200 нм;

ультракүлгін: 200 – 400 нм;

көзге көрінетін: 400 – 700 нм (кулгін – қызыл);

жақын инфрақызыл: 700 нм – 2.5 мкм (1000 – 4000 см<sup>-1</sup>);

орташа инфрақызыл: 2.5 – 25 мкм (400 – 4000 см<sup>-1</sup>);

алыс инфрақызыл: 25 – 1000 мкм (10 – 400 см<sup>-1</sup>).

Спектроскопиялық ауысуладың түрлері:

иондану, алдын ала диссоциация, диссоциация: вакуумдық УК диапазонында жүреді;

электрондық ауысулар: ультракүлгін және көзге көрінетін диапазондарда;

обертондар мен комбинациялық жолақтар: жақын инфрақызыл диапазонында; айналмалы-тербелмелі ауысулар: орташа инфрақызыл диапазонда; айналмалы ауысулар: алыс инфрақызыл диапазонда.

Шығарындылардағы әртүрлі газдар мен бөлшектердің концентрациясын өлшеу үшін қолданылатын талдағыштардың бірнеше түрі бар.

УК-талдағыштар ультракұлгін сәулелерді сіңіретін SO<sub>2</sub> және NO<sub>2</sub> сияқты газдарды анықтауға мүмкіндік береді. Бұл талдағыштар шығарындыларды бақылау және экологиялық стандарттарға сәйкестікті қамтамасыз ету үшін өнеркәсіптік қосымшаларда кеңінен қолданылады.

Түссіздік мониторлары түтіндегі бөлшектердің концентрациясын өлшеу үшін көзге көрінетін диапазонда қолданылады. УК-талдағыштар бөлшектердің құрамын бағалауға және шығарындылар ережелерін сақтауға мүмкіндік беріп, ауаның ластануын бақылауда шешуші рөл атқарады. Түссіздік мониторлары электр станцияларында, металлургиялық және химиялық зауыттарда сұранысқа ие.

ИК-талдағыштарына жақын, орта және алыс инфрақызыл диапазондарда жұмыс істейтін құрылғылар кіреді. УК-талдағыштар CO, CO<sub>2</sub>, H<sub>2</sub>O және CH<sub>4</sub> сияқты әртүрлі газдардың концентрациясын өлшеу үшін қолданылады. Жақын ИК диапазоны комбинациялық және обертонды сіңіру жолақтарын талдау үшін, орта ИК диапазоны айналмалы-тербелмелі ауысулар үшін, ал алыс ИК диапазоны – айналмалы ауысулар үшін қолданылады. ИК-талдағыштар экологияда, өнеркәсіпте және ғылыми зерттеулерде кеңінен қолданылады.


Әртүрлі газдардың электромагниттік спектрдің әр түрлі диапазонында өзіндік ерекше спектрлік ерекшеліктері бар. Вакуумдық УК диапазонында (100 – 200 нм) H<sub>2</sub>S және NO сияқты газдар сіңіру мен иондануды көрсетеді. Осы диапазондағы SO<sub>2</sub> жарықты сіңіріп, шығара алады.

Ультракұлгін және көзге көрінетін диапазондарда (200 – 700 нм) SO<sub>2</sub> және O<sub>2</sub> сияқты газдар да сіңіру мен сәулеленуді көрсетеді. Бұл диапазондардағы NO<sub>2</sub> жарықты сіңіреді және шығарады, бұл оларды анықтау үшін УК талдағыштарын қолдануға мүмкіндік береді.

Жақын инфрақызыл диапазонда (700 нм – 2,5 мкм) CO<sub>2</sub> және H<sub>2</sub>O сияқты газдар комбинациялық және обертондық жолақтарда сіңуін көрсетеді. Бұл органикалық қосылыстар мен суды талдау үшін жақын ИК диапазонын пайдалы етеді.

Орташа инфрақызыл диапазонда (2,5 – 25 мкм) CH<sub>4</sub>, H<sub>2</sub>S, NH<sub>3</sub>, NO, NO<sub>2</sub>, SO<sub>2</sub> және CO сияқты газдар үшін айналмалы-тербелмелі ауысуларда сіңіру журеді. H<sub>2</sub>O және CO<sub>2</sub> газдары да осы диапазондағы комбинациялық және тондық жолақтарда сіңіріледі.

Алыс инфрақызыл диапазонда (25 – 1000 мкм) H<sub>2</sub>O и CO<sub>2</sub> сияқты газдар айналмалы ауысуларда сіңуін көрсетеді. Бұл диапазон молекулалардағы әлсіз өзара әрекеттесулер мен тербелістерді талдау үшін қолданылады.



5.14-сурет. МАЖ-да концентрацияларды өлшеуге арналған электромагниттік спектрлер.

Төменде газ концентрациясын өлшеу әдістерінің қысқаша сипаттамасы берілген.

### Инфрақызыл спектроскопия

Дисперсиялық емес инфрақызыл әдіс (NDIR) инфрақызыл сәулеленуді газдармен сініруге негізделген. Сәулелену үлгі арқылы өтеді және детектор жарық қарқындылығының төмендеуін өлшейді.

Фурье түрлендіруге негізделген инфрақызыл спектроскопия (FTIR) үлгіден өткен инфрақызыл сәулелену спектрін талдау үшін Фурье түрлендіруін пайдаланады. Бір уақытта газдардың кең ауқымын өлшеуге мүмкіндік береді.

Теңшелетін диодты лазерді сініру спектрометриясы (TDL) белгілі бір толқын ұзындығындағы газдардың концентрациясын өлшеу үшін қайта бапталатын диодты лазерлерді пайдаланады.

### Ультракұлтік және көзге көрінетін спектроскопия

Спектроскопияның дифференциалды оптикалық сінірілуі (DOAS) ультракұлтік және көзге көрінетін диапазондарда жарықтың дифференциалды сінірілуін өлшейді. Өзіне тән сініру спектрлері бар газдарды анықтауға және сандық талдауға мүмкіндік береді.

Дисперсті емес УК-спектрометрия (NDUV) – әдіс NDIR-ге ұқсас, бірақ УК сәуле УК жарығын сініретін газдардың концентрациясын өлшеу үшін қолданылады.

Атомдық-абсорбциялық спектроскопия (AAS) – әдіс газ фазасындағы элемент атомдарының жарықты сініруіне негізделген. Жарық қарқындылығын төмендету арқылы элементтердің концентрациясын айқындауды.

Фотоионизациялық және люминесцентті әдістер

Атомдық-флуоресцентті спектроскопия (AFS) – әдіс атомдардың қозуына және олардың флуоресценциясын өлшеуге негізделген. Элементтердің төмен концентрациясын айқындауға мүмкіндік береді.

Иондық масс-спектрометрия (IMS) – әдіс иондардың электр өрісі арқылы ұшу уақытын өлшеуге негізделген. Иондарды олардың қозғалғыштығы бойынша бөлуге және сәйкестендіруге мүмкіндік береді.

Хроматографиялық әдістер

Жалынның иондануын анықтау (FID) – хроматографиялық баған газы сутегі жалыннына енгізілетін әдіс, органикалық қосылыстар иондалады және олардың концентрациясы иондар тогы арқылы айқындалады.

Корреляциялық спектроскопия әдістері

Газдың корреляциялық сұзгісі (GFC) – газдардың сініру спектрлері бойынша концентрациясын корреляциялау және селективті өлшеу үшін газ сұзгілері қолданылатын әдіс.

### 5.1.2.1. Дисперсиялық емес инфрақызыл әдіс (NDIR)

Техникалық сипаты

Жарықтың молекулалық сініүн өлшеуге арналған аспаптарды спектрометрлер немесе спектрофотометрлер деп жіктеуге болады. Спектрометрлер толқын ұзындығына байланысты жұтылу туралы егжей-тегжейлі ақпарат алу үшін толқын ұзындығының диапазонында толқын ұзындығын өзгертуге арналған. Спектрофотометрлер, керісінше, спектрді сканерлеу үшін жарықты шашыратпайды, керісінше молекуланың жұтылу шынына бағытталған салыстырмалы түрде тар толқын ұзындығында немесе "жолақтарда" жарықтың сініүн өлшеу үшін сұзгілерді немесе басқа да механизмдерді пайдаланады.

Инфрақызыл аймақта қолданылатын спектрофотометрлерді әдетте дисперсиялық емес инфрақызыл (NDIR) әдісінің талдағыштары деп атайды. NDIR жүйесі келесідей жұмыс істейді: инфрақызыл сәуле Globar (1000 °C-тан жоғары қыздырылған кремний карбиді таяқшасы), инфрақызыл жылу сәулелендіргіштерінің басқа да типтері, инфрақызыл жарық диодтары немесе инфрақызыл лазерлер сияқты сәулелену көзінен шығарылады.

Жарық екі газ камерасы арқылы беріледі: эталондық және үлгі. Этalonдық камерада қолданылатын толқын ұзындығында жарықты сінірмейтін азот немесе аргон сияқты газ бар. Берілген сәуле үлгі камерасы арқылы өткенде, ластағыш зат молекулалары инфрақызыл сәулениң бір бөлігін сініреді. Нәтижесінде жарық үлгілі камерадан шыққан

кезде оның энергиясы кірген кезге қарағанда аз болады, сонымен қатар эталондық камерадан шығатын жарық энергиясынан аз болады. Энергия айырмашылығы қатты күйдегі датчик (мысалы, сынап кадмий теллуриді (МСТ), қорғасын сульфиді (PbS), күшәла селениді (As<sub>2</sub>Se<sub>3</sub>) немесе Luft типті пневматикалық датчик сияқты детектормен тіркеледі. Қатты күйдегі датчиктердің сезімталдығын термоэлектрлік салқындақышты қолдану арқылы салқындау арттыруға болады.

Осындай детекторлау жүйесі бар талдағыштарды қолданған кездегі негізгі проблема ластағыш зат молекуласымен бірдей спектрлік аймақтағы жарықты сіңіретін газдар өлшеуге оң кедергі келтіреді. Мысалы, су буы мен CO<sub>2</sub> CO өлшеуіне араласады. Мұндай жағдайларда бұл газдарды үлгі газы талдағышқа кіrmес бұрын тазарту жүйесі алып тастауды керек.

Осы проблеманы шешу үшін сіңіру камералары дәйекті орналасқан пневматикалық детектор пайдаланылады. Бұл детекторда екі камера өлшенетін түрдегі газбен толтырылады. Алдыңғы камера артқы камерадан қысқа және екеуі де екі камера арасындағы газ қысымының айырмашылығын немесе олардың арасындағы газ ағынын анықтай алатын датчикке қосылған. Бұл әдіс CO<sub>2</sub> және H<sub>2</sub>O сияқты газдарды өлшеу кезінде кедергілердің азайту үшін кеңінен қолданылады және NH<sub>3</sub>, CO, HCl, CH<sub>4</sub>, NO<sub>x</sub> және SO<sub>2</sub> сияқты әртүрлі газдарды мониторингтеу үшін сезімталдығы жоғары және дәл талдағыштар жасауға мүмкіндік береді.

Қол жеткізілген экологиялық пайда

NDIR-талдағыштар әртүрлі газдардың (мысалы, CO<sub>2</sub>, CO, CH<sub>4</sub>) концентрациясын дәл өлшеуге мүмкіндік береді, бұл атмосфераға зиянды заттардың шығарылуын тиімдірек бақылауға және азайтуға ықпал етеді.

Бастапқы энергияны жалпы тұтыну

Казіргі заманғы NDIR-талдағыштар энергия тиімділігі талаптарын ескере отырып әзірленеді, бұл оларды пайдалану кезінде жалпы энергия шығынын азайтуға мүмкіндік береді.

Экологиялық көрсеткіштер және пайдалану деректері

Әр түрлі газдардың концентрациясын айқындаудағы жоғары дәлдік ластану көздерін уақтылы анықтауда және жоюға мүмкіндік береді.

Кросс-медиа әсерлері

Басқа экологиялық аспектілерге теріс әсер анықталған жоқ.

Қолданылуы

NDIR-талдағыштар CO<sub>2</sub> және H<sub>2</sub>O, NH<sub>3</sub>, CO, HCl, CH<sub>4</sub>, NO<sub>x</sub> және SO<sub>2</sub> айқындаудағы дәлдігі мен сенімділігіне байланысты әртүрлі салаларда кеңінен қолданылады.

Өнеркәсіпте олар электр станцияларында, цемент зауыттарында және мұнай-химия зауыттарында көмірқышқыл газы, көміртегі тотығы және метан шығарындыларын бақылау үшін қолданылады, бұл экологиялық ережелерді сактауға көмектеседі.

### Экономикалық көрсеткіштер

Негізгі экономикалық көрсеткіш иелік етудің төмен құны болып табылады. Бұған жабдықты сатып алуға жұмсалатын бастапқы инвестициялар, техникалық қызмет көрсету және калибрлеу сияқты пайдаланушылық шығындар кіреді. NDIR-талдағыштар ең аз техникалық қызмет көрсетуді қажет етеді және ұзақ мерзім қызмет етеді, бұл жалпы пайдалану шығындарын азайтады.

### Ендірудің әсері

Сипатталған СО шығарындыларын өлшеу әдістерін енгізу экологиялық жағдайдың жақсаруына, адамдардың денсаулығы мен қоршаған ортага зиянды әсердің төмендеуіне, энергия тиімділігінің артуына және кәсіпорындардағы операциялық шығындардың төмендеуіне әкеледі.

#### 5.1.2.2. Фурье түрлендіруге негізделген инфрақызыл спектроскопия (FTIR)

FTIR-талдағыштардың жұмыс қағидаты мынадай: инфрақызыл көзден түсетін жарық сәулені екі сәулеге бөлетін сәуле бөлгішке бағытталған. Сәулелердің бірі жылжымалы айнаға бағытталады, содан кейін қайтадан оралады, екіншісі стационарлық айнаға бағытталып, қайта оралады. Жылжымалы айна сәулелердің біреуінің өтетін қашықтығын өзгертерді, бұл осы сәуле фазасының өзгеруіне әкеледі. Содан кейін екі сәуле қайтадан біріктіріліп, ұлғі ұяшығы арқылы өтеді, кейіннен детекторға бағытталады. Екі сәуле біріктірілгенде, олар интерферограмма жасау арқылы кедергі жасайды, онда ұлғіден өткен инфрақызыл спектрдің барлық жиіліктері туралы ақпарат бар. Интерферограмма ұлғінің қандай жарық жиіліктерін сіңіргенін көрсететін инфрақызыл спектрді шығару үшін Фурье түрлендіруімен өндөледі.

FTIR-дің басты артықшылықтарының бірі әр түрлі газдардың концентрациясын бір уақытта өлшеу мүмкіндігі болып табылады. Бұған спектрде ұлғіден өтетін инфрақызыл сәуленің барлық жиіліктері туралы ақпарат болғандықтан қол жеткізіледі. FTIR спектрометрлері әдетте 2,5-тен 25 мкм-ге дейін (4000-нан 400 см<sup>-1</sup>-ге дейін) жұмыс істейді, бұл газдар мен қосылыстардың кең ауқымын өлшеуге мүмкіндік береді. Фурье түрлендіру технологиясы жоғары сезімталдық пен өлшеу дәлдігін қамтамасыз етеді, бұл газдардың төмен концентрациясы да анықтауға мүмкіндік береді.

FTIR-талдағыштар өнеркәсіптің түрлі салаларында кеңінен қолданылады. FTIR-талдағыштар цемент зауыттарында, инсинераторларда және басқа да өндірістік нысандарда өнеркәсіптік шығарындыларды бақылау үшін қолданылады. Бұл аспаптар жанармай жағу кезінде шығарындыларды бақылау және қоршаған ортадағы ауаны талдау үшін де тиімді. Химия өнеркәсібінде және материалтану саласында FTIR-спектроскопия зерттеу жүргізу және өнім сапасын бақылау үшін қолданылады.

FTIR зертханалық техника болып саналса да, салыстырмалы түрде арзан және қуатты микропроцессорлық жүйелердің пайда болуы бұл әдісті дала жағдайларында қолдануға мүмкіндік берді.

FTIR техникасының басты артықшылығы кең спектрлі диапазонда газ үлгісін сінірудің толық спектрінің "бейнесін" алу болып табылады. FTIR аспаптарында әдетте 2,5 – 25 мкм [4000 – 400 см<sup>-1</sup> (толқындық сандар)] диапазоны болады. FTIR көмегімен алынған спектр үлгідегі әртүрлі газдардың болуын және концентрациясын айқындауға мүмкіндік береді. FTIR әдісінде әрбір жаңа қосылымды өлшеу үшін жаңа құралды әзірлеу қажет емес. Егер FTIR әдісі жарық энергиясын тиісті инфрақызыл сәулелерде сінірсе, ол кез келген қосылысты өлшей алады. Алайда бұл аспапты нақты қолдану үшін оңтайландырудың қажеті жоқ дегенді білдірмейді. Салыстырмалы түрде арзан және қуатты микропроцессорлық жүйелердің пайда болуы бұл әдісті үздіксіз мониторинг үшін қолдануға мүмкіндік берді.

Экологияда қолдануға арналған FTIR жүйелері арасындағы негізгі айырмашылықтар оптикалық жүйенің конструкциясы және интерферограмма жасау үшін айнаны жылжыту әдісі болып табылады. Жылжымалы айна конструкциясы дала жағдайында пайдалану үшін дірілге төзімді болуы керек. Осы мақсатқа жету үшін әртүрлі бірегей әдістер әзірленді. Аспаптар арасындағы басқа айырмашылықтар Фурье түрлендіруі арқылы алынған интерферограмма мен спектрден ластағыш заттардың концентрациясы туралы деректерді алу үшін қолданылатын математикалық әдістерде бар. FTIR жүйелері цемент зауыттарында, қоқыс жағу қондырыларында және көмір электр станцияларында үздіксіз мониторинг жасау құралдары ретінде орнатылуда. Көздерді тестілуімен айналысады компаниялар қауіпті ауаны ластағыш заттардың кең ауқымын өлшеу үшін FTIR жүйелерін пайдаланады.

#### Қол жеткізілген экологиялық пайда

FTIR-талдағыштар шығарындылардағы әртүрлі газдардың концентрациясын дәл өлшеуге мүмкіндік береді, бұл атмосфераға ластағыш заттардың шығарындыларын тиімдірек бақылауға және азайтуға ықпал етеді.

#### Бастапқы энергияны жалпы тұтыну

Қазіргі заманғы FTIR-талдағыштар энергия тиімділігі талаптарын ескере отырып жасалған, бұл оларды пайдалану кезінде жалпы энергия шығынын азайтуға мүмкіндік береді.

#### Кросс-медиа әсерлері

Басқа экологиялық аспектілерге теріс әсер анықталған жоқ.

#### Қолданылуы

Фурье түрлендіретін инфрақызыл спектроскопия әдісі (FTIR) газдардың NH<sub>3</sub>, CO, HCl, HF, CH<sub>4</sub>, NO<sub>x</sub>, және SO<sub>2</sub> сияқты кең спектрін басқаруға мүмкіндік береді.

#### Экономикалық көрсеткіштер

СО өлшеу құралдарының құны жүйелерге байланысты 5 млн теңгеден ( $\approx$ 10 мың АҚШ доллары) бастап түрленеді.

Бастапқы инвестициялар айтарлықтай болуы мүмкін, бірақ олар пайдалану шығындарын азайту және экологиялық ережелерді сақтамағаны үшін айыппұлдардың алдын алу арқылы өтеледі.

FTIR-талдағыштардың жоғары сенімділігі мен ұзақ қызмет ету мерзімі техникалық қызмет көрсету және калибрлеу шығындарын қоса алғанда, пайдалану шығындарын азайтады.

Экологиялық көрсеткіштер және пайдалану көрсеткіштері

FTIR-талдағыштар өлшеудің жоғары дәлдігі мен сезімталдығын қамтамасыз етеді, бұл ластағыш заттардың төмен концентрациясын да уақтылы анықтауға мүмкіндік береді.

Заманауи FTIR-талдағыштар ынғайлы интерфейстермен және автоматты мүмкіндіктермен жабдықталған, бұл оларды пайдалануды женілдетеді және қызметкерлердің біліктілігіне қойылатын талаптарды төмендетеді.

Ендірудің әсері

Сипатталған СО шығарындыларын өлшеу әдістерін енгізу экологиялық жағдайдың жақсаруына, адамдардың денсаулығы мен қоршаған ортаға зиянды әсердің төмендеуіне, энергия тиімділігінің артуына және кәсіпорындардағы операциялық шығындардың төмендеуіне әкеледі.

### 5.1.2.3. Диодты лазерді сіңіру спектрометриясы (туннельді диодты лазерлер, TDL)

Техникалық сипаты

Туннельді диодты лазерлік талдағыштар – әртүрлі ортадағы газдардың концентрациясын өлшеу үшін қолданылатын жоғары сезімтал құрылғылар. Туннельді диодты лазерлік талдағыштар талданатын үлгідегі газ тәрізді молекулалар туннельді диодты лазер шығаратын белгілі бір толқын ұзындығындағы жарықты сіңіру негізінде жұмыс істейді. Талдағыштар жоғары дәлдігіне, сезімталдыққа және жауап беру жылдамдығына байланысты кеңінен қолданылады.

Байланыс үшін жақын инфрақызыл лазерлердің пайда болуымен және инфрақызыл жартылай өткізгіш детекторлардың жақсаруымен компаниялар Еуропада, Канадада және АҚШ-та көздер мен қоршаған ортаға арналған лазерлік мониторлар әзірледі.

TDL-талдағыштар олардың тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ететін бірнеше негізгі компоненттерді қамтиды:

1. Туннельді диодты лазер – монохроматтылығы жоғары тар спектрлік жарық диапазонын шығарады, бұл толқын ұзындығын белгілі бір газды сіңіру желілеріне дәл теншеуге мүмкіндік береді.

2. Оптикалық жүйе – линзалар мен айналар жүйесі лазерлік сәулеленуді талданатын үлгі арқылы бағыттайты. Оптикалық компоненттер өлшеу сезімталдығын арттыра

отырып, сынама арқылы жарық жолын арттыратын көп жолды жасушаларды қамтуы мүмкін.

3. Үлгі ұяшығы – құрамында лазер сәулесі өтетін газ тәрізді үлгі бар. Газ молекулалары газдың әр түріне тән белгілі бір толқын ұзындығында жарықты сініреді.

4. Детектор – үлгі ұяшығынан өткеннен кейін жарықтың қарқындылығын өлшейді. Белгілі бір толқын ұзындығындағы қарқындылықтың төмендеуі сынамадағы газдардың болуын және концентрациясын көрсетеді.

5. Аналогтық-цифрлық түрлендіргіш және микропроцессор. Детектордан шыққан сигнал цифрлық форматқа аудысады және микропроцессормен өндөледі, ол деректерді талдайды және өлшенген жарық сініру негізінде газдардың концентрациясын есептейді

TDL-талдағыштардың оларды әртүрлі қосымшалар үшін тиімді құралға айналдыратын бірқатар артықшылықтары бар:

1. Жоғары сезімталдық пен дәлдік. Тар спектрлік ені және жоғары монохроматты сәулелену жоғары сезімталдық пен өлшеу дәлдігін қамтамасыз етеді.

2. Жылдам жауап. Лезде жауап беруді қамтамасыз етеді, ал ол нақты уақыт режимінде өлшеулерді жүргізуге мүмкіндік береді, бұл технологиялық процестерді бақылау және шығарындыларды мониторингтеу үшін маңызды.

3. Өлшемдердің іріктештігі. Лазердің толқын ұзындығын дәл теңшеу мүмкіндігі күрделі газ қоспаларында да жеке газдардың концентрациясын таңдамалы түрде өлшеуге мүмкіндік береді.

4. Кең динамикалық диапазон. Газдардың тәмен де, жоғары да концентрациясын өлшеу мүмкіндігі, бұл оларды әртүрлі қосымшалар үшін әмбебап етеді.

5. Диодты лазердегі қарапайым жүйе лазердің температурасын немесе оның жұмыс тогын өзгерту арқылы лазерді әртүрлі толқын ұзындығына теңшеу арқылы дифференциалды сініру әдісін қолдана алады. Алайда жоғары сезімталдыққа лазердің толқын ұзындығын сініру шыны диапазонында модуляциялау арқылы қол жеткізуге болады. Екінші туынды техникасы әсіресе лазерлер қолжетімді жақын инфрақызыл аймақтарда әлсіз сініру сигналдарын анықтауды күшету үшін қолданылады. Бұл әдісті іске асырудың бірнеше тәсілі бар, бірақ қорытынды нәтиже Бердің екінші туынды заңына пропорционалды сигнал болып табылады.

Әдіс сініру желісінің пішініне байланысты, желінің кеңейту әсеріне орай проблемалар туындауы мүмкін. Температура мен қысым желінің пішініне, сондай-ақ молекулалар арасындағы соқтығысуға әсер етіп, коллизиялық кеңеюіне әкеледі. Лазерлер толқын ұзындығы бойымен аса өзгеше және спектрлік кедергілерден аулақ болады, коллизиялық кеңею түтін газдарының құрамына байланысты флуоресцентті мониторлардағы сөндіру әсерлеріне үқсас басқа кедергі түрін енгізеді. Желінің кеңейту әсерлерін азайту үшін озық спектроскопиялық техникалық және өтемақы әдістері әзірленді. Лазер жиілігінің тұрақтылығы лазер типіне және сәулелену толқын

ұзындығының диапазонына байланысты проблема болды. Таратылған кері байланыс лазерлері және таратылған брэгг рефлексиясы бар лазерлер ең көп қолданылатын болып табылады.

### Қол жеткізілген экологиялық пайда

TDL-талдағыштарды экологиялық мониторингте қолдану айтарлықтай экологиялық пайда әкеледі. Нақты уақыт режимінде өлшеу қабілетінің арқасында TDL-талдағыштар шығарындылардың рұқсат етілген нормаларынан асып кетуіне жол бермеуге, ауаның ластануын азайтуға және қатаң экологиялық стандарттарды сақтауға көмектеседі. Бұл ауа сапасын жақсартуға, халықтың денсаулығын қорғауға және қоршаған ортаға жағымсыз әсерлерді азайтуға ықпал етеді. Нәтижесінде осы талдағыштарды қолдану кәсіпорындарға экологиялық нормаларды сақтауға ғана емес, сонымен қатар қоршаған ортаны қорғауға белсенді қатысуға, атмосферадағы ластағыш заттардың деңгейін төмендетуге көмектеседі.

### Бастапқы энергияны жалпы тұтыну

TDL-талдағыштардың бастапқы энергияны жалпы тұтынуы, әдетте, газды талдаудың басқа әдістерімен салыстырғанда аз болады. Өлшеудің жоғары сезімталдығы мен дәлдігі, TDL-талдағыштар талдау жүргізуге қажетті уақыт пен ресурстарды азайту арқылы энергия шығынын азайтады. Сонымен қатар, озық оптикалық және электронды компоненттерді пайдалану TDL-талдағыштарды экономикалық тиімді және энергияны тұтыну тұрғысынан тұрақты ету арқылы жалпы энергия шығынын азайтуға мүмкіндік береді.

### Кросс-медиа әсерлері

Басқа экологиялық аспектілерге теріс әсер анықталған жоқ.

### Қолданылуы

TDL-талдағыштар шығарындылар мен қоршаған ортадағы NH<sub>3</sub>, HCl, HF, CH<sub>4</sub>, NO<sub>x</sub> және SO<sub>2</sub> сияқты газдардың концентрациясын дәл өлшеу үшін өнеркәсіптік және экологиялық мониторингте кеңінен қолданылады. Олар сондай-ақ жоғары сезімталдығы, талғампаздығы және жылдам жауап беруі арқылы технологиялық процестерді бақылау, жұмыс орындарында және ғылыми зерттеулерде қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін қолданылады.

### Экономикалық көрсеткіштер

TDL-талдағыштар техникалық қызмет көрсетуге қойылатын ең төменгі талаптарды және шығын материалдардарына деген қажеттіліктің болмауын қоса алғанда, төмен пайдаланушылық шығындарға байланысты жоғары экономикалық тиімділікпен сипатталады. Олардың жоғары дәлдігі мен өлшеулер жылдамдығы өндірістік процестерді оңтайландыруға және авариялар мен жабдықтың тоқтап қалуына байланысты шығындарды азайтуға септігін тигізеді.

### Ендірудің әсері

Сипатталған СО шығарындыларын өлшеу әдістерін енгізу экологиялық жағдайдаң жақсаруына, адамдардың денсаулығы мен қоршаған ортаға зиянды әсердің төмендеуіне, энергия тиімділігінің артуына және кәсіпорындардағы операциялық шығындардың төмендеуіне әкеледі.

#### **5.1.2.4. Спектроскопияның дифференциалды оптикалық сінірілуі (DOAS)**

Дифференциалды сінірілу спектроскопиясы немесе дифференциалды оптикалық сінірілу спектроскопиясы (DOAS) не болмаса толқын ұзындығын модуляциялау техникасы мен спектроскопия туындысына қарағанда тікелей сінірілу спектроскопиясы. Техника инфрақызыл немесе ультракүлгін толқын ұзындығында сәуле шығаратын жарық көздерін, экстрактивті емес типтегі, сол сияқты экстрактивті типтегі МАЖ жүйелерінде қолданылады. Бұл техника HCl және NH<sub>3</sub> сияқты реактивті газдарды, сондай-ақ Hg сияқты ластағыш заттарды бақылау үшін қолданылатын экстрактивті емес типтегі МАЖ жүйелерінде кең таралды. Осы аспаптарда әдетте жарықтың тиісті толқын ұзындығын таңдау үшін оптикалық сұзгілерді қолданылғанмен, қайта теңшелетін диодты лазерлер мен кванттық каскадты лазерлер көбірек сигнал күші мен толқын ұзындығы бойынша дискриминацияны қамтамасыз ете алады.

Кең жолақты жарық көзін қолданатын типтік дифференциалды сініру жүйесінде жарық әр түрлі толқын ұзындығында шығарылады және үлгілі газы бар ұяшық арқылы (немесе құбыр арқылы) детекторға өтеді. Энергия жұтылмайтын толқын ұзындығындағы детектор сигналы энергия жұтылатын толқын ұзындығында алынған сигнал үшін эталондық өлшем ретінде пайдаланылады.

Көл жеткізілген экологиялық пайда

DOAS талдағыштары әртүрлі газдардың концентрациясын дәл өлшеуге мүмкіндік береді, бұл SO<sub>2</sub>, NO<sub>2</sub>, HCl және NH<sub>3</sub> сияқты ластағыш заттардың шығарылуын бақылауды жақсартуға көмектеседі.

Бастапқы энергияны жалпы тұтыну

Заманауи DOAS-талдағыштар энергия тиімділігінің жоғары талаптарын ескере отырып әзірленген, бұл энергияны тұтынуды азайтуға мүмкіндік береді.

Жетілдірілген технологиялар мен деректерді өндөу алгоритмдері өлшеулердің жоғары дәлдігін сақтай отырып, жалпы энергия шығынын азайтуға көмектеседі.

Экологиялық көрсеткіштер және пайдалану көрсеткіштері

DOAS-талдағыштардың дәлдігі жоғары және әртүрлі газдардың төмен концентрациясын өлшей алады, бұл тіпті шамалы ластануды уақтылы анықтауға мүмкіндік береді. Бұл талдағыштар әртүрлі газдардың көпшілігінің концентрациясын өлшеуге мүмкіндік береді.

Кросс-медиа әсерлері

Басқа экологиялық аспектілерге теріс әсер анықталған жоқ.

Қолданылуы

DOAS-талдағыштар химия, мұнай-газ, металургия, энергетика және т.б. сияқты әртүрлі салаларда кеңінен қолданылады.

### Экономикалық көрсеткіштер

Тұстастай алғанда, DOAS әдісі төмен пайдаланушылық шығындарды және жоғары сенімділікті қамтамасыз ететін газды мониторингтеудің экономикалық тиімді шешімі болып табылады.

### Ендірудің әсері

Сипатталған СО шығарындыларын өлшеу әдістерін енгізу экологиялық жағдайдың жақсаруына, адамдардың денсаулығы мен қоршаған ортаға зиянды әсердің төмендеуіне, энергия тиімділігінің артуына және кәсіпорындардағы операциялық шығындардың төмендеуіне әкеледі.

#### 5.1.2.5. Дисперсиялық емес УК-спектрометрия (NDUV)

Дисперсиялық емес ультракүлгін спектроскопия (NDUV) – бұл ультракүлгін жарықты сіңіру негізінде газдардың концентрациясын өлшеу әдісі. NDUV талдағыштары әртүрлі газ тәрізді заттардың концентрациясын анықтау және өлшеу үшін ультракүлгін сәуленің нақты толқын ұзындығын пайдаланады.

NDUV талдағыштары ультракүлгін диапазонында өзіндік сіңіру жолақтары бар әртүрлі газдарды өлшеуге қабілетті. NDUV талдағыштарымен өлшеуге болатын кейбір газдар: SO<sub>2</sub>, NO, NO<sub>2</sub>, H<sub>2</sub>S, HCl, HF, NH<sub>3</sub>.

Ультракүлгін диапазондағы газдарды талдау кезінде ультракүлгін спектрде бір немесе бірнеше тар сіңіру жолақтары жиі қолданылады. Коммерциялық аспаптарда әртүрлі конструкциялар нұсқалары бар – ең көп тарагандары бір сәулелі екі толқынды фотометр, екі сәулелі көп толқынды фотометр немесе диодты матрицалық дисперсиялық спектрометр болып табылады.

NDUV-талдағыштар бірнеше компоненттерді пайдаланады:

1. Ультракүлгін сәулелену көзі. Бұл дейтерий шамы немесе жарық диодты көз болуы мүмкін.

2. Сәуле шоғын бөлгіш және оптикалық компоненттер. Көзден шыққан жарық сәуле шоғын бөлгішке бағытталып, оны екі сәулеге бөледі. Бұл сәулелер үлгі ұяшығы мен эталондық ұяшық арқылы жарықты фокустау және бағыттау үшін сұзгілер, айналар және линзалар сияқты әртүрлі оптикалық компоненттерден өтеді.

3. Үлгі ұяшық – ультракүлгін сәулелердің бірі өтетін газ үлгісі бар ұяшық. Үлгідегі газ тәрізді компоненттер ультракүлгін сәулені олардың молекулалық құрылымына сәйкес келетін белгілі бір толқын ұзындығында сіңіреді.

Пито тұтігін енгізу кәсіпорындарға зиянды заттардың шығарындыларын бақылауды жақсартуға мүмкіндік береді, бұл экологиялық нормалар мен талаптарды сақтауға ықпал етеді.

#### **5.1.4.3. Ағын жылдамдығы мен ағынын өлшеу**


##### Техникалық сипаты

Газ ағынын өлшеудің корреляциялық әдісінің бірнеше негізгі артықшылықтары бар. Өлшеудің корреляциялық әдісі ойылып енгізілгенге дейінгі және одан кейінгі түзу участеклер санымен шектелмейді, бұл оны әртүрлі құбыржол конфигурацияларында пайдалануға мүмкіндік береді. Өлшеудің корреляциялық әдісінде құбырлардың диаметрі бойынша шектеулер жоқ. Аспап А және В датчиктеріндегі ағынның біркелкі болуын бақылайды және газдың жылдамдығын осы датчиктер арасындағы сәуле шоғын тіркеу уақытының айырмашылығымен өлшейді. Корреляциялық шығын өлшегіштер көмір станцияларында пайдалану үшін ұсынылады.

Өлшеудің корреляциялық әдісінің шектеулері. 70°C-тан төмен температурада нашар өлшейді. Қазақстанда тозаң тұту үшін эмульгаторлар (су қабыршағы) жиі қолданылады, бұл құрылғының жұмыс диапазонының төменгі шекарасында орналасқан ағынның температурасын 55°C-қа дейін күрт төмендетеді. Температура мен қысым қалыпты жағдайға келтіріледі, ал ылғалдылық өлшенеді және құрғақ мәнге жеткізіледі. Датчиктер дәлірек бақылау үшін бірінің үстіне бірі орнатылады.

Ұшу уақытының құралдары құбыр арқылы көтерілгенде түтін газдарындағы өзгерістерді тіркейді. Бұл өзгерістер сыну көрсеткішіне, инфрақызыл сәулеленуге немесе бөлшектердің таралуына қатысты болуы мүмкін. Ультрадыбыстық құрылғылар сияқты ұшу уақытының құралдарында құбырдың ішінде компоненттер және қозғалмалы бөліктері жоқ. Бұл әдістерді үлкен құбырларда да, кіші ауа өткізгіштерде де қолдануға болады. Олар жылдамдықты ұшу уақытын өлшеу арқылы есептейтіндіктен, оларға басқа ағын мониторлары үшін қажет болатын сияқты құбырдағы температура мен қысымды қосымша өлшеу талап етілмейді. Бөлшектер таратқыш пен детектордың линзаларын ластауы мүмкін, сондықтан құбырларға орнатылған құрылғылар үшін ауаны тазарту қажет.

Төменде 5.18-суретте ағын жылдамдығы мен ағынының корреляциялық әдіспен өлшенуі берілген.



5.18-сурет. Ағын жылдамдығы мен шығынын корреляциялық әдіспен өлшеу.

Қол жеткізілген экологиялық пайда

Газ ағынын өлшеудің корреляциялық әдісі мен ұшып өту уақытының құралдары атмосфераға зиянды заттардың шығарылуын дәл және тиімді бақылауға ықпал етеді. Өлшеудің корреляциялық әдісі кәсіпорындарға ластағыш заттардың рұқсат етілген деңгейінен асып кетуді уақтылы анықтауға және реттеуге мүмкіндік береді, бұл ауа сапасын жақсартады және қоршаған орта мен халықтың денсаулығына теріс әсерді азайтады.

Бастапқы энергияны жалпы тұтыну

Корреляциялық шығын өлшегіштер мен ұшып өту уақытының құралдары бастапқы энергия үшін айтарлықтай шығындарды қажет етпейді. Аспаптар сигналдардың ұшу

уақытын тіркеу және үлкен энергия ресурстарын қажет етпейтін сәулелену көрсеткіштерін өзгерту негізінде жұмыс істейді. Бұл оларды өнеркәсіптік қолдану үшін энергия тиімді шешімдерге етеді.

### Экологиялық көрсеткіштер және пайдалану деректері

Ұшып өту уақытының корреляциялық әдістері мен құралдары құбырдың ішінде қозғалатын бөліктер мен компоненттерсіз өлшеудің жоғары дәлдігі мен сенімділігін қамтамасыз етеді. Корреляциялық әдістер мен құралдар шағын аяда өткізгіштерден үлкен құбырларға дейін әртүрлі жағдайларда қолданыла алады және қосымша температура мен қысымды өлшеуді қажет етпейді. Алайда төмен температурада ( $70^{\circ}$  С-тан төмен) өлшеу дәлдігі төмендеуі мүмкін, бұл осындай жағдайларда ерекше назар аударуды қажет етеді.

### Кросс-медиа әсерлері

Басқа экологиялық аспектілерге теріс әсер анықталған жоқ.

### Қолданылуы

Корреляциялық әдістер энергетика, химия және металлургия кәсіпорындарын қоса алғанда, әртүрлі өнеркәсіптік қондырғыларда қолданыла алады. Корреляциялық әдістер мен құралдар үлкен құбырларда да, шағын аяда өткізгіштерде де қолданылады, бұл осы әдісті газ ағынын мониторингтеудің әмбебап құралы етеді. Корреляциялық шығын өлшегіштер әсіресе көмір станциялары үшін ұсынылады.

### Экономикалық көрсеткіштер

Корреляциялық әдістер мен ұшып өту уақытының құралдары жоғары дәлдігі мен сенімділігіне, сондай-ақ төмен пайдалану шығындарына байланысты экономикалық тиімді шешімдер болып табылады. Қозғалмалы бөлшектердің болмауы және техникалық қызмет көрсетуге қойылатын минималды талаптар жабдықты пайдалану және қызмет көрсету шығындарын азайтады.

### Ендірудің әсері

Газ ағынын өлшеудің корреляциялық әдістерін және ұшып өту уақытының құралдарын енгізу кәсіпорындарға экологиялық бақылауды жақсартуға және нормативтік талаптарға сай болуға мүмкіндік береді.

#### 5.1.4.4. Турбуленттіліктің ИК-кросс-корреляциясы

##### Техникалық сипаты

ИК-кросс-корреляция шығарындылардың құрамы мен санындағы өзгерістерді жылдам бағалауға мүмкіндік беріп, кәсіпорындардағы зиянды газдар шығарындыларын үздіксіз мониторингтеу үшін пайдаланылады. Жүйенің негізгі компоненттеріне инфрақызыл детекторлар, оптикалық жүйе және сигналдарды өндеу электроникасы жатады. Инфрақызыл детекторлар белгілі бір толқын ұзындығында газдар шығаратын немесе сіңіретін сәулеленуге сезімтал. Әрбір газдың бірегей сіңіру спектрі бар, бұл оның болуын және концентрациясын анықтауға мүмкіндік береді.

Оптикалық жүйе ИК сәулелену көздерінен (лазерлер немесе ИК шамдары сияқты) және өлшенетін газ ағыны арқылы сәулеленуді бағыттайтын және фокустайтын линзалар мен айналар сияқты оптикалық компоненттерден тұрады. Сигналдарды өндеу электроникасы детекторлардан деректерді қабылдайды және оларды ағынның жылдамдығын, газ концентрациясын және басқа да параметрлерді есептеу үшін өндейді.

Жүйенің жұмыс қағидаты сәулелену мен сініруге негізделген. ИК сәулелену көзі жарықты газ ағыны арқылы бағыттайды. Газдың құрамына байланысты белгілі бір толқын ұзындықтары сінірледі және бұл сініру ағын бойымен әр түрлі қашықтықта орналасқан детекторлармен өлшенеді. Кросс-корреляциялық әдістің негізгі аспектілерінің бірі – газ құрамындағы өзгерістер (мысалы, белгілі бір заттың концентрациясының жоғарылауы) детекторлардың әрқайсысына жететін уақытты өлшеу. Осы өзгерістердің таралу жылдамдығы бойынша ағынның турбуленттілігінің жылдамдығы мен сипатын бағалауға болады. Барлық детекторлардан алынған сигналдар уақыт корреляциясы түрфысынан талданады.

ИК-кросс-корреляциялық әдістің бірнеше артықшылықтары бар. Детекторлардың жоғары сезімталдығы мен дәлдігі газдар концентрациясын дәл айқындауға және ағынның құрамындағы кішігірім өзгерістерді анықтауға мүмкіндік береді. Әдіс накты уақыт режимінде өлшеулер жүргізуге мүмкіндік береді, бұл өндірістік процестерді бақылау және экологиялық ережелерді сақтау үшін өте маңызды.

Алайда әдістің өз шектеулері бар. Өлшеу дәлдігі температура мен ылғалдылық сияқты сыртқы факторлардың әсерінен тәмендеуі мүмкін [29]. Кросс-корреляциялық талдау жабдықты дәл теңшеуді және деректерді талдаудың жетілдірілген әдістерін қажет етеді, бұл оны пайдалану мен оған қызмет көрсетуді қыыннатуы мүмкін.

### Кол жеткізілген экологиялық пайда

Кәсіпорындардағы зиянды газдар шығарындыларын бақылау үшін ИК-кросс-корреляциялық әдісті қолдану шығарындылардың құрамы мен санындағы өзгерістерді жедел және дәл бағалауға мүмкіндік береді. Бұл ауа сапасын жақсартып және адамдардың денсаулығы мен қоршаған ортаға теріс әсерін азайта отырып, атмосферадағы ластағыш заттардың деңгейін тәмендету бойынша уақтылы шаралар қабылдауға ықпал етеді. Әдістің жоғары сезімталдығы мен дәлдігінің арқасында кәсіпорындар өздерінің шығарындыларын тиімдірек басқара алады, бұл экологиялық нормалар мен стандарттардың сақталуына ықпал етеді.

### Бастапқы энергияны жалпы тұтыну

ИК-кросс-корреляциялық жүйелер бастапқы энергия үшін айтарлықтай шығындарды қажет етпейді. Негізгі энергия шығыны инфрақызыл детекторлардың, сәулелену көздерінің және сигналдарды өндеу жүйелерінің жұмысына байланысты. Бұл компоненттер энергияның минималды мөлшерін тұтынады, бұл ИК-кросс-корреляциялық жүйелердің энергия тиімді және пайдалануда үнемді етеді.

## **Экологиялық көрсеткіштер және пайдалану деректері**

ИК-кросс-корреляциялық жүйелер газ концентрациясын айқындауда жоғары дәлдік пен сезімталдықты қамтамасыз етеді. ИК-кросс-корреляциялық жүйелер нақты уақыт режимінде ұздіксіз және жылдам өлшеуге мүмкіндік береді, бұл өндірістік процестерді бақылау үшін өте маңызды болып табылады. Өлшеу дәлдігі температура мен ылғалдылық сияқты сыртқы факторлардың әсерінен төмендеуі мүмкін, бұл жабдықты үнемі калибрлеуді және теңшеуді қажет етеді.

### **Кросс-медиа әсерлері**

Басқа экологиялық аспектілерге теріс әсер анықталған жоқ.

### **Қолданылуы**

ИК-кросс-корреляциялық әдістер химиялық, энергетикалық және металургиялық кәсіпорындарды қоса алғанда, әртүрлі өнеркәсіптік қондырғыларда қеңінен қолданылады. ИК-кросс-корреляциялық жүйелерді әртүрлі диаметрдегі және конфигурациядағы құбырлар мен ауа өткізгіштердегі зиянды газдар шығарындыларын ұздіксіз бақылау үшін пайдалануға болады. Әдіс пайдалану жағдайларының кең спектріне сәйкес келеді және нақты уақыт режимінде дәл және сенімді нәтижелерді қамтамасыз етеді.

### **Экономикалық көрсеткіштер**

ИК-кросс-корреляциялық жүйелер жоғары дәлдігі мен сенімділігіне, сондай-ақ төмен пайдалану шығындарына байланысты экономикалық тиімді шешімдер болып табылады. Жүйені орнату мен теңшеудің бастапқы құны жоғары болуы мүмкін, бірақ олар техникалық қызмет көрсету мен калибрлеуді ұзақ мерзімді үнемдеуімен өтеледі. Жиі қызмет көрсету қажеттілігінің болмауы операциялық шығындарды азайтады, бұл осы жүйелерді өнеркәсіптік кәсіпорындар үшін тиімді етеді.

### **Ендірудің әсері**

ИК-кросс-корреляциялық жүйелерді енгізу кәсіпорындарға экологиялық бақылауды және нормативтік талаптарға сәйкестікті айтарлықтай жақсартуға мүмкіндік береді.

## **5.1.4.5. Жылу массасының шығыны**

### **Техникалық сипаты**

Жылу массасының шығын өлшегіштері жылуды қыздырылған денеден ағымдағы газға беруге негізделген. Газ қыздырылған элементтің жанынан өткенде, қыздырылған элемент денені салқындастып, жылуды қайтарады. Газ ағыны неғұрлым көп болса, оның салқындауы соғұрлым күшті болады. Тұтін газдарының температурасы тұрақсыздануы мүмкін болғандықтан, бұл әдіс екі датчиктің болуын қажет етеді: біреуі тұтін газдарының температурасынан 24 – 38 °С жоғары қызады, ал екіншісі газдың ағымдағы температурасын өлшейді. Бұл әдіс су тамшылары бар жерде қолдануға жарамайды, өйткені су тамшыларының булануына байланысты жылу шығыны ағын жылдамдығының жоғарылауына әкелуі мүмкін.

Ауа өткізгіштің немесе құбырдың көлденең қимасы арқылы ағынның орташа жылдамдығын өлшеу үшін жылу датчиктерін массивтерге біріктіруге болады. Әрбір датчик тәуелсіз өлшеу жасайтындықтан, газ ағынның бүкіл көлденең қимаға таралуын мониторингтеуге болады. Бұл әсіресе ағын қатты стратификациялана алатын ауа өткізгіштерде пайдалы. Мұндай массивтерге жұмсалатын күрделі шығындар ауа өткізгіштің көлемінің ұлғаюымен артады, өйткені көбірек датчиктер мен конструкцияларға неғұрлым құшті қолдау қажет болады.

Жылу массасының шығын өлшегіші шығарындылар процестеріндегі газдардың массалық шығыны туралы нақты деректерді ұсына отырып, зиянды заттардың шығарындыларын үздіксіз мониторингтеу үшін қолданылады. Жылу массасының шығын өлшегіші экологиялық стандарттарды сақтау және процестерді оңтайландыру үшін атмосфералық шығарындыларды бақылау және реттеу қажет өнеркәсіптік жағдайларда пайдалы.

Жылу массасының шығын өлшегішінің жұмыс қағидаты газдың массалық шығынын өлшеу үшін қыздырылған элементті (көбінесе платина сымы немесе термистор) салқыннатуды қолдану болып табылады. Жылу массасының шығын өлшегіштерінің екі негізгі түрі бар:

1. Тұрақты температуралы шығын өлшегіштері. Бір қыздыру сымы газ температурасынан жоғары тұрақты температурада сақталады. Бұл сымнан жылу жоғалту жылдамдығы өлшенеді және газдың массалық шығынын айқындау үшін қолданылады.

2. Тұрақты жылу ағыны бар шығын өлшегіштер. Бұл жағдайда жылу элементке тұрақты жылдамдықпен жеткізіледі. Қыздырылған элемент пен газ арасындағы температура айырмасы массалық шығысты есептеу үшін қолданылады.

Артықшылықтары. Газдың физикалық қасиеттеріне тәуелді емес: көлемді шығын өлшегіштерге қарағанда, жылу массасының шығын өлшегіштері қоршаған ортасын температурасы мен қысымына тәуелді емес, бұл оларды әртүрлі жағдайларда қолдануға ете ыңғайлы етеді.

Жоғары дәлдік және қайталану: жылу массасының шығын өлшегіштері жоғары өлшеу дәлдігін қамтамасыз етеді, бұл шығарындыларды мониторингтеу үшін ете маңызды.

Массалық шығысты тіkelей өлшеу: бұл құрылғылар массалық шығысты қосымша түрлендірулерді немесе түзетулерді қажет етпестен тіkelей өлшейді.

Шектеулер: газ құрамына сезімталдық: жылу массасының шығын өлшегіштері температура мен қысымға салыстырмалы түрде сезімтал болмаса да, олар газдың химиялық құрамына сезімтал болуы мүмкін.

Калибрлеу қажеттілігі: дәлдікті қамтамасыз ету үшін құрылғыларды үнемі калибрлеуді жасау қажет.

Жылу массасының шығын өлшегіштері экологиялық стандарттарды сақтау және өндірістік процестерді оңтайландыру үшін дәл және сенімді деректерді ұсына отырып, кәсіпорындардағы зиянды газдар шығарындыларын мониторингтеудің тиімді құралы болып табылады.

### Қол жеткізілген экологиялық пайда

Кәсіпорындардағы зиянды заттардың шығарындыларын мониторингтеу үшін жылу массалық шығын өлшегіштерін пайдалану экологиялық жағдайды едәуір жақсартуға ықпал етеді. Жылу массасының шығын өлшегіші кәсіпорындарға атмосфераға шығарындыларды бақылауға және реттеуге мүмкіндік беріп, газдардың массалық шығыны туралы нақты деректерді ұсынады. Ауаның ластану деңгейін төмендетеді, бұл халықтың денсаулығы мен қоршаған ортаның жай-куйіне оң әсер етеді.

### Бастапқы энергияны жалпы тұтыну

Жылу массасының шығын өлшегіштері бастапқы энергия үшін айтарлықтай шығындарды қажет етпейді. Негізгі энергия шығындары қыздырылған элементті белгілі бір температурада ұстап тұрумен және сигналдарды өндеу жүйелерінің жұмысымен байланысты. Жылу массасының шығын өлшегіші энергия тиімді болып табылады және жұмыс істеуі үшін көп ресурстарды қажет етпейді.

### Экологиялық көрсеткіштер және пайдалану деректері

Жылу массасының шығын өлшегіштері өлшеулердің жоғары дәлдігі мен қайталануын қамтамасыз етеді, бұл шығарындыларды мониторингтеу үшін өте маңызды. Жылу массасының шығын өлшегіші ортаның температурасы мен қысымына тәуелді емес, бұл оларды әртүрлі пайдалану жағдайларында сенімді етеді. Жылу массасының шығын өлшегіші газдың құрамына сезімтал, сондықтан дәлдікті қамтамасыз ету үшін құрылғыларды үнемі калибрлеуді жасау қажет.

### Кросс-медиа әсерлері

Басқа экологиялық аспектілерге теріс әсер анықталған жоқ.

### Қолданылуы

Жылу массасының шығын өлшегіштері газдар шығарындыларын мониторингтеу үшін әртүрлі өндірістік жағдайларда кеңінен қолданылады. Жылу массасының шығын өлшегіші энергетика, химия өнеркәсібі, металлургия және басқа да салаларда қолдануға жарамды. Жылу массасының шығын өлшегіші әсіресе көлденең қима бойынша газ ағынының таралуын бақылау маңызды болып табылатын ауа өткізгіштер мен құбырларда пайдалы.

### Экономикалық көрсеткіштер

Жылу массасының шығын өлшегіштері жоғары дәлдігі мен сенімділігіне байланысты экономикалық тиімді шешімдер болып табылады. Бастапқы орнату және теңшеу шығындары айтарлықтай болуы мүмкін, бірақ олар техникалық қызмет көрсету

мен калибрлеуде ұзақ мерзімді үнемдеумен өтеледі. Сонымен қатар, бірнеше датчиктерді массивтерге біріктіру үлкен ауа өткізгіштер мен құбырларды мониторингтеу шығындарын оңтайландыруға мүмкіндік береді.

### Ендірудің әсері

Кәсіпорындарда жылу массалық шығын өлшегіштерін енгізу зиянды заттардың шығарындыларын бақылауды едәуір жақсартуға мүмкіндік береді, бұл экологиялық нормалар мен стандарттардың сақталуына ықпал етеді.

## 5.2. Атмосфералық ауаға шығарындылардың сапасын автоматты түрде мониторингтеу және бақылау

Өнеркәсіп кәсіпорындарында Қазақстан Республикасы экономикасының негізгі секторларын (мұнай мен газды өндіру және қайта өндеу, мұнай-газ химиясы, металургия, көмір өндіру және т.б.) білдіретін атмосфераға шығарындылардың жалпы көлеміне елеулі үлесті мынадай әртүрлі ластағыш заттар құрайды: көміртегі оксиді мен диоксиді, қатты бөлшектер, SOx, азот оксидтері, метан және өзге де заттар.

Осы кәсіпорындардың технологиялық тізбегі шеңберінде жылу және электр энергиясын өндіру (технологиялық пештер, қазандық агрегаттары, газ турбиналық қондырғылар және каталитикалық крекинг қондырғылары) шығарындыларды қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. Шығарындылардың 40 %-дан астамы энергия өндірумен байланысты. Жалпы шығарындыларға алау қондырғылары (мұнай-газ өнеркәсібі) және күкірт өндіру/алу қондырғылары айтарлықтай үлес қосады.

Катализаторларды ауыстыру және кокстеу қондырғыларын пайдалану кезінде қатты бөлшектердің үлкен көлемі атмосфераға түседі.

### 5.4-кесте. Негізгі ластағыш заттар және олардың көздері

P/c №	Ластағыш зат	Ластану көзі
1	CO NOx SOx	Технологиялық пештер, қазандықтар, қазандық агрегаттары, каталитикалық крекинг қондырғыларының регенераторлары, мұнай коксын қыздыру қондырғылары, алау жүйелері, күкірт алу/өндіру қондырғылары, шығатын газдарды жагу пештері
2	Қатты заттар/тозаң	Технологиялық пештер (әсіресе сұйық отынды пайдаланған кезде), қазандық агрегаттары, каталитикалық крекинг қондырғыларының регенераторлары, мұнай коксын алу қондырғылары

	<p>Ұшпа органикалық қосылыштар (C1-C5 шекті көмірсүтектер метанды қоспағанда), көмірсүтектер C6-C10, метан) – мұнай-газ өнеркәсібі</p>	<p>Мұнайды бастапқы және қайталама қайта өңдеу қондырғылары, көмірсүтектерді сақтау объектілері, газ фракциялайтын қондырғылар, мұнай өнімдерін/суды бөлу жүйелері, (ұйымдастырылмаған көздер – бекіту арматурасы, фланецтер және т.б.).</p>
--	--	--

Мониторинг жүйесі жоспарлы немесе авариялық ажырату жағдайларын қоспағанда, ұздіксіз белсенді болуға тиіс. Өлшеу құралдары немесе технологиялық жабдықтар тоқтаған жағдайда өлшеу құралдарының жұмысын тоқтату және қайта бастау уақыты мен күнін тіркей отырып өлшеу нәтижелерінің сақталуы қамтамасыз етілуге тиіс.

### **5.2.1. Әсер ету аймағының шекарасындағы атмосфералық ауаға шығарындылардың сапасын автоматты түрде мониторингілеу және бақылау**

#### **Техникалық сипаты**


Әсер ету аймағының шекарасындағы атмосфералық ауа сапасының шығарындыларын автоматты түрде бақылау өнеркәсіптік немесе басқа шығарындылар көздерінің әсер ету аймағының шекарасындағы немесе шекарасына жақын атмосфералық ауаның құрамын ұздіксіз және автоматты түрде талдайтын бақылау жүйесін білдіреді.

Объектінің атмосфералық ауасына әсер ету аймағының шекарасы объектінің атмосфералық ауаға жалпы жүктемеге жеке үлесін ескере отырып, белгіленген экологиялық сапа нормативтері және/немесе қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштері сақталатын аумакты шектейтін, жергілікті жердегі түйік сзықтың проекциясы ретінде айқындалады [32].

Атмосфералық ауаның сапасы туралы ақпарат алу және оған өнеркәсіптік кәсіпорындардың өндірістік қызметінің ықтимал әсерін бағалау мақсатында әсер ету аймағының шекаралары шегінде атмосфералық ауаның жай-күйін мониторингтеу жүзеге асырылады.

Шығарындылар мониторингінің автоматтандырылған жүйесін орнату негізгі стационарлық бекеттерде ұйымдастырылған шығарындылар көздерінде жүргізіледі.

Стационарлық бекет – бұл ауа сынамаларын алуға және талдауға және метеорологиялық параметрлерді – желдің бағыты мен жылдамдығын, ауа температурасы мен ылғалдылығын, атмосфералық қысым анықтауға арналған жабдықтар мен құралдармен жабдықталған арнайы павильон [30].



5.19-сурет. Стационарлық бекеттің технологиялық схемасы.

Қол жеткізілген экологиялық пайда

Атмосфералық ауаға шығарындылардың сапасын автоматты тұрде бақылау энергияны тұтынуды азайту, ресурстарды үнемдеу, қоршаған ортаға шығарындыларды азайту және қалдықтарды азайту үшін операциялық араласу және процестерді реттеу мүмкіндігі бар ауа сапасын автоматтандырылған бақылау сияқты әлеуетті экологиялық артықшылықтарға ие. Өнеркәсіптік объектілерде көміртегі оксидтерінің, азот оксидінің, ұшпа органикалық қосылыстардың, бөлшектердің ағып кетуіне жол бермеу әлеуетті пайда болып табылады [30].

Кросс-медиа әсерлері

Бұл технологияны қолдану қоршаған ортаға теріс әсер етпейді.

Қолданылуы

Стационарлық бақылау бекеттері көміртегі оксидтерін, азот оксидін, ұшпа органикалық қосылыстарды, бөлшектерді бақылау үшін қолданылады.

Экономика

Стационарлық бекеттің бағасы мониторинг жүргізілетін ластағыш заттардың тұрларіне және мониторинг алаңына байланысты.

Ендірудің әсері

Үздіксіз мониторинг өнеркәсіптік объектілер аумағындағы көміртегі оксидтерінің, азот оксидінің, ұшпа органикалық қосылыстардың, қатты бөлшектердің құрамын арттыруға жедел ден қоюға мүмкіндік береді.

Ендіру мысалдары

ЭЫДҰ елдеріндегі, Үндістан мен Қытай Халық Республикасындағы ауыр өнеркәсіп объектілері.


## **5.2.2. Атмосфералық ауа сапасының шығарындыларын үздіксіз мониторингтеуге арналған техникалық шешімдер**

### **5.2.2.1. Оптикалық әдістер**

#### **5.2.2.1.1. Дисперсиялық емес ультракүлгін талдағыш (НДФУ)**

Техникалық сипаты

Спектрдің ультракүлгін (УК) аймағындағы жарықтың сипаттамалары (қысқа толқын ұзындығы, жоғары энергия) жарық жұтылған кезде молекулалық электронды ауысуларға әкеледі. Ультракүлгін фотондардың жұтылуы молекуланың ішіндегі атомдардың электрондарын жоғары энергетикалық күйге дейін қоздырады. Қозған электрондар төрт әдістің бірімен негізгі күйге оралу арқылы энергияны тез жоғалтады: диссоциация, мұнда жоғары энергиялы фотондардың жұтылуы электронның молекуладан толығымен шығып, оның фрагментациясына әкелуі мүмкін; электрон қайтадан негізгі күйге ыдыраған кезде бірдей фотон қайта шығарылғанда реэмиссия; флуоресценция, фотон бастапқы сініруден төмен жиілікте шығарылғанда, өйткені электрон қайтадан негізгі күйге ыдырайды, нәтижесінде газ жарқырайды. УК саласында жұмыс істеуге арналған талдағыштар әдетте дифференциалды сініру техникасын қолданады. SO<sub>2</sub> өлшеуге арналған талдағыштар 285 нм орталықтандырылған SO<sub>2</sub> сініру жолағындағы толқын ұзындығында ультракүлгін сәуленің сіңуін өлшейді. Содан кейін бұл SO<sub>2</sub> сінірілмейтін 578 нм толқын ұзындығы аймағындағы сінірумен салыстырылады. НДФУ дифференциалды сініру аппаратуrases көздерді бақылау қосымшаларында өте сенімді екенін дәлелдеді және NOX түрлендіргішін қажет етпестен NO және NO<sub>2</sub> екеуін де бір уақытта өлшей алады [30].



5.20-сурет. Дисперсиялық емес ультракүлгін талдағыштың технологиялық схемасы.  
Қол жеткізілген экологиялық пайда

Ультракүлгін талдағыш энергияны тұтынуды азайту, ресурстарды үнемдеу, қоршаған ортаға шығарындыларды азайту және қалдықтарды азайту үшін операциялық араласу және процестерді реттеу мүмкіндігі бар аяқ сапасын автоматтандырылған бақылау сияқты әлеуетті экологиялық артықшылықтарға ие. SO<sub>2</sub>, NOX-тың өнімде SO<sub>2</sub> мөлшері жоғары өнеркәсіптік объектілерде ағып кетуіне жол бермеу әлеуетті пайда болып табылады [30].

#### Кросс-медиа әсерлері

Бұл технологияны қолдану қоршаған ортаға теріс әсер етпейді.

#### Қолданылуы

Талдағыштардың бұл түрі SO<sub>2</sub>, NOX бақылау үшін қолданылады.

#### Экономика

Бұл талдағыштардың құны таңдалған әрлеу түріне байланысты, жеткізу мен орнатуды есепке алмағанда, 22 600 доллардан (2024 жылғы бағамен) басталады. Бағаға әкпаратты жинау және өндөу жүйелері кірмейді-процессор мен сервер.

#### Ендірудің әсері

Талдағыштардың бұл түрі SO<sub>2</sub>, NOX газдарының төмен концентрациясына сезімталдықтың жоғары деңгейімен ерекшеленеді, ағып кетуді ерте анықтайды.

Сонымен қатар, жоғары бағаға және әртүрлі газдар шығарындыларының мониторингін қамтамасыз ету үшін талдағыштардың басқа түрлерімен біріктіру қажеттілігіне байланысты талдағыштардың бұл түрін SO<sub>2</sub> шығарындыларының жоғары қаупі сақталатын өнеркәсіптік объектілерде қолдану ұсынылады [31].

Ендіру мысалдары

Мұнай-химия объектілері, негізінен Солтүстік Америка елдерінде және Қытай Халық Республикасында.

### 5.2.2.1.2. Оптикалық сцинтиляция

Техникалық сипаты

Оптикалық сцинтиляция, қабылданған жарық мөлшерін өлшейтін жарық көзі мен қашықтағы қабылдағышты пайдаланады. Оптикалық жыпылықтау мониторы фокустық линзаларсыз кең жарық сәулесін пайдаланады және қабылдағыш жарықтың сөнуіне емес, жарық сәулесі арқылы бөлшектердің қозғалысына байланысты жарық жиілігінің модуляциясын өлшайді.

Жоғары энергиялы бөлшектер (мысалы, гамма-сәулелер, альфа- бөлшектер, бета-бөлшектер) немесе фотондар сцинтиляторға түседі, олар өз энергиясын сцинтиляциялық материалдың атомдарына немесе молекулаларына береді (кристалдар (мысалы, NaI(Tl), CsI(Tl)), сұйық сцинтиляторлар, пластикалық сцинтиляторлар).


Сцинтилятор сінірген энергия материал молекулаларының қозуын тудырады, оларды жоғары энергия деңгейіне жеткізеді.

Козған молекулалар көрінетін немесе ультракүлгін сәуленің фотондары түрінде артық энергияны шығару арқылы негізгі күйіне оралады. Шығатын жарық сцинтиляциялық сәулелену деп аталады.

Содан кейін сцинтиляциялық сәулелену фотомультиплікаторлармен, фотодиодтармен немесе жарық сигналдарын электр сигналдарына түрлендіретін басқа жарыққа сезімтал құрылғылармен анықталады.

Газ ағындағы бөлшектер жарық сәулесін уақытша жауып, қабылданған жарық амплитудасының өзгеруіне (жыпылықтауға) әкелуі мүмкін. Газ ағындағы бөлшектердің концентрациясы неғұрлым көп болса, қабылдағыш алатын жарық сигналының амплитудасының өзгеруі соғұрлым көп болады. Оптикалық жыпылықтау мониторы ол орнатылған нақты көзде қолмен гравиметриялық өлшемдерге калибрленуі керек. Түссіздіктен шамалы жақсырақ, өйткені оптикалық жыпылықтау мониторы шашыраңқы немесе қоршаған жарық әсерлерін жою үшін модуляцияланған жарық арқылы нөлдік және масштабты дрейф сезімталдығын төмендетеді. Таратқыш пен қабылдағыш ауа арнасының қарама-қарсы жағында орналасқан; демек, бұл құрылғы

көлденең қимадағы бөлшектердің концентрациясын да өлшейді. Құрылғының жауабы бөлшектердің концентрациясының жоғарылауымен артады және қолмен гравиметрия деректерімен салыстыруға болады [30].



5.21-сурет. Талдағыш жұмысының технологиялық схемасы.

#### Қол жеткізілген экологиялық пайда

Оптикалық сцинтиляция энергия тұтынуды азайту, ресурстарды үнемдеу, қоршаған ортаға шығарындыларды азайту және қалдықтарды азайту үшін операциялық араласу және процестерді реттеу мүмкіндігі бар аya сапасын автоматтандырылған бақылау сияқты әлеуетті экологиялық артықшылықтарға ие. Атмосферадағы бөлшектердің үздіксіз мониторингіне, өндірістегі шығарындылар деңгейін бақылауға қол жеткізіледі [30].

#### Кросс-медиа әсерлері

Бұл технологияны қолдану қоршаған ортаға теріс әсер етпейді. Қосымша бөлшектерді қатты бөлшектер ретінде, атап айтқанда сұйық тамшы бөлшектері ретінде ықтимал жанама өлшеу, бұл өлшеу кезінде қателіктерге әкелуі мүмкін. Талдағышты құнделікті негізде калибрлеу талап етіледі [30].

#### Қолданылуы

Талдағыштың бұл түрі бөлшектерді бақылау үшін қолданылады. Мұнай химиясында, мұнай өндеуде, көмір өнеркәсібінде және металлургияда қолданылады [31].

#### Экономика

Бір бірлік лік құны 2024 жылға 1900 АҚШ долларын құрайды. Баға мониторинг пункттерінде жеткізууді және орнатуды есепке алмай көрсетілген. Өлшеулерден

алынған деректерді өндөуге арналған талдағыш мен процессор стандартты комплектацияға кіреді.

Ендірудің әсері

Үздіксіз мониторинг өнеркәсіптік объектілер аумағындағы қатты бөлшектердің қурамын арттыруға жедел ден қоюға мүмкіндік береді.

Ендіру мысалдары

Бұл әдіс АҚШ пен Австралия объектілерінде (мұнай өндөу зауыттарында) қолданылады.


### 5.2.2.2. Хроматографиялық әдістер

Техникалық сипаты

Газ хроматографиясы (ГХ) кейіннен анықтау және сандық талдау үшін органикалық және бейорганикалық қосылыстар қоспасының жеке компоненттерін бір-бірінен оқшаулау үшін қолданылады. ГХ стационарлық фаза мен жылжымалы фаза (газ тасымалдаушы) арасындағы қосылыстардың селективті таралуына негізделген. Бірінші кезеңде, процесте қозғалатын газ фазасы олардың полярлығына байланысты үлгі газындағы органикалық молекулаларды адсорбциялау үшін таңдалған стационарлық материал арқылы өтеді. Стационарлық фаза сұйық немесе қатты болуы мүмкін және әдетте "баған" деп аталатын ұзын, жұқа түтікте болады. Бағандар бір-біріне жабысатын кремнийден, шыныдан немесе тот баспайтын болаттан жасалған.

Мінсіз жағдайда жұмыс істейтін мінсіз бағанда молекулалардың әртүрі молекулалық салмағы мен полярлығына байланысты бағаннан әр уақытта шығады. Қолайлы бағанды таңдау және оны тиісті температурада, тасымалдаушы ағынының тиісті жылдамдығымен пайдалану газ үлгісін оның жеке компоненттеріне бөлуге мүмкіндік береді.

Екінші кезеңде хроматографиялық бағанда бөлінген қосылыстар детекторлармен олардың талданатын параметрге сезімталдығын ескере отырып анықталады. Детекторлар сонымен қатар газ хроматографының құрамдас бөлігі болып табылады. Үздіксіз бақылау үшін қолданылатын қолданыстағы детекторлар: жылу өткізгіштік детекторы, жалын иондау детекторы, фотоионизация детекторы, фотометриялық жалын детекторы [30].



5.22-сурет. Газ хроматографының технологиялық схемасы.

Қол жеткізілген экологиялық пайда

Газ хроматографиясы энергияны тұтынуды азайту, ресурстарды ұнемдеу, қоршаған ортаға шығарындыларды азайту және қалдықтарды азайту үшін операциялық араласу және процестерді реттеу мүмкіндігі бар аяқ сапасын автоматтандырылған бақылау сияқты әлеуетті экологиялық артықшылықтарға ие. Атмосферадағы ұшпа органикалық қосылыстардың үздіксіз мониторингіне, өндірістегі шығарындылар деңгейін бақылауға қол жеткізіледі [30].

## Кросс-медиа әсерлері

Бұл технологияны қолдану қоршаған ортага теріс әсер етпейді. Газ хроматографиясы қағидатына негізделген талдағыштар күрделі және қымбат болып табылады.

### Қолданылуы

Газ хроматографиясы ұшпа органикалық заттарды мониторингтеуде қолданылады [31].

### Экономика

Мониторинг пункттеріне жеткізуді және орнатуды есепке алмағанда талдағыштың 1 бірлігінің құны шамамен 5 млн теңге ( $\approx$ 10 мың АҚШ доллары) құрайды. Бұл бағанға тікелей баған мен детекторлар кіреді.

### Ендірудің әсері

Бұл талдағыш мұнай газ өнеркәсібіне тән ұшпа органикалық қосылыстардың концентрациясын жоғары тиімді бақылауға мүмкіндік береді.

### Ендіру мысалдары

Газ хроматографтары ЭҮДҮ елдерінде мұнай химиясы мен мұнай өндеудегі ұшпа органикалық қосылыстарды анықтау стандарты ретінде кең таралған.

### 5.2.2.3. Спектрлік әдістер

#### Шашырамайтын инфрақызыл талдағыштар (Non Dispersive Infrared – NDIR)

##### Техникалық сипаты


Газ тәрізді ластағыш заттар спектрдің бір немесе бірнеше бөлігінде жарық энергиясын сіңіреді. Азот оксиді, көміртегі оксиді, SOx инфрақызыл және ультракүлгін сәулелерді сіңіреді. Ластағыш молекулалардың әрбір түрі өзіне тән толқын ұзындығында жарықты сіңіреді, сондықтан оны ластағыш заттардың басқа түрлерінен ажыратуға болады.

Осы қағидатты қолданатын үздіксіз шығарындылар мониторлары Бер-Ламберт заңын қолданады, ол оны сіңіретін орта арқылы жарықтың өтуі (яғни өткен және түскен жарық қарқындылығының қатынасы) экспоненциалды түрде азаяды деп тұжырымдайды.

Молекулада екі немесе одан да көп әртүрлі атомдары бар гетероатомды газ молекулалары спектрдің инфрақызыл аймағында ерекше сіңіру сипаттамаларын көрсетеді. Молекулада атомның тек бір түрі бар гомоатомдық молекулалар инфрақызыл сәулеге ұшыраған кезде тән тербелістер тудырмайды; сондықтан оларды осы әдіспен өлшеу мүмкін емес. Осы қағидатты қолдана отырып, ластағыш газдардың концентрациясын өлшейтін құрал жасауға болады. Газдардың кең спектрін бақылау үшін инфрақызыл сәулеленуді (NDIR) қолданатын дисперсиялық емес фотометриялық талдағыштар жасалды.

Дисперсиялық емес инфрақызыл талдағыштар қызығушылық молекуласының жұтылу шыңына бағытталған салыстырмалы түрде шағын толқын ұзындығы диапазонында жарықтың сінуін өлшеу үшін сұзгілерді немесе басқа әдістерді пайдаланады. Қарапайым NDIR талдағышында инфрақызыл сәуле қыздырылған катушка немесе инфрақызыл сәулелендіргіштің басқа түрі сияқты көзден шығады. Жарық екі газ камерасы: бақылау және үлгі камерасы арқылы өтеді. Бақылау камерасында азот немесе аргон сияқты газ бар, ол аспапта қолданылатын толқын ұзындығында жарықты сінірмейді. Газ үлгісі құрылғының үлгі камерасы арқылы өтеді. Инфрақызыл сәуле үлгі камерасы арқылы өтіп бара жатқанда ластағыш молекулалар жарықтың бір белгін сініреді. Нәтижесінде, жарық үлгілі камераның ұшынан шыққан кезде, ол кіргенге қарағанда аз энергияға ие болады. Ол сондай-ақ басқару камерасынан шыққан жарыққа қарағанда аз энергияға ие. Энергия айырмашылығы детектормен анықталады. Екі камераның детектор сигналдарының қатынасы ластағыш газдың концентрациясына байланысты болуы мүмкін жарық өткізгіштігін береді.

Су буы инфрақызыл сәулені қатты сініреді және газ талдағышқа түспес бұрын үлгіден шығарылуға тиіс. Су буының әсерін болдырмау үшін оттегі детекторындағыдай, тізбектей орналасқан сініру камераларын пайдалану ұсынылады. NDIR талдағыштары үздіксіз шығарындыларды бақылау жүйесімен өлшенетін кез келген шығарындыларды сүйилтқыш үшін онлайн үздіксіз түзету/қалыпқа келтіру үшін оттегін өлшеумен біріктіріледі [30].



5.23-сурет. Шашырамайтын инфрақызыл талдағыштың технологиялық схемасы.

Қол жеткізілген экологиялық пайда

Шашырамайтын инфрақызыл талдағыштар энергияны тұтынуды азайту, ресурстарды үнемдеу, қоршаған ортаға шығарындыларды азайту және қалдықтарды

азайту үшін операциялық араласу және процестерді реттеу мүмкіндігі бар ауа сапасын автоматтандырылған бақылау сияқты әлеуетті экологиялық артықшылықтарға ие. Атмосферадағы бөлшектердің үздіксіз мониторингіне, өндірістегі шығарындылар деңгейін бақылауға қол жеткізіледі [30].

### Кросс-медиа әсерлері

Бұл технологияны қолдану қоршаған ортаға теріс әсер етпейді. Өлшеу кезінде қате болуы мүмкін, себебі өлшенетін газ және басқа газдар жарық сініру сол спектрлік диапазонда талдағышпен өлшенетін газ ретінде өлшенуі мүмкін.

### Қолданылуы

Талдағыштардың бұл түрі оксидті, көмірқышқыл газын және азот оксидін мониторингтеуде қолданылады. Дисперсиялық емес ультракүлгін талдағышпен бірге көміртегі оксиді мен диоксиді, азот оксидтері, күкірт оксиді бақыланады [31].

### Экономика

Бір бірлік құны 500 АҚШ доллары. Мониторингтеу пункттерінде жеткізуді және орнатуды есепке алмағанда. Бұл бағаға деректерді өндеуге арналған процессор және оларды сактауға арналған сервер кірмейді.

### Ендірудің әсері

Бұл талдағыш көміртегі оксиді мен азот оксидінің концентрациясын жоғары тиімді бақылауға мүмкіндік береді.


### Ендіру мысалдары

Талдағыштардың бұл түрі мұнай-газ саласында, ЭЫДҰ елдерінде, сондай-ақ Үндістан мен Қытай Халық Республикасында кең таралған.

#### 5.2.2.4. Электрохимиялық әдістер

##### Техникалық сипаты

Электрохимиялық газ датчиктерінің жұмыс қағидатын түсіндіру үшін үш электродты көміртегі тотығы сенсорының дизайны қолданылады. 5.24-суретте сенсордың компоненттері және ондағы процестер көрсетілген. CO молекулалары газ өткізгіш мембрана арқылы жұмыс электродына өтеді, онда химиялық реакция нәтижесінде  $H^+$  иондары түзіледі. Олар су электролиті арқылы сигнал тақтасының электродына ауысады, онда кіретін таза ауадан оттегінің  $O_2$  әсерінен кейінгі химиялық реакция арқылы сыртқы тізбекте электр тогы пайда болады. Үшінші (анықтамалық) электрод датчик сигналын тұрақтандыруға қызмет етеді. Сенсордың бұл түрінің қызмет ету мерзімі шамамен екі жыл [30].



5.24-сурет. Электрохимиялық талдағыштың технологиялық схемасы.

Қол жеткізілген экологиялық пайда

Электрохимиялық газ сенсорлары энергия тұтынуды азайту, ресурстарды үнемдеу, қоршаған ортаға шығарындыларды азайту және қалдықтарды азайту үшін операциялық араласу және процестерді реттеу мүмкіндігі бар аya сапасын автоматтандырылған бақылау сияқты әлеуетті экологиялық артықшылықтарға ие. Атмосферадағы бөлшектердің үздіксіз мониторингіне, өндірістегі шығарындылар деңгейін бақылауға қол жеткізіледі [30].

**Кросс-медиа әсерлері**

Бұл технологияны қолдану қоршаған ортаға теріс әсер етпейді. Талдағыштың бұл түрі электрохимиялық сенсорды жыл сайын ауыстыруды талап етеді.

**Қолданылуы**

Талдағыштың бұл түрі оксид пен көмірқышқыл газын бақылау үшін қолданылады [31].

**Экономика**

Мониторинг пункттерінде жеткізуді және орнатуды есепке алмағанда, 2024 жылға арналған бір бірлік құны 500 АҚШ доллары. Бұл бағаға тікелей баған мен детекторлар кіреді.

**Ендірудің әсері**

Үздіксіз мониторинг өнеркәсіптік объектілер аумағында көміртегі тотығының құрамын арттыруға жедел дең қоюға мүмкіндік береді.

**Ендіру мысалдары**

Бұл сенсор Ресей Федерациясының аумағында кең таралған, сонымен қатар осы сенсорларды шығару жолға қойылған.

### **5.3. Алау қондырғыларындағы шығарындыларды мониторингтеу**

Мұнай-газ саласындағы алау қондырғыларындағы шығарындыларды мониторингтеу қоршаған ортаның қауіпсіздігін және экологиялық стандарттардың сақталуын қамтамасыз етудің маңызды аспектісі болып табылады. Алау қондырғылары мұнай өндіру, мұнай мен газды қайта өндеу, мұнай-газ өнеркәсібіндегі басқа да операциялар кезінде бөлінуі мүмкін алау газын жағу үшін пайдаланылады. Алау қондырғыларындағы шығарындылардың мониторингі алауға жіберілетін газдың шығынын, тығыздығын және құрамын бақылау арқылы жүзеге асырылады. Алаулардағы шығарындыларды бақылау үшін мынадай көрсеткіштер айқындалады:

- 1) газдың көлемдік шығысы (м<sup>3</sup>/сағ немесе м<sup>3</sup>/с);
- 2) газдың тығыздығы (кг/ м<sup>3</sup>);
- 3) мынадай газдардың талдағышы бойынша құрамы (моль %-бен) (жылына 10 тоннадан астам көлемде шығарындылар болған жағдайда): H<sub>2</sub>S, COS, CS<sub>2</sub> және меркаптандар [33].

Алау қондырғыларындағы шығарындыларды бақылаудың негізгі әдістеріне мыналар жатады:

- 1) оптикалық шығын өлшегіштер;
- 2) ультрадыбыстық шығын өлшегіштер. Бұл шығын өлшегіштер өлшеу әдісімен ерекшеленеді:
  - уақыт-импульстік әдіс;
  - фазалық әдіс;
  - доплер әдісі;
- 3) жылу-массалық шығын өлшегіштер және алау газының шығынын бақылауға арналған басқа шығын өлшегіштер.


#### **5.3.1. Алау газдарының шығынын бақылауға арналған оптикалық шығын өлшегіштер**

Техникалық сипатты

Олар фотодетекторлар түсіретін лазерлік сәулелену негізінде жұмыс істейді. Бұл технологияның дұрыс жұмыс істеуі үшін газ ағынында ең кішкентай тамшылар, конденсат, майлау материалдары, тозаң және басқа бөлшектер болуға тиіс. Бұл бөлшектер жарық сәулесін таратады және бір лазер сәулесінен екіншісіне ауысуға кететін уақыт газдың жылдамдығын және көлемдік шығысты есептеу үшін қолданылады.

Шығын өлшегіш екі негізгі компоненттен тұрады: қабырғаға немесе тірекке орнатылатын мультипроцессорлық есептеу блогы және құбырдың (каналдың) қарама-қарсы жақтарына Орнатылатын фотодатчик (сәулелендіргіш және қабылдағыш). Сәулелендіргіш ағынға перпендикуляр оптикалық сәуле жібереді. Қабылдағышта

бір-бірінен белгілі қашықтықта екі фотоматрица орнатылған, олар матрицалардың белгілі бір жерлерінде көлеңкелі дақтарды бекітеді және микропроцессорлық блокқа сәйкес сигналдарды жібереді. Электроника блогында цифрлық сигналдарды өндөу, үлгіні анықтау және тану және ұқсас белгілер арасындағы корреляцияға негізделген орташа ағын жылдамдығын есептеу бар. Электроника блогының шығысында ағынның орташа жылдамдығының ағымдағы мәніне сәйкес келетін 4 – 20 мА аналогтық сигнал қалыптасады. Конфигурация жергілікті пернетақтадан немесе дербес компьютердің көмегімен жүзеге асырылады. Төменгі жағында тіреуіш пен қабырғаға орнатылатын есептеу қондырғылары, сондай-ақ жарық шығарғыш (таратқыш) және оптикалық қабылдағыш бар.



5.25-сурет. Оптикалық шығын өлшегіштің технологиялық схемасы.

Кол жеткізілген экологиялық пайда

Оптикалық шығын өлшегіштер энергия тұтынуды азайту, ресурстарды үнемдеу, қоршаған ортаға шығарындыларды азайту және қалдықтарды азайту үшін операциялық араласу және процестерді реттеу мүмкіндігі бар аяу сапасын автоматтандырылған бақылау сияқты әлеуетті экологиялық артықшылықтарға ие. Атмосферадағы көмірсутекті газ қоспаларының үздіксіз мониторингіне, өндірістегі шығарындылар деңгейін бақылауға кол жеткізіледі [30].

Кросс-медиа әсерлері

Бұл технологияны қолдану қоршаған ортаға теріс әсер етпейді.

Қолданылуы

Шығын өлшегіштердің бұл түрі көлемдік ағындағы бөлшектерді бақылау үшін қолданылады.

## Экономика

Мониторинг пункттеріне жеткізуді және орнатуды есепке алмағанда, 2024 жылға арналған бір бірлік құны 1600 АҚШ доллары. Жиынтықта есептеу блогы (процессор) және фотодатчик бар.

### Ендірудің әсері

Үздіксіз мониторинг өнеркәсіптік объектілер аумағында көмірсутекті газ қоспаларының құрамын арттыруға жедел ден қоюға мүмкіндік береді.

### Ендіру мысалдары

Оптикалық шығын өлшегіштер АҚШ-тағы мұнай өндеу зауыттарында және мұнай жинау және дайындау қондырғыларында қолданылады.

#### 5.3.2. Алау және ілеспе газдың ультрадыбыстық шығын өлшегіштері

##### 5.3.2.1. Алау және ілеспе газдың ультрадыбыстық шығын өлшегіштері импульстік әдіс үақыты

###### Техникалық сипаты

Уақыт-ультрадыбыстық шығын өлшегіштердің импульстік әдісі сигналдардың көзден қабылдағышқа өту уақытын екі бағытта талдайды: ағынмен және оған қарсы. Уақыт-ультрадыбыстық шығын өлшегіштердің импульстік әдісі заттың қозғалатын ағынмен дыбыстық сигналдың бұзылуын ескеруге мүмкіндік береді. Сигналдардың өту уақытының айырмашылығы ағынның жылдамдығына пропорционалды. Сигналдың өту уақыты заттың температурасына, қысымына және тығыздығына байланысты. Осы параметрлерді біле отырып, заттың шығынын анықтауға болады. Бұл жағдайда ультрадыбыстық сигналдың таралу уақытының айырмашылығы ағынның жылдамдығына пропорционалды. Ультрадыбыстық уақыт-импульстік әдіс шығын өлшегіштері тығыздық түрлендіргіштерін қолдану арқылы газдардың тығыздығын анықтау үшін қолданылады. Тығыздық түрлендіргіштерінің жұмыс қағидаты өлшенетін ортада ультрадыбыстық толқындардың таралу жылдамдығын (дыбыс жылдамдығын) өлшеудің акустикалық әдісіне негізделген. Ультрадыбыстық толқындардың таралу жылдамдығын өлшеудің акустикалық әдісі бір-бірінен белгіленген қашықтықта орналасқан қабылдағыш пен таратқыш арасындағы ультрадыбыстық импульстің өту уақытын өлшеу арқылы жүзеге асырылады. Газдың тығыздығы өлшеу жағдайында газдағы қысыммен, температурамен және дыбыс жылдамдығымен функционалды түрде байланысты. Сыртқы қысым түрлендіргіштерінен және сыртқы немесе кірістірілген температура түрлендіргіштерінен алынған дыбыс жылдамдығының өлшенген мәндері мен газдың абсолютті қысымы мен температурасы туралы мәліметтерге сүйене отырып, UDM

тығыздық түрлендіргішінің электронды блогы ағымдағы өлшеу жағдайларында газдың тығыздығын есептейді және алынған газ тығыздығының мәндерін стандартты (қалыпты) жағдайларға қайта есептейді [30].



5.26-сурет. Уақыт-импульстік әдіс ультрадыбыстық шығын өлшегішінің технологиялық схемасы.

Көл жеткізілген экологиялық пайда

Ультрадыбыстық толқындардың таралу жылдамдығын өлшеудің акустикалық әдісі энергия тұтынуды азайту, ресурстарды үнемдеу, қоршаған ортаға шығарындыларды азайту және қалдықтарды азайту үшін операциялық араласу және процестерді реттеу мүмкіндігі бар аяу сапасын автоматтандырылған бақылау сияқты әлеуетті экологиялық артықшылықтарға ие. Көмірсутекті газ қоспаларының, атмосферадағы күкіртті сутектің молекулалық салмағының үздіксіз мониторингіне, өндірістегі шығарындылар деңгейін бақылауға қол жеткізіледі [30].

Кросс-медиа әсерлері

Бұл технологияны қолдану қоршаған ортаға теріс әсер етпейді.

Колданылуы

Шығын өлшегіштің бұл түрі көмірсутек қоспаларының молекулалық салмағын анықтайды.

Экономика

Күны 2,6 млн теңгеге жуық ( $\approx 5$  200 АҚШ доллары). Стандартты комплектацияға: ультрадыбыстық түрлендіргіштер, кәбілдер, цифрлық интерфейс (бағдарламалық жасақтама), температура мен қысым датчиктері кіреді. Мониторингтеу пункттерінде жеткізуді және орнатуды есепке алмағанда.

### Ендірудің әсері

Үздіксіз мониторинг өнеркәсіптік объектілер аумағында көмірсутекті газ қоспаларының құрамын арттыруға жедел ден қоюға мүмкіндік береді.


### Ендіру мысалдары

Талдағыштардың бұл түрі АҚШ-тың мұнай өндеу зауыттарында және мұнай жинау және дайындау қондырғыларында қолданылады.

#### 5.3.2.2. Фазалық әдіске негізделген алау және ілеспе газдың ультрадыбыстық шығын өлшегіштері

##### Техникалық сипаты

Фазалық шығын өлшегіштер қабылдау пьезоэлементтеріндегі сигнал жиілігінің өзгеруін тіркейді. Оның қорытындысы бойынша амплитудасы мен ультрадыбыстың ағын бағытында өтетін жылдамдығы арасындағы байланыс жасалады. Қарама-қарсы бағытта өтетін сигналдар үшін бөлек график жасалады. Барлық өлшеулер бірдей қашықтықта жүргізіледі. Фазалық ығысу параметрі заттың сипаттамаларына тікелей байланысты ағын бойындағы және оған қарсы сигналдар жылдамдығының өзгеруін көрсетеді. Мұндай шығын өлшегіштердегі жиілік көбінесе амплитудаға пропорционалды [30].



5.27-сурет. Фазалық әдістің ультрадыбыстық шығын өлшегішінің технологиялық схемасы.

5.27-суретте 100 және 200 мм-ге тең D бар құбырлардағы сұйықтықтардың шығынын өлшеуге арналған және 30; 50; 100; 200 және 300 м<sup>3</sup>/сағ Q<sub>max</sub>-қа есептелген схема көрсетілген. Жиілігі 1 МГц, максималды фазалық айырмашылық (2-2,1) рад. Шығын өлшегіштің қателігі +2,5 %. Г генераторы И1 және И2 пьезоэлементтерімен байланыстыратын сәйкес трансформаторлардың көмегімен. Соңғысы шығаратын ультрадыбыстық тербелістер 1-ші сұйық толқын өткізгіштер арқылы, 4-ші құбырдың қабыргаларына герметикалық түрде орнатылған 3-ші мембраналар арқылы, 2-ші өлшенген сұйықтық арқылы, содан кейін 5-ші мембраналар арқылы және 6-шы сұйық толқын өткізгіштер Пьезоэлементтерге түседі. Соңғысы ФФ фазорегуляторы құрамындағы фазометриялық схемаға қосылған; АРУ1 және АРУ2 автоматты реттеу қондырылымын басқарылатын екі бірдей У1 және У2 күшайткіштері; ФД фазалық детекторы және РП өлшеу құралы (потенциометр). ФВ фазалық реттегіші фазалық детектордың бастапқы нүктесін реттеуге және нөлді реттеуге арналған. Шығын өлшегіштің келтірілген қателігі ±2,5 %.

Көл жеткізілген экологиялық пайда

Фазалық шығын өлшегіштер энергияны тұтынуды азайту, ресурстарды үнемдеу, қоршаған ортаға шығарындыларды азайту және қалдықтарды азайту үшін операциялық

араласу және процестерді реттеу мүмкіндігі бар аya сапасын автоматтандырылған бақылау сияқты әлеуетті экологиялық артықшылықтарға ие. Атмосферадағы көмірсүтекті газ қоспалары көлемінің үздіксіз мониторингіне, өндірістегі шығарындылар деңгейін бақылауға қол жеткізіледі [30].

### Кросс-медиа әсерлері

Бұл технологияны қолдану қоршаған ортаға теріс әсер етпейді.

### Қолданылуы

Шығын өлшегіштің бұл түрі көмірсүтек қоспаларының көлемдік шығысын анықтауды жүргізеді.

### Экономика

Құны 1,2 млн теңгеге жуық ( $\approx 2300$  АҚШ доллары). Стандартты комплектацияға: ультрадыбыстық түрлendіргіштер, кабілдер, сандық интерфейс (бағдарламалық жасақтама) кіреді. Мониторингтеу пункттерінде жеткізуді және орнатуды есепке алмағанда.

### Ендірудің әсері

Үздіксіз мониторинг өнеркәсіптік объектілер аумағында көмірсүтекті газ қоспаларының құрамын арттыруға жедел ден қоюға мүмкіндік береді.

### Ендіру мысалдары

Талдағыштардың бұл түрі мұнай өндеу зауыттарында және АҚШ тың мұнай жинау және дайындау қондырғыларында қолданылады.

### 5.3.2.3. Доплер әдісіне негізделген алау және ілеспе газдың ультрадыбыстық шығын өлшегіштері

#### Техникалық сипаты

Доплерлік шығын өлшегіштер қатты қоспалар немесе газ көпіршіктері болсын, ультрадыбыстық толқындардың ағындағы бөлшектермен әрекеттесу кезіндегі дисперсиясын талдау арқылы ағынның жылдамдығын өлшайді. Датчиктер шағылысқан сигнал жиілігінің өзгеруін түсіреді, бұл ағындағы бөлшектердің қозғалу жылдамдығын анықтауға мүмкіндік береді. Доплерлік шығын өлшегіштер қоспалар мен ластағыш заттардың үлесі жоғары ортадағы шығысты өлшеу үшін тиімді, бірақ ағындағы бөлшектердің әртүрлілігіне байланысты дәлдігі төмен.

### Қол жеткізілген экологиялық пайда

Доплерлік шығын өлшегіштер энергияны тұтынуды азайту, ресурстарды үнемдеу, қоршаған ортаға шығарындыларды азайту және қалдықтарды азайту үшін операциялық араласу және процестерді реттеу мүмкіндігі бар аya сапасын автоматтандырылған бақылау сияқты әлеуетті экологиялық артықшылықтарға ие. Атмосферадағы көмірсүтекті газ қоспалары көлемінің үздіксіз мониторингіне, өндірістегі шығарындылар деңгейін бақылауға қол жеткізіледі [30].

### Кросс-медиа әсерлері

Бұл технологияны қолдану қоршаған ортаға теріс етпейді.

Колданылуы

Шығын өлшегіштің бұл түрі көмірсутек қоспаларының көлемдік шығысын анықтауды жүргізеді.

Экономика

Құны 1 млн теңгеге жуық ( $\approx 2000$  АҚШ доллары). Стандартты комплектацияға: ультрадыбыстық түрлендіргіштер, кабілдер, сандық интерфейс (бағдарламалық жасақтама). Мониторингтеу пункттерінде жеткізуді және орнатуды есепке алмағанды.

Ендірудің әсері

Үздіксіз мониторинг өнеркәсіптік объектілер аумағында көмірсутекті газ қоспаларының құрамын арттыруға жедел ден қоюға мүмкіндік береді.

Ендіру мысалдары

өлшенеді және кері сигналдың уақыттық кідірісімен біріктіріледі, бұл ластағыш заттардың концентрациясын және оның орналасқан жерін анықтауға мүмкіндік береді.

Күн тұтылу ағыны (SOF): күнді кең жолақты жарық көзі ретінде қолданатын sof әдісі. SOF жүйесі Күн радиациясын өлшейтін спектрометрден, құралдың күн зенитіндегі бағытын ұстап тұруға арналған күн трекерінен және газ шлейфіне қатысты орынды дәл өлшеу үшін GPS-тен тұрады.

Кері дисперсиялық модельдеу (Reverse Dispersion Modeling, RDM) – белгілі шығарындылар көздеріне негізделген концентрацияларды болжайтын дәстүрлі дисперсиялық модельдеуден айырмашылығы, RDM бақыланатын деректерге негізделген белгісіз көздерді анықтауға және сандық анықтауға бағытталған әдіс. Шығарындылардың барлық ықтимал көздерін қамту үшін олар әдетте бірнеше нұктелерде бақылау жүргізеді.

RDM әдісі газ тәрізді ластағыш заттарға жарамды; бөлшектер жағдайында бұл бастапқы бөлшектердің шығарындыларының көздерін қайта бағалауға әкеледі өйткені стандартты дисперсиялық модельдер екінші бөлшектердің атмосферадағы бөлшектердің жалпы концентрациясына қосқан үлесін ескермейді.

RDM-ның іс-қимыл қаидаттары метеорологиялық деректерді жинауга және ықтимал шығарындылар көздерінің айналасындағы әртүрлі нұктелердегі ластағыш заттардың концентрациясын өлшеуге негізделген. Кейіннен дисперсияны тікелей модельдеу (ластағыш заттардың метеорологиялық жағдайдағы белгілі көздерден қалай таралатынын сипаттайтын модель құру) және кері модельдеу (бақыланатын концентрацияларды түсіндіре алатын ықтимал шығарындылар көздерін есептеу үшін бақыланатын концентрация деректері мен метеорологиялық деректерді пайдалану).

Сипаттама осы ЕҚТ анықтамалығының 5.5-бөлімінде берілген.

### 6.3. Су обьектілеріне тәгінділерді үздіксіз мониторингтеу

Егер өзгеше көзделмесе, су обьектілеріне тәгінділерді үздіксіз мониторингтеу осы бөлімнің ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

ЕҚТ 15. ЕҚТ бұл ең аз анықталған жиіліктегі сарқынды сулардың әрбір шығарылымында ластағыш заттардың тәгінділерін мониторингтеуден тұрады.

ЕҚТ сарқынды сулар шығарылатын жерде маркерлі ластағыш заттардың тәгінділерін бақылаудан тұрады. ЕҚТ қолданумен байланысты тәгінділер мониторингінің жиілігі ЕҚТ бойынша салалық анықтамалықтарға сәйкес қабылданады.

ЕҚТ бойынша бейінді салалық анықтамалықта мониторингтеу кезеңділігі болмаған жағдайда мониторинг жиілігі төмендегі кесте бойынша қабылданады:

P/c №	Ластағыш заттың атауы	Мониторинг жиілігі
1	Жинақтаушы тоган	
1.1	Қалқымағы заттар	Тоқсан сайын

1.2	Fe бойынша темір (хлорлы темірді қоса)	Тоқсан сайын
1.3	Мұнай өнімдері	Тоқсан сайын
1.4	Сульфаттар ( $\text{SO}_4$ бойынша)	Тоқсан сайын
1.6	Хлоридтер (Cl бойынша)	Тоқсан сайын
2	Буландырыш тоған	
2.1	Қалқымалы заттар	Тоқсан сайын
2.2	Fe бойынша темір (хлорлы темірді қоса)	Тоқсан сайын
2.3	Мұнай өнімдері	Тоқсан сайын
2.4	Сульфаттар ( $\text{SO}_4$ бойынша)	Тоқсан сайын
2.5	Хлоридтер (Cl бойынша)	Тоқсан сайын
2.6	Дизетаноламин/МДЭА(флексорб)/метанол/этиленгликоль	Тоқсан сайын
2.7	Күкіртсүтек	Тоқсан сайын
3	Қабат қысымын ұстап тұру үшін қабатқа айдау	
3.1	Қалқымалы заттар	Апта сайын
3.2	Fe бойынша темір (хлорлы темірді қоса)	Апта сайын
3.3	Мұнай өнімдері	Апта сайын
3.4	Күкіртсүтек	Апта сайын
4	Жер қойнауына кәдеге жарату	
4.1	Қалқымалы заттар	Апта сайын
4.2	Fe бойынша темір (хлорлы темірді қоса)	Апта сайын
4.3	Мұнай өнімдері	Апта сайын
4.4	Күкіртсүтек	Апта сайын
4.5	Сульфаттар ( $\text{SO}_4$ бойынша)	Апта сайын
4.6	Хлоридтер (Cl бойынша)	Апта сайын

1) 24 сағат ішінде алынған ағынға пропорционалды құрама үлгіні немесе ағынның жеткілікті тұрақтылығы көрсетілген жағдайда уақытқа пропорционалды үлгіні білдіреді;

2) жинақтаушы тоғандар мен буландырыш тоғандарға сарқынды суларды ағызуда технологиялық нормативтерді белгілеуге қатысты норма олар соңғы 3 жылдағы мониторингтік зерттеулердің нәтижелері бойынша жерүсті және жерасты су ресурстарына әсер етпейтінін растай отырып, гидротехникалық құрылыштарға қатысты қолданылатын талаптарға сәйкес келген жағдайда қолданылмайды;

3) жерүсті және жерасты су ресурстарына теріс әсер ету фактісін анықтау гидротехникалық құрылыштарға қолданылатын талаптардың бұзылғанын көрсетеді. Бұл жағдайда эмиссиялардың сандық көрсеткіштері қолданыстағы санитарлық-гигиеналық,

экологиялық сапа нормативтеріне және мәдени-тұрмыстық су пайдалану орындарына қатысты қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштеріне сәйкес келуі тиіс.

**ЕҚТ 16.** ЕҚТ МАЖ енгізу арқылы жерусті су объектілеріне тәгілетін сулардың физикалық параметрлерін үздіксіз мониторингтеуді көздейді.

P/c №	Бақыланатын параметрлер	Техникалар
1	Температура	Қарсылық термометрлері, терможұптар, манометриялық термометрлер, судың температурасын өлшеудің жана спайтын құралдары-пиromетр
2	Шығын өлшегіш	Ультрадыбыстық есептеу құралдары электромагниттік есептеу құралдары импульстік шығысы бар механикалық
3	Сутегі көрсеткіші	pH-метрлер
4	Электр өткізгіштік	Электротізгіштігін өлшеу: электрод датчиктері, индуктивті датчиктер
5	Лайлану	Оптикалық турбидиметр (фотометр) және нефелометрия

Сипаттама осы ЕҚТ анықтамалығының 5.4.1-бөлімінде берілген.

**ЕҚТ 17.** ЕҚТ МАЖ енгізу арқылы судың сапалық көрсеткіштерін үздіксіз мониторингтеуді көздейді.

Суды есепке алудың автоматтандырылған жүйесінің негізінде фотоколориметриялық талдау жатыр. Бұл талданатын заттың атомымен, ионымен және /немесе молекуласымен спектрдің әртүрлі участкеріндегі электромагниттік сәулеленудің селективті сінірлуі.

Жарық кванттың сініру арқылы ион, атом немесе молекула жоғары энергетикалық күйге өтеді. Негізгі, қозбаған деңгейден жоғары және қозған деңгейлерге ауысу. Мұндай электромагниттік ауысулар Жарық сініру мен сініргіш заттардың концентрациясы арасындағы пропорционалды байланыска негізделген қатаң анықталған сініру жолақтарының жұтқыш бөлшектерінің спектрлерінде пайда болуына әкеледі. Сипаттама осы ЕҚТ анықтамалығының 5.4.2-бөлімінде берілген.

#### **6.4. Ремедиация талаптары**

Экология кодексіне сәйкес экологиялық залал келтірілген табиғи ортаның құрамдас бөлігін қалпына келтіру, молықтыру немесе егер экологиялық залал толық немесе ішінара орны толмас болып табылса, табиғи ортаның осындай құрамдас бөлігін алмастыру арқылы экологиялық залалды жою жөніндегі іс-шаралар кешені ремедиация деп танылады. Ремедиация мыналарға:

жануарлар мен өсімдіктер әлеміне;  
жерасты және жерусті суларына;

жерге және топыраққа экологиялық залал фактісі анықталған кезде жүргізіледі.

Ластағыш заттар эмиссияларын мониторингтеу экологиялық зиян келтіруді болғызыбау жөніндегі қажетті шаралар болған жағдайда кез келген қызметті жүзеге асыруға мүмкіндік беретін экологиялық қатынастарды реттеу шенберінде алдын алу қағидатын орындау құралдарының бірі болып табылады.

Жекелеген қызмет түрлерінің ерекшеліктерін ескере отырып, табиғи орта компоненттерін ремедиациялау ерекшеліктері ЕҚТ бойынша тиісті салалық анықтамалықтарда көрсетілген.

Антропогендік әсер ету нәтижесінде келтірілген өндірістік және (немесе) мемлекеттік экологиялық бақылау нәтижелері бойынша табиғи орта компоненттеріне экологиялық залал фактілері анықталған кезде және қызмет салдарын жабу және (немесе) жою кезінде базалық есепте немесе эталондық участкеде белгіленген жай-күйге қатысты табиғи орта компоненттерінің жай-күйінің өзгеруіне бағалау жүргізу қажет.

Іс-әрекеттері немесе қызметі экологиялық залал келтірген адам Экология кодексінің нормаларына және ремедиация бағдарламасын әзірлеу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес участкенің жай-күйін қалпына келтіру үшін осындай залалды жою үшін тиісті шаралар қабылдауға тиіс.

Іс-әрекеттері немесе қызметі экологиялық залал келтірген адам тиісті ластағыш заттардың эмиссияларын жою, тежеу немесе қысқарту үшін, сондай-ақ олардың ағымдағы немесе болашақ бекітілген нысаналы мақсатын ескере отырып, участке бұдан былай денсаулыққа елеулі қауіп төндірмеуі және табиғи орта компоненттерінің ластануына байланысты оның қоршаган ортаға қатысты қызметіне зиян келтірмеуі үшін мерзімдер мен кезеңділікте бақылау мониторингі үшін қажетті шараларды қабылдауы тиіс.

ЕҚТ бойынша анықтамалықтың осы жобасында ЕҚТ қолдануға байланысты өзге де технологиялық көрсеткіштерді, оның ішінде энергетикалық, су және өзге де ресурстарды тұтыну деңгейлерін айқындау орынсыз болып табылады.

ЕҚТ қолдануға байланысты өзге де технологиялық көрсеткіштер уақыт бірлігіне немесе өндірілетін өнімнің (тауардың), орындалатын жұмыстың, көрсетілетін қызметтің бірлігіне шаққандағы ресурстарды тұтыну мөлшерінде көрсетіледі. Тиісінше, басқа технологиялық көрсеткіштерді белгілеу қолданылатын өндіріс технологиясына байланысты. "Жалпы ақпарат" бөлімінде жүргізілген энергетикалық, су және өзге де (шикізат) ресурстарды тұтынуды талдау нәтижесінде көптеген факторларға байланысты вариативтік көрсеткіштер: шикізаттың сапалық көрсеткіштері, қондырығының өнімділігі мен пайдалану сипаттамалары, дайын өнімнің сапалық көрсеткіштері, өнірлердің климаттық ерекшеліктері және т.б. алынды.

Ресурстарды тұтынудың технологиялық көрсеткіштері ЕҚТ енгізуге, оның ішінде прогрессивті технологияны енгізуге, өндірісті ұйымдастыру деңгейін арттыруға, ең төменгі мәндерге (тиісті ресурсты тұтынудың орташа жылдық мәнін негізге ала

отырып) сәйкес келуге және үнемдеу және ұтымды тұтыну жөніндегі сындарлы, технологиялық және ұйымдастырушылық іс-шараларды көрсетуге бағдарлануға тиіс.

## 7. Перспектиналы техникалар

ЭҮДҰ-ның [42, 43, 44], ЕО-ның [45, 46, 47, 48, 49, 50, 51] ағымдағы стратегиялары мен саясаттарын және басқа көздерді талдау экологиялық мониторинг тұрғысынан өзекті болып табылатын мынадай жалпы даму үрдістерін көрсетеді:

жасанды интеллекттің қарқынды дамуымен бірге қоғамды цифрандыру;

қоғамды көміртексіздендіру;

қоршаған ортаның, әсіресе ауаның, судың және топырақтың ластануын түбекейлі шектеу;

түйік цикл экономикасын дамыту.

ЕО-ның ағымдағы стратегиялары мен саясаттарын және басқа да қолжетімді көздерді талдау жалпы үрдістер өндірістік қызметке, әсіресе мынадай бағыттарға әсер ететіндігін көрсетеді:

1) жасанды интеллекттің пайда болуымен бірге өнеркәсіпті роботтандыру [42, 44, 46, 52];

2) жасанды интеллектті пайдалана отырып, өндірістік процестерді басқару жүйелерін әзірлеу [42, 44, 46, 52, 53].

3) көміртексіз/төмен көміртекті/таза нөлдік технологияларды дамыту [54];

Ескертпе: "таза нөлдік технологиялар" (Net zero technologies) жаңартылатын энергия көздерінің технологияларын; электр энергиясы мен жылуды сақтау технологияларын; жылу сорғыларын; желілік технологияларды; биологиялық емес шыққан жаңартылатын отын технологияларын; тұрақты баламалы отын технологияларын; электролизерлер мен отын элементтерін; отын циклінің ең аз қалдықтары бар ядролық процестерден энергия өндірудің озық технологияларын, шағын модульдік реакторларды және ең жақсы отынды; көміртекті ұстауды, пайдалану және сақтау технологияларын; энергетикалық жүйелермен байланысты энергия тиімділігі технологияларын білдіреді [51];

4) сутегі негізіндегі темір және болат өндірісі [55, 56];

5) өндірісте ұстау және кәдеге жарату кезінде СО<sub>2</sub> пайдалану (отын, бетон) [57];

6) сыни маңызды шикізатқа баса назар аудара отырып, қалдықтарды қайта өңдеу технологияларын дамыту [58, 59, 60].

Ескертпе: боксит, кокстелетін көмір, литий, фосфор, Sb, дала шпаты, жеңіл сирек жер элементтері, скандий, As, CaF, Mg, Si, BaSO, Ga, Mn, Sr, Be, Ge, C, Ta, Bi, Hf, Nb, Ti, B, He, Ru, Rh, Pd, Os, Ir, Pt, W, Co, Dy, Ho, Er, Tm, Yb, Lu, Ca(PO), V, Cu, Ni.

Өнеркәсіп салаларындағы жоғарыда аталған үрдістердің ілеспе құбылысы, бір жағынан, қолданыстағы экологиялық стандарттарды қатаңдату, екінші жағынан, жаңаларын енгізу болып табылады.

Қазіргі уақытта адам қызметінің барлық салаларында жасанды интеллектті қолданудың күрт өсуі байқалады. Экологиялық мониторинг саласы да одан тыс қалмады.

Су сапасын бақылау саласында жасанды интеллектті қолдану саласында да айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізілді [62].

Алынған білім тәжірибеге өте тез ауысады және қазіргі уақытта нарықта жасанды интеллект [63, 64] және жасанды интеллект көмегімен су сапасын бақылаудың ұқсас жүйелері бар ресіс болжамды бақылау жүйелері бар [65].

## **7.1. Жасанды интеллектті қолданатын кешенді мониторинг жүйесі (шығарындыларды үздіксіз мониторингтеу жүйесін технологиялық процесті басқару жүйесімен, тіпті суды мониторингтеу жүйесімен біріктірілген шығарындыларды болжамды мониторингтеу жүйесімен (PEMS) қыстыру**

### **Техникалық сипаты**

Сынамаларды алу және тасымалдау жабдықтарынан, талдағыштан, сондай-ақ деректерді жазу мен өндеуге арналған жабдықтар мен бағдарламалық жасақтамадан тұратын шығарындыларды үздіксіз мониторингілеу жүйесі (МАЖ) мониторингтеудің жақсы танымал және сенімді жүйесі болып табылады. МАЖ-ды әдістердің үш түріне бөлуге болады:

тұтін құбырынан үлгіні физикалық түрде алушты қөздейтін экстрактивті.

Шығарындыларды үздіксіз немесе мерзімді өлшеу үшін әртүрлі анықтау қағидаттарын пайдаланатын автоматтандырылған аспаптық әдістерді білдіретін жергілікті жердегі құралдар.


Параметрлерге негізделген әдістер дәстүрлі МАЖ орнатудың ықтимал баламасы болып табылады.

Параметрлерге негізделген әдістер екі сыныпқа жіктеледі: суррогаттық және болжаушы. Көздің шығарындылар стандартына сәйкестігін анықтау үшін суррогаттарды қолдануға болады. Параметр мәндерін алу әдетте мұқият тестілеуді және тексеруді қажет етеді. Болжамды параметрлер процесс шарттары мен шығарындылар деңгейлері арасындағы өзара байланыс оны бір параметрмен дұрыс сипаттау мүмкін болмайтын жағдайларда қолданылады. Болжамды сынып параметрлері қазіргі уақытта шығарындыларды басқару жүйелерінде маңызды рөл атқаратын модельдеу тұжырымдамасын қамтиды.

Шығарындыларды болжамды мониторингтеу жүйесі (PEMS) технологиялық деректер негізінде шығарындылардың концентрациясын болжау үшін эмпирикалық модельді пайдаланады (отын шығыны, жүктеме, жұмыс қысымы және қоршаган ауа температурасы). Шын мәнінде, PEMS AFM жоқ және жергілікті талдау (яғни мерзімді) немесе науқан әдісі жүзеге асырылатын технологиялық қондырғыларда шығарындылардың үздіксіз ағынын (бағалау) алу әдісін қамтамасыз ете алады.

PEMS жүйелері жасанды интеллектті (машиналық оқыту) көбірек қолданады

Егер МАЖ бар болса немесе МАЖ алмастырылған болса, PEMS-ті резервтік жабдық ретінде МАЖ-бен немесе онымен комбинацияда пайдалануға болады. Мұндай жағдайларда зауытқа модельдерді құру және тексеру үшін жеткілікті шығарындылар туралы деректерді жинау үшін портативті МАЖ-ды жалға алуға рұқсат етіледі. Модельдерді сертификаттағаннан кейін МАЖ жойылады және виртуалды талдағыш жүйесімен ауыстырылады.



7.1-сурет. ACM (CMS) және PEMS комбинациясының ықтимал схемасы (CEMS — бұл МАЖ абрревиатурасының ағылшын тіліндегі баламасы).

Дереккөз: ABB [63]

PEMS-дің қандай рөл атқаратына қарамастан, ол әртүрлі қолданбаларда көптеген артықшылықтарды қамтаз етеді.

Көптеген қолданбалар бағдарламалық жасақтама жүйелерінің аппараттық МАЖ сияқты дәл екенін дәлелдеді. Виртуалды талдағыштар:

шығарындыларды тудыратын негізгі айнымалыларды анықтай алатын;

датчиктерді автоматты түрде тексере алатын;

аппараттық құрал істен шыққан кезде тарихи деректер негізінде шығарындылар деңгейін қалпына келтіре алатын;

процестерді оңтайландырудың жалпы стратегияларын толықтыра және жетілдіре алатын басқа да функцияларды ұсынады.

Нақты нормативтік талаптар негізінен заңнамалық шектеулердің сақталуын дәлелдеу және ықтимал бұзушылықтарды қадағалау үшін түтін құбырында мерзімді сынақтар жүргізу, сондай-ақ шығарындыларды үнемі бақылау қажеттілігін талап етеді.

Алайда, дәстүрлі МАЖ ластағыш заттардың шекті рұқсат етілген шығарындыларының бұзылуын болжай алмайды. PEMS әртүрлі операциялық параметрлер арасындағы өзара байланысты тікелей корреляциялауға, көсіпорын шығарындыларын алдын ала болжауға және бұзушылықтар пайда болғанға дейін шығарындыларды түзету шараларын қабылдауға мүмкіндік береді.

Жүйені ауа сапасының моделімен толықтыруға болады (шашырау немесе химиялық тасымалдау моделі), бұл қондырғының жақын немесе алыс ортадағы ауа сапасына әсерін бағалауға мүмкіндік береді.

### Қол жеткізілген экологиялық пайда

Кешенді мониторинг жүйесінің (МАЖ, PEMS, су мониторингі жүйесі және технологиялық процесті басқару жүйесінің үйлесімі) іргелі артықшылығы – шығарылатын ластануды барынша азайтуды да, технологиялық процестің соңғы өнімінің оңтайлы шығуымен энергия тиімділігін барынша арттыруды да ескеретін жалпы процесті оңтайландырудың кеңейтілген, қарапайым және арзан мүмкіндігі. Жақсы калибрленген pims PEMS моделі қысқа уақыт ішінде процестің экологиялық, энергетикалық, технологиялық және экономикалық параметрлерінің көптеген комбинацияларын процеске физикалық араласуды және физикалық өлшеуді қажет етпестен талдауға мүмкіндік береді. Өндірісті басқарудың оңтайлы стратегиясын ЕҚТ 5 мағынасында оңай табуға болады.

Оңтайландыру ЕҚТ бірнеше шаралардың (энергия тиімділігі, азот оксиді шығарындыларын азайтудың бастапқы әдістері) комбинациясы ретінде айқындалған жерде немесе әдістердің нұсқалары (азот оксиді шығарындыларын азайтудың бастапқы және қайталама әдістері) қолжетімді болған кезде үлкен мәнге ие. Шығарылатын газдардағы ластағыш заттардың арақатынасы да оңтайландырылуы мүмкін.

Оңтайландыру мүмкіндіктері ЕҚТ-ге байланысты сандық талаптардың (шығарындылар деңгейі, энергия тиімділігі деңгейлері) әрқашан дерлік мәндер аралығы ретінде анықталуымен кеңейеді.

### Экологиялық көрсеткіштер және пайдалану деректері

Ұсынылған техника бойынша тікелей экологиялық көрсеткіштер жоқ, олар әмиссияларды бақылау құралдары болып табылады. Пайдалану деректері нақты кешенді мониторингтеу жүйесінің құрамына байланысты және мыналарды қамтиды:

құнделікті қызмет (қызмет көрсетуші персонал, электр энергиясын тұтыну);

деректер мен ақпаратты өндеу, сактау және беру;

ағымдағы техникалық жұмыстар (калибрлеу, баллондық газ аудиті);

жыл сайынғы сапаны, пайдалануды және техникалық қызмет көрсетуді қамтамасыз етуді шолу және жаңарту.

### Кросс-медиа әсерлері

Егер кешенді мониторинг жүйесі су мониторингін де қамтыса, онтайландыру есептеулері аяу мен су арасындағы ластанудың тасымалдануы алынып тасталатын немесе кем дегенде азайтылатын жағдайларды анықтау үшін пайдаланылады.

### Қолданылуы

Кешенді мониторингтеу жүйесі электр станциялары, мұнай-газ өндіреу зауыттары немесе ірі металлургиялық немесе химиялық зауыттар сияқты ірі объектілерге жарамды.

### Экономика

Жалпы инвестициялық және пайдалану шығындары нақты кешенді мониторингтеу жүйесінің құрамына байланысты.

МАЖ жүйелері жабдықтарының бағасы жеткілікті кең ауқымда түрленіп отырады: барлық негізгі ластағыш заттарды (тозаң, SO<sub>2</sub>, NO<sub>x</sub>, CO) бір уақытта өлшейтін бір өлшеу нүктесіне арналған жетілдірілген жүйе және процестің негізгі параметрлері шамамен 20,1 млн теңге ( $\approx$ 40 000 АҚШ доллары) деп бағаланады;

МАЖ қондырғысының алғашқы шығындарының жалпы құны (жоспарлау, жабдықты таңдау, көмекші құралдар, СEMS жабдықтарын сатып алу, МАЖ орнату және тексеру, техникалық сипаттамалар сынақтары, сапаны қамтамасыз ету/бақылау жоспары) жабдықтың бағасынан екі есе көп болуы мүмкін;


жылдық пайдалану және техникалық қызмет көрсету шығындары алғашқы МАЖ орнату шығындарының шамамен 15 %-ын немесе жабдық құнының 30 %-ына дейін болады.

Суды мониторингтеуге арналған шығындар аяу мониторингімен салыстырғанда айтарлықтай аз: көп параметрлі үздіксіз талдағыштың бағасы бірнеше мың АҚШ долларын құрайды.

PEMS жүйесі МАЖ жүйесіне қарағанда едәуір арзан: PEMS-тің күрделі шығындары МАЖ құнының төрттен бірінен жартысына дейінді, ал пайдалану шығындары МАЖ құнының оннан бір бөлігін құрайды [68].

### PEMS нарығын бағалау

PEMS әлемдік нарығы 2023 жылы 2,92 миллиард АҚШ долларына бағаланды және 2030 жылы 4,39 миллиард АҚШ долларына жетеді деп күтілуде [69].





### Негізгі ойыншылар

ABB Ltd.	Horiba Ltd.
Sick AG	Fuji Electric Co. Ltd.
Emerson Electric Co.	Thermo Fisher Scientific Inc.
Teledyne Technologies Inc.	Parker Hannfin
Babcock & Wilcox Enterprises Inc.	Rockwell Automation SICK
Siemens AG	CMC Solutions
Durag Group	Environmental S.A.
AMETEK Inc.	Oopsis

### 2023 ж. өнірлік талдау (%)



### Құрамдастарға шолу



- Мұнай-газ енергесібі
- Металлургия және тау-кан ендіру енергесібі
- Электр энергиясының ендірісі
- Химикаттар мен тынайткыштар ендірісі
- Целлюлоза-караж ендірісі
- Фармацевтика

### 7.2-сурет. PEMs әлемдік нарығы.

Дереккөз: Globe Newswire/MMR (30)

Market Research Future (MRFR) есебінде шығарындыларды мониторингтеудің болжамды жүйелері нарығы 2030 жылға қарай тіпті 14,2 миллиард АҚШ долларына жетеді деп болижануда [70].

### Өнеркәсіптік ендіру мысалдары

МАЖ жүйелері өнеркәсіпте 2022 жылы кеңінен пайдаланылды және ауа мониторингі нарығының 78,3 %-ын құрайды. PEMs жүйелері аз болды – 2022 жылы 21,7 %, бірақ олардың жыл сайынғы өсуі шамамен 10 % болады деп күтілуде, сондықтан олар жақын болашақта нарықта әлдеқайда маңызды позицияларға ие болады [71].

Мысал ретінде: МАЖ деректері – қытайлық электр станцияларының тұтін газдарындағы PM, SO2 және NOx концентрациясының нақты уақыттағы тікелей

өлшемдері – қытайлық CEMS желісі арқылы бақыланады және Қытайдың “кология” және қоршаған орта министрлігіне (MEE; <http://www.envsc.cn/>) беріледі. МАЖ деректері дереккөз бойынша және сағат сайын жазылып отырады. Жалпы алғанда, МАЖ деректер жинағы 5 606 энергия блогымен (ол Қытайдың жылу энергетикалық қуатының 98 %-ын құрайды), дереккөз сағатына әрбір үлгі үшін 2014 жылдан 2017 жылға дейін 35 064 сағат және 3 ауаны ластағыш заттармен (яғни, ТЧ, SO<sub>2</sub>) және NO<sub>x</sub>) электр станцияларының шығатын құбырлары) байланысты 4622 шығарынды көздерін қамтиды. [72].

ЖИ пайдаланумен жетілдірілген PEMS жүйесі – мысал [73]

PEMS шешімі АВВ-дан Парсы шығанағы өніріндегі ең ірі мұнай-газ компанияларының бірінде газ турбиналарының шығарындыларын өлшеу үшін сәтті енгізілді. PEMS үшін ең қолайлы модельдерді әзірлеу үшін шығарындылар туралы қажетті деректерді жинау үшін уақытша МАЖ талдағышы пайдаланылды, бұл ретте процесс деректері бір уақытта тікелей таратылған кәсіпорынды басқару жүйесінен (DCS) жиналды. Деректерді жинау технологиялық жағдайлардың кең ауқымын қамту үшін кәсіпорын операторларының қолдауымен мүқият әзірленді.

Деректерді өндеу, модельді әзірлеу, автономды тексеру және объектіге енгізу АВВ Inferential Modeling Platform фирмалық бағдарламалық жасақтамасын пайдалану арқылы орындалды. Деректерді өндеу эмпирикалық модельді әзірлеудегі негізгі міндет болып табылады және маңызды кезеңдерді қамтиды.

Эмпирикалық модель негізінде модельдеу мақсаттары үшін репрезентативті жазбалардың барабар жиынтығының болуын қамтамасыз ету үшін іріктеудің онтайлы жиілігі анықталды. Содан кейін модельдер үшін кіріс айнымалылары ретінде қосылатын ең маңызды параметрлерді таңдау үшін күрделі статистикалық және математикалық әдістер қолданылды. Модельді нақтылау үшін нейрондық желі алгоритмдері қолданылды, өйткені олар дәлдік пен сенімділік түрғысынан ең тиімді және сенімді болып шықты.

Соңғы PEMS жүйесі DCS-мен және басқа кәсіпорынды автоматтандыру инфрақұрылымымен біріктірілген.

Орнатылғаннан кейін жүйені АҚШ қоршаған ортаны қорғау агенттігі (US EPA) үәкілетті үшінші тарап компаниясы бағалап, сертификаттады. Бұл процесте cems шығарындыларын бағалау әртүрлі жұмыс жағдайларында МАЖ өлшенген мәндермен салыстырылды, бұл PEMS жүйесінің салыстырмалы дәлдігін анықтауға мүмкіндік берді.

Әрбір шығарындының сипаттамалары EPA талаптарына сәйкес келгендейтін, жүйе сертификатталды және оны тұтынушы қабылдады.

Италия мен Жерорта теңізі өніріндегі мұнай өндеу зауыттары да АВВ PEMS-ті енгізді және ұқсас оң тәжірибеге ие.

Ендірудің әсері

Кешенді мониторинг жүйесін енгізу, ең алдымен, қоршаған ортаның ластануын азайту саласында да, энергия мен шикізатты ұнемдеу саласында да тікелей әсерлер әкелуі мүмкін.

## 7.2. Газ бұлтының гиперспектральды бейнелеу технологиясы (Gas Cloud Imaging)


### Техникалық сипаты

Әрбір газдың қолтаңба/із аймағында бірегей спектрлік қолтаңба/сөулелену/сіңіру ізі бар, бұл газдарды ажыратуға мүмкіндік береді. Соңғы спектрлік талдағыштар 50-ден астам газды анықтау үшін суреттің әр пикселінен гиперспектральды деректерді секундына 60 рет талдайды. Камера газдың ағып кетуін бейнеге жазылған көрінетін бұлт түрінде түсіреді. Сондай-ақ, газ бұлтының мөлшері және оның қозғалыс бағыты көрсетіледі. Камера газдың ағып кетуін анықтағаннан кейін, дабылды басқару жүйесі іске қосылып, тиісті қызметтерге электрондық пошта арқылы хабарланады.

GCI камералары газдардың 50-ден астам түрін бақылау, сандық бағалау және көрсету мақсатында көрінетін спектрді де, инфрақызыл спектрді де түсіру үшін гиперспектральды бейнелеу технологиясын қолданады. Панорамалау, еңкейту және кескінді үлкейту мүмкіндігімен камералар үлкен, бағдарламаланған аумақты қамтиды және кез келген қызығушылық аймағына жылдам аудысады. GCI камералары әдетте дәстүрлі жабдыққа қарағанда 100 есе дәлірек, сондықтан газды анықтау үшін қосымша жабдық қажет емес. Өзін-өзі калибрлейтін камералар кез келген ауа райында тәулік бойы жұмыс істейді.

Бұл камералар стандартты түрде өлшеу деректерін сақтау үшін серверді пайдаланады. Камералардан өлшеу бойынша барлық жинақталған деректерді ескере отырып, ЖИ (машиналық оқытуды) пайдалана отырып, бағдарламалық қамтамасыз етудегі газдарды тану және анықтау алгоритмі жетілдірілуде.

Жасанды интеллектпен басқарылатын бағдарламалық жасақтама талдаманы өзінің пайдалануши интерфейсі арқылы басқарады және нақты уақыт режимінде бейнелерді көрсетеді. Арнайы сервер ерекше сақтау сыйымдылығы мен өндөу қуатына ие. Бағдарламалық жасақтама бірнеше GCI камераларынан құн сайын 4 ТБ дейін деректерді басқара алады. Операторлар камералардан ағындарды бақылай алады және қажет болған жағдайда олардың блоктық басқару жүйелері арқылы қозғалысын реттей алады. Газдың рұқсат етілген нормаларының концентрациясы асып кеткен кезде дабыл деңгейі бағдарламалық жасақтамаға енгізілген [74].



1 – объектідегі газ шығарындысы; 2 – CGI камералары шығарындыларды анықтайды; 3 –талдағыш газдың ағып кету көзін анықтау, анықтау және бақылау үшін нақты уақыт режимінде деректерді өндейді; 4 – цифрлық бейне жазу жүйесі жазба нәтижелерін және оны талдауды операторға жібереді; 5 – операторлар тиісті әрекеттерді орындаі алады.

7.3-сурет. CGI камералар жұмысының қағидаты.

Қол жеткізілген экологиялық пайда

Газ бұлтын гиперспектральды бейнелеу технологиясы энергия тұтынуды азайту, ресурстарды ұнемдеу, қоршаған ортаға шығарындыларды азайту және қалдықтарды азайту үшін операциялық араласу және процестерді реттеу мүмкіндігі бар ауа сапасын автоматтандырылған бақылау сияқты әлеуетті экологиялық артықшылықтарға ие. Сондай-ақ, әлеуетті пайда газдардың 50 түріне дейін ағып кетудің алдын алу болып табылады, оның ішінде: көміртегі оксидтері, азот оксиді, күкіртсутек, көміртегі тотығы, өнеркәсіптік объектілердегі күкіртсутек [75].

Кросс-медиа әсерлері

Бұл технологияны қолдану қоршаған ортаға теріс әсер етпейді.

Қолданылуы

Стационарлық мониторингтеу бекеттері мыналарды қоса алғанда, 50-ге дейін газ түрлерін бақылау үшін қолданылады: көміртегі оксиді, азот оксиді, күкіртсутек, көміртегі тотығы, күкіртсутек.

Экономика

CGI камерасының бір бірлігінің бағасы 8 млн теңгеге ( $\approx 16\ 000$  АҚШ доллары) жуық . Жинаққа бағдарламалық жасақтама кіреді. Серверлік жабдық бөлек сатып алынады. Сондай-ақ бағаға өндірістік нысанда жеткізу және орнату кірмейді.

Ендірудің әсері

Үздіксіз мониторинг өнеркәсіптік объектілер аумағындағы көміртегі оксидтерін, азот оксидін, күкіртті сутекті, көміртегі күкірт тотығын, күкіртті көміртекті қоса алғанда, газдардың 50 түрінің құрамын арттыруға жедел ден қоюға мүмкіндік береді.

Ендіру мысалдары

ӘЫДҰ елдеріндегі өнеркәсіп объектілері.

## 8. Қосымша түсініктемелер мен ұсынымдар

ЕҚТ бойынша анықтамалық Экология кодексінің 113-бабына сәйкес 044 "Технологиялар мен ең үздік практикаларды ілгерілету, бизнес пен инвестицияларды дамыту арқылы Қазақстанның жасыл экономикаға жылдам көшуіне жәрдемдесу" бюджеттік бағдарламасы бойынша мемлекеттік тапсырма шенберінде және Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының Астанадағы Бағдарламалар офисінің сараптамалық қолдауымен дайындалған.

ЕҚТ бойынша анықтамалықты әзірлеуді технологтардан, экологтардан, энергия тиімділігі жөніндегі мамандардан тұратын тәуелсіз сарапшылар тобы жүргізді.

Осы ЕҚТ бойынша анықтамалықты дайындау Орталықтың Басқарма төрағасының бүйрығымен құрылған техникалық жұмыс тобының қатысуымен жүзеге асырылды. Техникалық жұмыс тобының құрамына ЕҚТ бойынша анықтамалықты қолданудың тиісті салалары бойынша өнеркәсіп субъектілерінің өкілдері, өнеркәсіптік қауіпсіздік және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органдар, ғылыми және жобалау үйымдары, экологиялық және салалық қауымдастықтар кірді.

ЕҚТ өлшемшарттарына сәйкестігін бағалау Экология кодексінің 113-бабының Зтармағына, Еуропалық парламенттің және ЕО Кеңесінің 2010/75/EО "Өнеркәсіптік шығарындылар және /немесе төгінділер туралы (ластанудың кешенді алдын алу және бақылау туралы)" директивасына сәйкес, сондай-ақ осы ЕҚТ бойынша анықтамалықтың 2-бөлімінде көрсетілген ЕҚТ-ға жатқызу әдіснамасына сәйкес белгіленді.

Алау астындағы бақылауды қоса алғанда, шығарылатын ластағыш заттардың мөлшері, жүргізілетін мониторинг түрлері мен талдау әдістері, салада қолданылатын технологиялар мен жабдықтар туралы өнеркәсіптік ақпаратқа талдау және жүйелеу жүргізілді.

ЕҚТ бойынша анықтамалықты дайындау кезінде ЕҚТ енгізудің европалық тәсілі зерттелді.

ЕҚТ бойынша анықтамалықтың құрылымы Қазақстан Республикасының объектілер операторларының өндірістік экологиялық бақылау бағдарламаларын жалпылау бөлігінде жүргізілген жұмыстың нәтижелері бойынша, сондай-ақ ең үздік әлемдік тәжірибеге бағдарлана отырып әзірленді.

Перспективалы технологииларға практикада немесе тәжірибелік-өнеркәсіптік қондырғылар ретінде қолданылатын ғылыми-зерттеу жұмыстары мен ғылыми-зерттеу және техникалық конструкторлық жұмыстар сатысындағы озық технологиилар жатқызылды.

ЕҚТ бойынша анықтамалықты дайындау қорытындысы бойынша осы анықтамалықпен әрі қарай жұмыс істеуге және ЕҚТ енгізуге қатысты мынадай ұсынымдар тұжырымдалды:

кәсіпорындарға анықтамалықты әзірлеудің келесі кезеңдері үшін қажетті талдау жүргізу мақсатында, оның ішінде маркерлік ластағыш заттардың тізбесін және ЕҚТ қолдануға байланысты технологиялық көрсеткіштерді қайта қарау мақсатында қоршаған ортаға ластағыш заттардың, әсіресе маркерлік заттардың эмиссияларының деңгейлері туралы мәліметтерді жинау, жүйелеу және сақтауды жүзеге асыру ұсынылады;

қоршаған ортаға әмиссиялар мониторингінің автоматтандырылған жүйесін енгізу маркерлік ластағыш заттардың әмиссиялары бойынша нақты деректерді алудың және маркерлік ластағыш заттардың технологиялық көрсеткіштерін қайта қараудың қажетті құралы болып табылады;

технологиялық және табиғат қорғау жабдықтарын жаңғырту кезінде жаңа технологияларды, жабдықтарды, материалдарды таңдаудың басым өлшемшарттары ретінде энергия тиімділігін арттыруға, ресурс үнемдеуге, қоршаған ортаға теріс әсерді азайтуға бағдарланған жөн.

## **Библиография**

1. Қазақстан Республикасының Экология кодексі, 2021 жылғы 1 қаңтардағы № 400-VI ҚРЗ Қазақстан Республикасының Кодексі. – Қазақстан Республикасының Парламенті. – Нұр-Сұлтан. – 2021. – 549 п.
2. European Comission, 2003.
3. Netherlands Emission Guidelines for Air, 2012.
4. IMPEL Network, 2001.
5. Technical Guidance Note M2, 2017.
6. 3, COM 2003.
7. Air Quality Monitoring System Market <https://www.marketsandmarkets.com/Market-Reports/air-quality-monitoring-equipment-market-183784537.html>.
8. Polaris Market Research. <https://www.polarismarketresearch.com/industry-analysis/air-quality-monitoring-system-market>.
9. IMARC. <https://www.imarcgroup.com/air-quality-monitoring-market>.
10. A Research and Markets. <https://www.researchandmarkets.com/reports/5139725/continuous-emission-monitoring-systems-cems>.
11. Skyquest. <https://www.skyquestt.com/report/flue-gas-desulfurization-systems-market>.
12. Marketsnsmarkets. <https://www.marketsandmarkets.com/Market-Reports/flue-gas-desulfurization-systems-market-862.html>.
13. Polaris Market Research. <https://www.polarismarketresearch.com/industry-analysis/flue-gas-desulfurization-system-market>.
14. FMI. <https://www.futuremarketinsights.com/reports/fabric-filter-system-market>.
15. Global Market Insights. <https://www.gminsights.com/industry-analysis/electrostatic-precipitator-market>.
16. UnivDatos Market Insight. <https://univdatos.com/report/nitrogen-oxide-control-system-market>.
17. TRITON Market Research. <https://www.tritonmarketresearch.com/reports/water-quality-monitoring-market>.
18. ESFC Investment Group. <https://esfccompany.com/en/articles/thermal-energy-coal-fired-power-plant-construction-costs/>.

19. <https://ektimo.com.au/products-equipment/cems-continuous-emission-monitoring-systems/>.
20. <https://njklsk.en.made-in-china.com/product/zZaJItTdqUkA/China-Continuous-Emission-Monitoring-System-for-Flue-Gas-Emissions.html>.
21. <https://www.alibaba.com/showroom/continuous-emission-monitoring.html>.
22. <https://nanjingaiyi.en.made-in-china.com/product/umtrCONcYfVn/China-Continuous-Emission-Monitoring-System-Online-Stack-Dust-Monitor-Particulate-Matte>
23. <https://www3.epa.gov/ttn/emc/meetnw/2007/cemsupd.pdf>
24. <https://www.ceip.at/status-of-reporting-and-review-results/2024-submission>.
25. Мұнай өндіру саласының ЕҚТ қағидаттарына сәйкестігін сараптамалық бағалау туралы есеп.
26. <https://electrochemistry.ru/analyzers/elementnyy-analizator/aox-400/>.
27. Sawyer et al., 2003.
28. Конопелько Л.А., Попова О.Г. Аналитический контроль промышленных выбросов. Санкт-Петербург. 2023 ж.
29. Jahnke J.A. Continuous Emission Monitoring. Third Edition. 2022 ж.
30. Guidelines for Continuous Emission Monitoring Systems, 2018.
31. JRC Reference Report on Monitoring of Emissions to Air and Water from IED Installations, 2018.
32. Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 10 мамырдағы № 63 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 11 наурызда № 22317 болып тіркелген.
33. "Өндірістік экологиялық бақылау жүргізу кезінде қоршаган ортаға эмиссиялар мониторингінің автоматтандырылған жүйесін жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 22 маусымдағы № 208 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 22 шілдеде № 23659 болып тіркелген.
34. "РД 52.04.186-89. Руководство по контролю загрязнения атмосферы" (утв. Госкомгидрометом СССР 01.06.1989, Главным государственным санитарным врачом СССР 16.05.1989) (11.02.2016 ж. ред., 16.05.2022 ж. өзгерістермен).
35. [https://www.gov.kz/uploads/2022/10/20/82181ed99865318908b2d81af368c5e0\\_original.9231015.pdf](https://www.gov.kz/uploads/2022/10/20/82181ed99865318908b2d81af368c5e0_original.9231015.pdf)
36. Наталенко И.В., Ушаков И.Е. Термометры сопротивления // Современная техника и технологии. 2016. № 11. 1-б.
37. Крамарухин Ю. Е. Приборы для измерения температуры. - М.: Машиностроение, 1990.
38. Парфенова И.И. Квантовая механика, физика твёрдого тела и элементы атомной физики.

39. А.Фрунзе "Пирометры спектрального отношения: преимущества, недостатки и пути их устранения", ФОТОНИКА 4/2009.
40. Филатов В.И. Выбор типа преобразователя ультразвукового расходомера // Измерительная техника, 1998. - № 7.
41. Руководство по эксплуатации "Расходомеры-счетчики ультразвуковые ИРВИС-Ультра" / ИРВС 9100.0000.00 РЭ7.
42. OECD Science, Technology and Innovation Outlook 2023 <https://www.oecd.org/sti/oecd-science-technology-and-innovation-outlook-25186167.htm>.
43. OECD Digital Economy <https://www.oecd.org/sti/ieconomy/>.
44. OECD Artificial Intelligence (AI) Principles <https://oecd.ai/en/ai-principles>.
45. EU Digital Transformation [https://single-market-economy.ec.europa.eu/industry/strategy/digital-transformation\\_en](https://single-market-economy.ec.europa.eu/industry/strategy/digital-transformation_en).
46. Artificial Intelligence Act <https://www.europarl.europa.eu/topics/en/article/20230601STO93804/eu-ai-act-first-regulation-on-artificial-intelligence>.
47. EU Green Deal [https://commission.europa.eu/strategy-and-policy/priorities-2019-2024/european-green-deal\\_en](https://commission.europa.eu/strategy-and-policy/priorities-2019-2024/european-green-deal_en)
48. EU Zero Pollution Action Plan - Towards zero pollution for air, water and soil. [https://environment.ec.europa.eu/strategy/zero-pollution-action-plan\\_en](https://environment.ec.europa.eu/strategy/zero-pollution-action-plan_en)
49. EU Circular economy action plan Link: [https://environment.ec.europa.eu/strategy/circular-economy-action-plan\\_en](https://environment.ec.europa.eu/strategy/circular-economy-action-plan_en)
50. EU Green Deal Industrial Plan Link: [https://commission.europa.eu/strategy-and-policy/priorities-2019-2024/european-green-deal/green-deal-industrial-plan\\_en](https://commission.europa.eu/strategy-and-policy/priorities-2019-2024/european-green-deal/green-deal-industrial-plan_en)
51. Net-zero Industry Act [https://commission.europa.eu/strategy-and-policy/priorities-2019-2024/european-green-deal/green-deal-industrial-plan/net-zero-industry-act\\_en](https://commission.europa.eu/strategy-and-policy/priorities-2019-2024/european-green-deal/green-deal-industrial-plan/net-zero-industry-act_en)
52. EU: AI powered Robotics Strategy <https://www.euronews.com/next/2024/01/22/commission-plans-robotics-strategy-early-2025>
53. Application of Artificial Intelligence (AI) in Control Systems <https://www.linkedin.com/pulse/application-artificial-intelligence-ai/>
54. Top Ten Cleantech Trends in 2024. [https://www.spglobal.com/commodityinsights/PlattsContent/\\_assets/\\_files/en/specialreports/energy-transition/top-ten-clean-energy-technology-trends-2024.html](https://www.spglobal.com/commodityinsights/PlattsContent/_assets/_files/en/specialreports/energy-transition/top-ten-clean-energy-technology-trends-2024.html)
55. The potential of hydrogen for decarbonising steel production. [https://www.Europarl.europa.eu/RegData/etudes/BRIE/2020/641552/EPRS\\_BRI\(2020\)641552\\_EN.pdf](https://www.Europarl.europa.eu/RegData/etudes/BRIE/2020/641552/EPRS_BRI(2020)641552_EN.pdf)
56. Renewable hydrogen based direct iron ore reduction and steel making with grid assistance <https://www.sciencedirect.com/science/article/abs/pii/S0196890423008907>
57. Predictive Emission Monitoring Systems Market: Global Industry Outlook and Forecast (2024-2030) <https://www.maximizemarketresearch.com/market-report/predictive-emission-monitoring-systems-market/126726/>

58. Critical Raw Materials [https://single-market-economy.ec.europa.eu/sectors/raw-materials/areas-specific-interest/critical-raw-materials\\_en](https://single-market-economy.ec.europa.eu/sectors/raw-materials/areas-specific-interest/critical-raw-materials_en)

59. Innovations in Hydrometallurgy: Paving the Way for Sustainable Metal Extraction  
<https://www.linkedin.com/pulse/innovations-hydrometallurgy-paving-way-sustainable-metal-javad-badiei-rioac/>

60. Recycling technologies for critical raw materials from EoL products (IA) <https://www.horizon-europe.gouv.fr/recycling-technologies-critical-raw-materials-eol-products-ia-32467>

61. Applications of artificial intelligence in the field of air pollution: A bibliometric analysis <https://www.frontiersin.org/journals/public-health/articles/10.3389/fpubh.2022.933665/full>

62. Artificial Intelligence for Surface Water Quality Evaluation, Monitoring and Assessment <https://www.mdpi.com/2073-4441/15/22/3919>

63. Using artificial intelligence to reduce emissions <https://new.abb.com/control-systems/industry-specific-solutions/oil-gas-and-petrochemicals/using-artificial-intelligence-to-reduce-environmental-impact>

64. emissions.AI for complex facilities Link: [https://www.erm.com/service/digital-services/emissions-ai/?utm\\_source=google&utm\\_medium=cpc&utm\\_campaign=emissions\\_AI&gad\\_source=1&gclid=Cj0KCQjwudexBhDKARIIsAI-GWYXeVNvel\\_1WiTDu2TOYi6CFLjtvZRHPmhQB8X18babe05yqvWBg7waAtt7EALw\\_wcB](https://www.erm.com/service/digital-services/emissions-ai/?utm_source=google&utm_medium=cpc&utm_campaign=emissions_AI&gad_source=1&gclid=Cj0KCQjwudexBhDKARIIsAI-GWYXeVNvel_1WiTDu2TOYi6CFLjtvZRHPmhQB8X18babe05yqvWBg7waAtt7EALw_wcB)

65. UnifAI: Water Quality Monitoring <https://www.unifaitechnology.com/water-quality>

66. Alibaba – Emission Monitoring <https://www.alibaba.com/showroom/continuous-emission-monitoring.html>, [https://www.alibaba.com/product-detail/TR-9300-continuous-emission-monitoring-system\\_62044387366.html](https://www.alibaba.com/product-detail/TR-9300-continuous-emission-monitoring-system_62044387366.html)

67. US EPA- Continuous Emission Monitoring <https://www3.epa.gov/ttn/emc/meetnw/2007/cemsupd.pdf>

68. Predictive Emission Monitoring Systems (PEMS) <http://www.envirotech-online.com/article/air-monitoring/6/abb-ltd/predictive-or-continuous-a-guide-to-choosing-the-right-emissions-monitoring-solution/3094>

69. Predictive Emission Monitoring Systems Market: Global Industry Outlook and Forecast (2024-2030) <https://www.maximizemarketresearch.com/market-report/predictive-emission-monitoring-systems-market/126726/>

70. Globe Newswire <https://www.globenewswire.com/en/news-release/2022/08/04/2492572/0/en/Predictive-Emission-Monitoring-Systems-Market-Anticipated-to-Hit-USD-14-2-Billion-by-2030-at-a-CAGR-of-7-20-Report-by-Market-Research-Future-MRFR.html>

71. Precedence Research: Emission Monitoring Systems Market Report 2023-2032 <https://www.precedenceresearch.com/emission-monitoring-systems-market>

72. Chinese industrial air pollution emissions based on the continuous emission monitoring systems network [https://www.researchgate.net/publication/369439562\\_Chinese\\_](https://www.researchgate.net/publication/369439562_Chinese_)

i n d u s t r i a l  
air\_pollution\_emissions\_based\_on\_the\_continuous\_emission\_monitoring\_systems\_network

73. The Power of Machine Learning: How PEMS can Provide Value for Emissions Monitoring <https://www.i-en.eu/article/the-power-of-machine-learning-how-pems-can-provide-value-for-emissions-monitoring/>

74. [https://www.researchgate.net/publication/254532279\\_New\\_Method\\_to\\_Improve\\_On-site\\_Safety\\_with\\_IR\\_Gas\\_Cloud\\_Imaging\\_System](https://www.researchgate.net/publication/254532279_New_Method_to_Improve_On-site_Safety_with_IR_Gas_Cloud_Imaging_System)

75. [https://www.researchgate.net/publication/254532279\\_New\\_Method\\_to\\_Improve\\_On-site\\_Safety\\_with\\_IR\\_Gas\\_Cloud\\_Imaging\\_System](https://www.researchgate.net/publication/254532279_New_Method_to_Improve_On-site_Safety_with_IR_Gas_Cloud_Imaging_System)

76. Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау және су ресурстары министрінің 2014 жылғы 12 маусымдағы № 221-ө бұйрығы.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК